



КИСИ
Казхатанский институт
стратегических исследований
при Президенте
Республики Казахстан

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ

2022

АЛҒЫШАРТЫ, ХРОНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ



Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ – 2022: АЛҒЫШАРТЫ, ХРОНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Астана
2022

ӘОЖ 324 (574)
КБЖ 66.3 (5Каз)68
П67

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

А.С. Жолдыбалинаның редакциясымен

Ұжымдық монография

Редакциялық алқа:

А.С. Жолдыбалина (жалпы редакция), Ж.К. Кәрімова, Т.А. Липина, Қ.С. Сайлау,
Ж.М. Санхаева, А.Ж. Тастенов, Г.Қ. Тоқанова, Е.Б. Тоқтаров, А.Г. Үрпекова.

П67 «Президент сайлауы – 2022: алғышарты, хроникасы және қорытындылары»: ұжымдық монография // А.С. Жолдыбалинаның жалпы редакциясымен. – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ. – Астана, 2022. 144 бет.

ISBN 978-601-80917-4-2

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының кітабы 2022 жылғы Президент сайлауының негізгі алғышарттарына, барысы мен нәтижелеріне арналған. Кітап сайлауды саяси реформа бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырып, оны 2019 жылғы президентті сайлаумен салыстырады. Сайлау науқанының ұйымдастырылуы мен барысына талдау жасаумен қатар, қолданылатын сайлау технологияларына шолу жасалады. Сайлау барысында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулердің деректері келтіріліп, сайлау процесіндегі азаматтық қоғамның рөлі ашылады. Қорытындылай келе, авторлар сайлаудан кейінгі кезеңнің күтілімдері мен келешегі туралы өз пайымдауларын береді.

Кітап қалың бұқараға, сарапшыларға, ғалымдарға, мемлекеттік қызметкерлерге арналған.

ISBN 978-601-80917-4-2

ӘОЖ 324 (574)
КБЖ 66.3 (5Каз)68

© ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2022

«Президент сайлауы – 2022: алғышарты, хроникасы және қорытындылары» атты кітабы кезектен тыс президентті сайлауға жан-жақты талдау жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының бастамасымен дайындалды. Қарастырылып отырған электоралдық цикл әлемде бұрын-соңды болмаған геосаяси және макроэкономикалық ахуалда өткенімен ерекшеленеді. Сыртқы сын-қатерлер жағдайында сайлау циклін өткізу президентті сайлауды Қазақстанның ішкі саяси тұрақтылығының маңызды факторларының біріне айналдырды.

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына және Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Талдау және ақпарат орталығына берілген ақпарат үшін алғыс білдіреді.

МАЗМҰНЫ

ТҮЙІН	6
-------------	---

I. САЙЛАУ 2022: СЕБЕПТЕРІ, АЛҒЫШАРТТАРЫ, КОНТЕКСТІ

1.1 Саяси трансформация және конституциялық реформа.	8
1.2 Әлеуметтік-экономикалық контекст	15
1.3 Жаңа заңнамалық шарттар мен сайлау процедуралары	17

II. САЙЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ БАРЫСЫ

2.1 Айшықты оқиғалар	22
2.2 Сайлау науқанының ұйымдастыру жұмыстары	31

III. ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ПРОФИЛЬДЕРІ

3.1 Қ. Әбден.	36
3.2 Н. Әуесбаев.	40
3.3 Ж. Дайрабаев	45
3.4 М. Қажыкен	49
3.5 Қ. Тоқаев	55
3.6 С. Тұрсынбекова.	64

IV. САЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

4.1 Сайлауды ақпараттық қамтамасыз ету жұмыстары ..	68
4.2 Сайлауалды дебат	76
4.3 Медиа және интернет технологиялары	80

V. ХАЛЫҚТЫҢ ЭЛЕКТОРАЛДЫ БЕЛСЕНДІЛІГІ

- 5.1 Азаматтық қатысу және бақылау (байқаушылар) ... 88
- 5.2 Сайлауалды электоралды зерттеулер 98
- 5.3 Exit poll нәтижелері 105

VI. САЙЛАУ КҮНІ 112

VII. САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 7.1 Жалпы нәтижелер 117
- 7.2 Бұзушылықтар мен шағымдар 119
- 7.3 Халықаралық және жергілікті байқаушылардың бағалауы 121

VIII. САЙЛАУДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢ: КҮТІЛІМДЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР 123

ҚОСЫМША

- Президенттікке үміткерлердің сайлауалды штабтарының басшылары 129
- Үгіт-насихат материалдары 132

ТҮЙІН

1. 2022 жылы президентті сайлауды өткізуге әкелген алғышарттар: либералдық саяси реформаларды жүзеге асыру және мемлекет пен қоғамды дәйекті демократияландыру жолындағы саяси жүйені жүйелі түрлендіру, сондай-ақ әлемдік экономикадағы тұрақсыздық пен күрделі геосаяси жағдай салдарынан әлеуметтік-экономикалық күн тәртібін жаңарту.

2. 2022 жылғы сайлаудың ерекшеліктерінің бірі – оның жаңа құқықтық негізде өткізілуі. 2021 жылы сайлау заңнама-сына қабылданған түзетулер, 2022 жылғы референдум және конституциялық түзетулер, жаңа конституциялық заңдар-дың қабылдануы Президенттің өкілеттіктерін айтарлықтай қысқартатын жаңа саяси-құқықтық шындықтарды айқында-ды. Бұл Парламенттің ықпалы мен ашықтығына, Үкіметтің жа-уапкершілігіне әсер етеді.

3. Бұл тұрғыда 2022 жылғы сайлаудың маңыздылығын арттыратын бірқатар жаңашылдықтар көзге түседі: біррет-тік 7 жылдық президенттік мерзім; Конституциялық Соттың құрылуы, «бәріне қарсымын» деген бағанның қосылуы және т.б.

4. Жалпы, сайлау процесі әлемдік және халықаралық стандарттарға сай жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сайлау науқанының барысы бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді түрде көрсетілді. Үгіт-насихат жұмыстары аясында үміткерлердің әрқайсысы үшін БАҚ бірдей қолжетімді болды.

5. Президенттікке үміткерлер мен олардың сайлауалды штабтары түрлі сайлау технологияларын пайдалана отырып, белсенді үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, әлеуметтік желілер арқылы ақпарат таратуға үлкен көңіл бөлініп, үгіт-насихат жүргізудің дәстүрлі әдістері де өзектілігін сақтап қалды.

6. Азаматтардың сайлау процесіне, оның ішінде сайлауды бақылау және дауыс беру процесіне қатысуы айтарлықтай артты. Сайлаушылардың қатысу көрсеткіші (69,44%) халықтың сайлау процесіне қатысуы бойынша әлемдік үрдістерге (Франция 2022 ж. – 71,9%; Австрия 2022 ж. – 65,2%) сәйкес болды.

7. Сайлау күні заң бұзышылықтар байқалмады. Халықаралық бақылаушылар да сайлауға дайындықтың және оны ұйымдастырудың жоғары деңгейін, қазақстандық қоғамның саяси белсенділігін атап өтті.

I. САЙЛАУ-2022: СЕБЕПТЕРІ, АЛҒЫШАРТТАРЫ, КОНТЕКСТІ

1.1 Саяси трансформация және конституциялық реформа

2019 жылдан бастап Президент Қ.К. Тоқаев елде кешенді жүйелі саяси реформаларды бастады. Атап айтсақ, 2019 жылдың желтоқсан айында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында Қ.К. Тоқаев азаматтардың саяси белсенділігін арттыруға бағытталған саяси реформалар пакетін жариялады.

Кейін митинг өткізудің алдын ала хабарлау принципі заңнамалық деңгейде бекітіліп, партияларды тіркеу үшін мүшелер саны 40 мыңнан 20 мыңға қысқартылды. Партиялардың Мәжіліске кіруі үшін сайлау шегі 5%-ға дейін төмендетіліп, сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды.

2019 жылғы президент сайлауынан кейін басталған саяси

реформалар бүгін де жалғасын табуда.

2021 жылы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 24 мамырдағы №41-VII ҚРЗ Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы сайлау заңнамасына елеулі өзгерістер енгізді.

Ал президентті сайлауға қатысты жаңашылдық – 2004 жылы күші жойылған «бәріне қарсымын» деген бағанды қайтару («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 14 сәуірдегі № 545 Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы).

«Бәріне қарсымын» бағаны Франция, Бразилия, Канада, Испания, АҚШ (кейбір штаттар), Үндістан, Мексика және т.б. елдердің заңнамасында қарастырылған және балама наразылық дауыс беру нысандарының біріне жатады.

Дауыс берудің осыған ұқсас түрлеріне бос немесе бүлінген бюллетеньдер, сондай-ақ сайлаушы дауыс беретін үміткерді («write in candidate») немесе партияны өзі жазу мүмкіндігі бар бос (бланкеттік) бюллетень жатады. Жалпы, осындай ұйымдас-тырушылық-құқықтық нұсқалар сайлаушылардың саяси қалауын білдіру аясын кеңейтіп, халықтың сайлауға деген сенімінің дәрежесін арттырады деген пікір бар. Тиісінше, олар сайлауға қатысуды арттырып, саяси санасы бар, бірақ көрсетілген нұсқалармен келіспейтін азаматтарға өздерінің саяси ерік-жігерін білдіруге мүмкіндік береді.

Саяси реформаларды, оның ішінде конституциялық өзгерістерді жеделдету үшін мемлекет пен қоғамдағы бірқатар жүйелі проблемаларды анықтаған 2022 жылғы қаңтар оқиғасы да әсер етті. Бұл өз кезегінде жаңа заңдардың қабылдануына және жаңа сайлау циклінің басталуына ықпал етті.

2022 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына екі рет – 16 наурызда және 1 қыркүйекте – Жолдау жариялады. Олардың аясында мемлекеттің жаңаруы, саяси жаңғырту және одан әрі демократияландыру сияқты негізгі бағыттар айқындалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты наурыз айындағы Жолдауында қоғамда кең пікірталас тудырған конституциялық реформаның негізгі бағыттарын айқындап берді.

Конституциялық түзетулерді әзірлеу

29 наурызда Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі Жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобы бір ай бойы саяси жүйені ырықтандыруға бағытталған конституциялық түзетулер пакетін әзірледі. Ата Заңның 33 бабына 56 түзету ұсынылды.

Конституциялық өзгерістер ғылыми және сарапшылық қоғамдастықта белсенді талқылаумен қатар жүрді. Сөйтіп, 27 сәуірде академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде «Сарап» сарапшылар клубының «Екінші Республика: конституциялық реформалар» тақырыбында отырысы өтті¹.

Отырысқа мемлекеттік органдардың өкілдері, саясаттанушылар, заңгерлер, қоғам қайраткерлері, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің оқытушылары мен студенттері қатысты. Сарапшылар енгізілетін түзетулер Қазақстанның мемлекеттік институттар арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа моделіне көшуін және жаңа саяси мәдениетті нығайтуға әсер ететінін атап өтті.

¹ «Екінші республика» термині нені білдіреді? – сараптамалық талқылау Қарағандыда өтті <https://ruh.kz/ru/2022/04/27/что-podrazumevaetsia-pod-poniatiem-vtoraia-respublika-ekspertnoe-obsujdenie-proshlo-v-karagande/>

5 мамырда Мемлекеттік хатшы Ерлан Қаринның қатысуымен «Конституция-2022: Екінші Республиканың негізі» сарапшылық пікірталасы өтті². Талқылауға Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері, саясаттанушылар мен заңгерлер қатысты.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің (ҰҚСК) мүшелері мен саясаттанушылар Конституцияға енгізілетін түзетулер пакетін қолдады. Талқылау барысында аталған пакетті әзірлеу кезінде ҰҚСК мүшелерінің ұсыныстары ескерілгені атап өтілді.

Республикалық референдум

29 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) сессиясында Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша референдум өткізуді ұсынды.

6 мамырда түзетулердің қорытынды жобасы БАҚ-та жарияланып, халық дауыс беруге шақырылды.

Түзетулерге сәйкес, Қазақстан суперпрезиденттік басқару түрінен Парламенті мықты президенттік басқару түріне өтеді; Президенттің жақын туыстарының мемлекеттік саяси қызметке, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ; Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылып, сайлаушылардың өтініші бойынша депутатты кері шақырып алуға мүмкіндік беретін мажоритарлық жүйе енгізіледі; Сенаттағы президенттік квота қысқартылып, Мәжілістегі ҚХА квотасы жойылды; Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылды.

5 маусымда республикалық референдум өтті. Бюллетеньде бір ғана сұрақ болды: «Сіз «Қазақстан Республикасының

² Мемлекеттік хатшы сарапшылармен конституциялық реформаны талқылады <https://www.akorda.kz/ru/gosudarstvennyy-sekretar-obsudil-s-ekspertami-konstitucionnuyu-reformu-543721>

Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?».

Нәтижесінде азаматтардың 77,18% түзетулерді қолдап, 18,66% қарсы дауыс берді. Дауыс бергендердің саны – 68,05% немесе 7 986 293 адам. Осылайша, халық Мемлекет басшысына және оның саяси бағытына жоғары сенім білдірді.

2022 жылғы референдумның қорытындысы бойынша мемлекеттік басқаруды демократияландыруға бағытталған түзетулер қабылданды («Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 06.08.2022 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы). Биліктің айқын монополиясыздандыруымен қоғамдық келісімді қайта қарау келесі нәтижелерге әкелді:

1. Суперпрезиденттік басқарудан Парламенті мықты президенттік басқару үлгісіне көшу. Мемлекет басшысының қызметіне қатысты көптеген мақалалар редакцияланды (42, 43, 44, 50, 53, 54, 55, 61, 71, 82, 87, 88-баптар).

2. Президенттің жақын туыстарына мемлекеттік саяси қызметте жұмыс істеуге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға тыйым салу (43-бап).

3. Сенаттағы президенттік квотаны қысқарту (50-бап).

4. ҚР Тұңғыш Президентінің ерекше рөлі туралы алып тастау (91-бап).

5. Әкімдерді сайлау енгізу (87-бап).

6. Конституциялық Кеңестің орнына Конституциялық Сот енгізу (4-бап).

7. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі мен өкілеттіктерін күшейту арқылы адам құқықтары институтын нығайту (55, 72-баптар, VII бөлім, 83-1-бап).

8. Мәжіліс депутаттарын аралас сайлау жүйесімен сайлау

және ҚХА квотасын жою (50, 51-баптар).

9. Мәжілістің өкілеттігін күшейту (61, 62-баптар).

Бұл заңнамалық өзгерістер Қазақстанда тежемелік және тепе-теңдік жүйені жетілдіруге, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ биліктің заң шығарушы тармағының рөлін айтарлықтай күшейтуге бағытталған.

Сарапшылар пікірі

Конституциялық өзгерістер, оның ішінде президент институтының трансформациясы сарапшылар қауымы тарапынан кеңінен қолдау тапты.

Қолданбалы этносоциологиялық зерттеулер институтының директоры **Талғат Қалиевтың** айтуы бойынша, *«Алдымен қазіргі және барлық болашақ президенттердің өкілеттіктерін айтарлықтай шектеу арқылы суперпрезиденттік республикадан президенттік республикаға кешенді көшу маңызды. Бұл тұрғыда саяси мәдениеттің жаңа қағидаттары туралы айтылып жатыр, яғни жемқорлықтың барлық тұстарын жойып, тіпті жемқорлық туралы ой болмайтындай жасау керек. Еліміздің ең жоғары лауазымды тұлғасы өзінен бастаса, бұл өзгелерге де үлгі болады. Бұл – мемлекеттік биліктің барлық тармақтарына қатысты жаңа ашықтық деңгейі»³.*

Заң ғылымдарының докторы, Қазақстанның белгілі заңгері **Сергей Ударцевтің** пікірінше, *«Конституциялық реформада көзделген билікті бөлу жүйесін түзету, адам құқықтарын қорғау тетіктерін нығайту, демократияландыру мен саясаттағы және экономикадағы монополияларды шектеу жолындағы жаңа қадамдар, Конституциялық Сот пен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институттарының Конституцияға енгізілуі – мұның бәрі мықты құқықтық және демокра-*

³ Саяси мәдениеттің жаңа принциптері. Саясаттанушылар Конституцияға енгізілетін өзгерістер туралы пікірлерімен бөлісті https://baignews.kz/rech_idyet_o_novykh_printsipakh_politicheskoy_kultury-politologi_o_popravkakh_v_konstitutsiyu_rk_131101/

тиялық мемлекет қалыптастыру жолындағы реформалардың одан әрі ілгерілеуінің айғағы»⁴.

«Альтернатива» заманауи зерттеулер орталығының директоры, саясаттанушы **Андрей Чеботарев** «Қазақстан Президентінің бір мерзімдік өкілеттігін енгізу - Қазақстанның саяси жүйесін реформалау үдерісіндегі келесі қадам» деп атап өтті⁵.

Саясаттанушы **Эдуард Полетаев** «Ашық және сындарлы пікірталастар аясында президенттік өкілеттіктің жалпы мерзімін қысқарту сияқты серпінді шешімдерді қабылдау – қоғамды дәйекті демократияландыру мен реформаларды жүзеге асыру үшін оң әсер етеді» деп жазды⁶.

Саясаттану ғылымдарының докторы, Қазақстан саясаттанушылар қауымдастығының мүшесі **Әділ Жүнісов** «Өткен референдум ел дамуының траекториясын ұсынды. Біз оған еруіміз керек. Конституцияға өзгерістер енгізілгеннен кейін президентті сайлау өткізу қажет. Еліміздің бүкіл тарихында алты сайлау өтсе, оның төртеуі – кезектен тыс. Таңғаларлық ештеңе жоқ - бұл қалыпты құбылыс, эволюциялық даму»⁷.

Жалпы алғанда, конституциялық реформа соңғы үш жылдағы саяси реформаларды шоғырландырды. Либералдық реформалардың қисынды жалғасы болып, саяси жүйені қайта жаңғыртудың негізін қалады. Бұл өз кезегінде жаңа сайлау циклін бастауды талап етті.

⁴ Қазақстандағы жаңа конституциялық реформаның ерекшеліктерін сарапшы талдады <https://kazpravda.kz/n/osobennosti-novoy-konstitutsionnoy-reformy-v-kazahstane-razobral-ekspert/>

⁵ Саясат - мүмкін болатын өнер <https://kazpravda.kz/n/politika-iskusstvo-vozmozhnogo/>

⁶ Қазақстан Президентінің бір реттік қызмет етуі биліктің бір қолға шоғырлануына кедергі – саясаттанушылар

⁷ «Жеті жылдық президенттік мерзім негізгі экономикалық мәселелерді шешу үшін қажет»: алматылық сарапшы <https://newtimes.kz/politika/157796-semiletnij-srok-prezidentstva-eto-to-cto-nuzhno-dlya-resheniya-klyuchevyh-ekonomicheskikh-zadach-almatinskij-ekspert>

1.2 Әлеуметтік-экономикалық контекст

Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасы жаһандық және ішкі сын-қатерлердің ықпалында. Бұл мемлекеттен жедел және тиімді шараларды талап етеді.

Біріншіден, дамыған және дамушы елдердің экономикасы сияқты Қазақстанның экономикасы да пандемия салдарынан әлі айыға қойған жоқ. Халықаралық еңбек ұйымының бағалауы бойынша, әлемдегі жұмысшылардың 93%-і карантиннің ең қиын кезеңінде олардың әл-ауқатына әсер еткен шектеулерді бастан кешірді. Әлемдік еңбек нарығындағы шығын 255 миллион жұмыс орнын құрады. Ең осал қызмет көрсету салаларының қызметкерлері – бейресми жұмысшылар және жастар.

Екіншіден, геосаяси шиеленіс салдарынан сауда-экономикалық байланыстардың үзілуі және азық-түлік бағасының тез өсуі әлемдік экономикадағы белгісіздікті айтарлықтай арттырды. Осылайша, Қазақстанның ірі сауда серіктесі – Ресей Федерациясының экономикасы 2022 жылдың екінші тоқсанында 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,1%-ға төмендеді. Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша, жаһандық ЖІӨ өсімі 2 есе бәсеңдеп, 2022 жылы небәрі 3,2%-ды құрайды. Жаһандық өсім 2023 жылы 2,9%-ға дейін баяулайды деп күтілуде. Жаһандық инфляция шамамен екі есе артып, 2022 жылдың соңына қарай 8,8%-ға жетеді. Қазақстанда 2022 жылдың қазан айында жылдық инфляция 18,8%-дан асты. Рецессия қауіпі 2023 жылы төнуі мүмкін. Келесі жылы әлемдегі ең ірі экономикалардың кейбірінде күтілетін өсімнің төмендеуі және пандемия кезінде жинақталған жинақ қорының қысқаруы – бұған бірден-бір себеп. Осыған байланысты республикадағы экономикалық көрсеткіштердің төмендеуі еліміз экспорттайтын шикізатқа сұраныстың төмендеуінің жаһандық үрдісімен байланысты болуы мүмкін.

Үшіншіден, жоғарыда аталған себептерге байланысты елімізде әлеуметтік-экономикалық салада өзекті жүйелі проблемалар жинақталған. Шикізатқа тәуелділік, еңбек өнімділігінің төмендігі, инновациялық дамудың төмен деңгейі – осының бәрі елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы мен азаматтардың әл-ауқатының өсуіне кедергі келтіреді. Әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа парадигмасын әзірлеуде экономиканы әртараптандыру мен қайта индустрияландыру, монополиясыздандыру мен деолигархизациялау мәселелерін жүйелі түрде шешу қажеттілігі туындады.

Елдің ішкі саяси тұрақтылығына қауіп төндіретін табыс теңсіздігінің артуы айтарлықтай өзекті. Соңғы 2 жылда табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 5,1%-ға дейін өсті. Қоғамның әл-ауқатын өлшейтін Әлеуметтік прогресс индексіне сәйкес, Қазақстан әлемдегі 169 елдің ішінде 69-шы орында тұр.

Демек, қазақстандық қоғамда және мемлекеттік институттарда әлеуметтік-экономикалық шұғыл реформалардың қажеттілігі туындады. Бұл жағдайда экономикалық саясаттың негізгі мақсаты халықтың табысын сапалы түрде арттыру болуы тиіс. Тұрақты жұмыс орындарын құруға және елдің барлық азаматтары игілігін көретін инклюзивті экономикалық өсуге тек жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті экономика кепілдік бере алады. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту жеке бастаманы дамытуға және ұлттық байлықты әділ бөлуге бағытталуы тиіс.

Сонымен қатар саяси жүйені өзгертпей, әлеуметтік-экономикалық реформалар тиімді болмайды. Қоғамдық өмірдегі реформаларды табысты жүзеге асыру үшін құқықтық және институционалдық негіздеме саяси жаңғырту арқылы құрылады. Тек күшті саяси институттар ғана жоғары сапалы экономикалық өсуге ықпал етеді.

1.3 Жаңа заңнамалық шарттар мен сайлау процедуралары

2021 жылы басталған және 2022 жылы белсенді әлеуметтік сұраныспен үдейе түскен заңнамалық өзгерістер ниеті аясында ағымдағы Президент сайлауы жаңа саяси-құқықтық кеңістікте өтті. Бұл өзгерістерді жалпылай алатын болсақ, олар сайлау бағытына, сайлау процесіне, сондай-ақ билік тармақтарының өкілеттіктерін қайта бөлуге әсер етті.

Бүгінде Қазақстан Президентін сайлауды заңнамалық реттеу Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясынан кейін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңымен айқындалған.

Орталық сайлау комиссиясының қызметі «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы № 3205 Жарлығымен реттеледі.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап сайлауға қатысты жаңа баптар күшіне енеді. Олардың ішінде президентті сайлауға келесі жаңашылдықтар әсер етеді:

1. Сайлауды дайындау мен өткізудегі шетелдік араласуға тыйым салу. Бұл шектеу кез келген шетелдік заңды және жеке тұлға қаржыландыратын ұйымның қызметкері сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайтынын белгілейді. Сонымен қатар осы тұрғыда заңға тәуелді актілерде бұл мәселені нақты түсіндіру және одан әрі ашу үшін айтарлықтай әлеует бар. Бұл азаматтық сектордағы көптеген ұйымдардың әртүрлі қызмет түрлері мен бастамалары үшін шетелдік қорлардан немесе бірлестіктерден қаржыландыру алғанымен байланысты. Сайлау комиссиялары қызметінің ашықтығы үшін, барын-

ша объективті өкілдік ету үшін осындай қаржыландырудың мерзімділігін, мақсаттарын және ескіру мерзімін нақтылау орынды болар.

2. Сондай-ақ кез келген аккредиттелген қоғамдық бірлестіктің мүшесі болған тұлғалар Қазақстан азаматы болуы керек.

Жаңғырту үрдісі **2022 жылдың қыркүйегінде президенттік мерзімге конституциялық түзету енгізумен жалғасты.** «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 17 қыркүйектегі № 142-VII ҚР Заңына сәйкес Президент өкілеттігінің жетіжылдық бір мерзімі енгізілді.

Бұл норма ел бірлігі мен аумақтық тұтастығы, Қазақстан Республикасының негізгі қағидаттары мен оның басқару нысанымен қатар Конституцияның өзгермейтін баптарының тізіміне (91-бап) енді.

Сарапшылардың бағалауы бойынша бұл заңнамалық жаңалық билікті монополиялау мүмкіндігін айтарлықтай азайтып, саяси басқарудың болжамдылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының директоры, саясаттанушы **Талғат Қалиев** бір мерзімді өкілеттік туралы былай деп жазды: *«Бұл екі түрлі интерпретацияға жол бермейтін прогрессивті норма, яғни бір адам президенттік өкілеттігін 7 жылда бір рет қана атқара алады. Сондықтан болашақта біреу осы ережені қайта қарағысы келсе, олар өздерінің өкілеттіктерін кеңейту әрекетінен басқа ешқандай негіздеме таба алмайды».* Ол жетіжылдық мерзім туралы айта отырып, *«сайланған президент бастаған бағдарламалар мен жобаларды толық жүзеге асыру үшін бір мерзімді бесжылдық өкілеттік жеткіліксіз»* екенін атап өтеді. *«Реформалар*

жетіжылдық мерзім аясында тезірек жүзеге асырылады»⁸.

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі, заңгер **Индира Әубәкірова**: «Елдегі ең жоғары лауазымды иеленуге қойылған шектеуді сақтау – іс жүзінде мемлекеттік және азаматтық қоғамның кемелденуі жолындағы басты сынағы... ҚР Конституциясында белгіленген Президент өкілеттігін бір мерзіммен шектеу – айқын демократиялық нормативтік мазмұнға ие. Мұның бәрі биліктің монополиялану қауірін азайтуға бағытталған және билікті өзгерту механизмін өміршең етуге арналған. Ұзақ мерзімді перспективада қайта сайлауға тыйым салуды белгілеу конституционализм мен конституциялық мәдениетті дамытады. Биліктің бір басшыдан екіншісіне бейбіт демократиялық жолмен ауысуын қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл конституциялық новелла бүкіл қазақ халқының мүддесі үшін қабылданған ішкі және геосаяси жағдайлар мен факторлардың жиынтығын ескереді»⁹.

Саясаттанушы **Данияр Әшімбаевтың** айтуынша, «бір мерзімді өкілеттік келесі сайлаулардың алдын ала шешілуіне әкелмейді. Бұл тұрғыда оппозицияның дайындалып үлгеруіне уақыты болады... Мемлекеттік жоспарлау бесжылдық мерзімге көзделгенін ескере отырып, жетіжылдық мерзім саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету мәселелерімен айналысуға мол мүмкіндік береді»¹⁰.

Адам құқықтарын сақтау контекстіндегі құқықтық бағаны Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының экс-судья-

⁸ Шешуші әрекет уақыты <https://kazpravda.kz/n/vremya-reshitelnyh-deystviy-ol/>

⁹ Қазақстандағы конституциялық реформа контекстіндегі президенттік институт <https://kazpravda.kz/n/institut-prezidentstva-v-kontekste-konstitutsionnoy-reformy-v-kazahstane/>

¹⁰ Herizgi Zaңға өзгерістер енгізу туралы <https://nomad.su/?a=3-202209190035>

сы, заңгер **Сергей Ударцев** берді. Ол президенттік қызметтің осылайша мерзіммен шектелуі адам құқығын бұзбайтынын мәлімдеді¹¹.

Еуразиялық интеграция институтының директоры, саясаттанушы **Оразғали Селтеев** жетіжылдық бір мерзімді өкілеттік мәселесі суперпрезиденттік биліктен бас тарту бағытының қатарында екенін айтады. Оның пікірінше, бұл реформа *«бір қолға супер-өкілеттіктердің шоғырлануына жол бермеу, автократиядан демократиялық дамуға концептуалды көшуді белгілейді»*¹².

Сондай-ақ бірқатар сарапшылар бағалауда сақтық танытумен қатар, мұндай жаңашылдықтардың жоғары маңыздылығын атап көрсетеді.

Орталық Азиялық демократияны дамыту қорының директоры **Толғанай Үмбеталиева**: *«Әзірге Қазақстанда бір мерзімді жетіжылдық президенттік билік қалай жүзеге асатынын айту қиын. Себебі бұл біздің алғашқы тәжірибеміз. Әрине, Қазақстан үшін бұл елеулі әрі маңызды кезең. Біз нақты реформаларды күтеміз. Олар айтылса да, бағытты анықтайтын біртұтас стратегия әлі қалыптаспаған. Оның қалыптасуы үшін біраз уақыт қажет болуы мүмкін»*¹³.

2022 жылғы 20 қарашада президент сайлауының өтуі Қазақстанның алдағы 7 жылдағы саяси даму панорамасын айқындайды. Елдің қазіргі президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бұл сайлау *«барлық саяси жүйені түбегейлі жаңғы-*

¹¹ Қазақстан Президентінің өкілеттігін шектеу адам құқығын бұзбайды - сарапшы <https://www.zakon.kz/6024890-ogranichenie-sroka-polnomochii-prezidenta-narushaet-prav-cheloveka-ekspert.html>

¹² Саясаттанушы Селтеев: парламенттің күшеюі болашақта парламенттік республикаға өту мүмкіндігін білдірмейді: <https://www.zakon.kz/6024890-ogranichenie-sroka-polnomochii-prezidenta-narushaet-prav-cheloveka-ekspert.html>

¹³ Қазақстандағы біртұтас президенттік: пайдасы мен тәуекелдері <https://www.caravan.kz/news/odnokratnoe-prezidentstvo-v-kazakhstane-preimushhestva-i-riski-877196/>

руына әкелетін сайлау циклін бастады».

Осы мақсатта конституциялық деңгейде сайлау және билік векторлары бойынша жаңа жағдайлар мен рәсімдер жасалды. Бұл өзгерістердің бірінші кезеңі 2021 жылы белсенді басталса, екінші кезеңі 2022 жылы енгізілсе, ендігі кезеңі 2023 жылдың қаңтарында күшіне енеді. Бұл инновациялар елдің саяси өмірінің барлық салаларының қатысуымен демократияландыру бағытында кейінгі заңнаманы жетілдірудің әлеуетін көрсетті.

Кезектен тыс президенттік және парламенттік сайлау өткізу – елдің бүкіл саяси жүйесін қайта іске қосып, мемлекеттің күш-жігерін әлеуметтік-экономикалық күн тәртібін жаңартуға жұмылдыру тәсілі. Сонымен қатар бұл азаматтардың болашақ күн тәртібін қалыптастыруға қатысу үшін жасалған мүмкіндік. 2022 жылғы президенттікке үміткерлердің экономикалық платформалары сайлаушылардың қолдау деңгейін түсінуге мүмкіндік берді. Ұсынылып отырған жаңа құралдар мен тетіктер еліміздің жаңа экономикалық саясатына енгізілді.

Осылайша, алдымен жаңартылған саяси модель, одан кейін әлеуметтік-экономикалық модель Қазақстанның тұрақты дамуын, сыртқы және ішкі сын-қатерлерге төтеп беру қабілетін қамтамасыз етеді.

II. САЙЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ БАРЫСЫ

2.1. Айшықты оқиғалар

Сайлау науқаны – әлеуетті электоратты тартуға бағытталған жарнамалық іс-шаралар жүйесі. Қоғамдық бірлестіктер ұсынған президенттікке үміткерлер ортақ әлеуметтік-экономикалық күн тәртібін ұстанды. Олар өздерінің үгіт-насихат жұмыстарының аясында сайлаушылардың барынша қолдауын қамтамасыз етуге тырысты. Осылайша, сайлау науқаны кезінде олар дәстүрлі және заманауи сайлау технологияларын пайдаланды.

Ағымдағы сайлау науқанының ерекшелігі - маусымдағы референдум қорытындысы бойынша биліктің жеткілікті жоғары рейтингі, сондай-ақ Қазақстан тарихында тұңғыш рет Мемлекет басшысы лауазымына екі әйел үміткердің ниет білдіруі. Сондай-ақ 2022 жылдың 5 қыркүйегінде Қазақстанның Демократиялық күштерінің коалициясы құрылғанын жариялаған бірқатар оппозициялық саясаткерлер мен азаматтық белсенділер бір ғана үміткерді ұсыну туралы шешім

қабылдай алмағандықтан, кезектен тыс президентті сайлауға қатысудан бас тартқанын айта кеткен жөн.

Жалпы Қазақстанда кезектен тыс президентті сайлау өткізу туралы шешім қоғамның саяси жүйесін жаңғырту жөніндегі жұмысты айтарлықтай жеделдету мен жандандыруды талап ететін жаңа стратегияға сәйкес негізгі мемлекеттік институттарды кешенді қайта құру қажеттілігін ескере отырып қабылданды. Осыған байланысты кезектен тыс сайлау өткізу туралы шешім толығымен қисынды қадам ретінде көрінді. Бұл болашақ сайлау науқандарының кестесін өзгертуге әсер етпей қоймады.

Сайлау науқанының негізгі кезеңдері

21 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

2022 жылғы 22 қыркүйекте ҚР ОСК 2022 жылғы 20 қарашаға белгіленген Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы қаулы қабылдады.

ҚР ОСК жоспарына сәйкес сайлау науқаны үш негізгі кезеңнен тұрды:

Бірінші кезең – Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткерлерді ұсыну, 2022 жылғы 23 қыркүйекте ресми басталып, 2022 жылғы 11 қазанда сағат 18:00-де аяқталды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 55-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткерлер ұсыну құқығы белгіленген тәртіппен тіркелген республикалық қоғамдық бірлестіктерге тиесілі.

Үміткерлердің қолдауы облыстардың, республикалық

маңызы бар қалалардың (Алматы және Шымкент) және елорданың кемінде үштен екі бөлігінен тұратын, сайлаушылардың кемінде 1%-ы қол қойылған құжаттарымен расталуы тиіс.

2022 жылғы 1 маусымға жағдай бойынша Қазақстан Республикасы сайлаушылар тізіліміне 11 827 277 азамат енгізілген. Әрбір үміткерді қолдау үшін 118 273 сайлаушының расталған қолын жинау қажет болды.

ҚР Президенттігіне үміткерлерге Конституцияның және «ҚР Сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптары:

- тууы бойынша азаматтығы;
- жасы 40 жастан кем болуы;
- мемлекеттік тілді еркін меңгеруі;
- соңғы 15 жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында тұруы;
- жоғарғы білімі;
- белсенді сайлау құқығының болуы;
- мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы;

ҚР Президенттігіне үміткер бола алмайды:

- заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;
- сот сыбайлас жемқорлық қылмысын және сыбайлас жемқорлық заң бұзушылығын жасағаны үшін кінәсін заңда белгіленген тәртіппен танылған адам.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткердің сәйкестігін анықтауды республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы отырысының үміткерді ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірме ұсынылған сәттен бастап 5 күн ішінде үміткердің сайлауға түсуге келісімі туралы өтінішімен және үміткердің сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжатпен бірге ҚР ОСК жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткер ҚР ОСК шотына заңда белгіленген ең төменгі жалақының елу

еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын төлейді.

Сайлау жарнасын үміткер (немесе уәкілетті тұлға) ҚР ОСК-ның № KZ940705016900001002 (Қазынашылық департаментінде) уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шотына (ҚБШ) 3 000 000 теңге (60 000x50 ЕТЖ) көлемінде төлейді.

Сайлау қорытындылары бойынша үміткер Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланған жағдайда немесе дауыс беру қорытындылары бойынша үміткер сайлаушылар дауысының кемінде 5%-ын алған жағдайда, сондай-ақ үміткер қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна үміткерге қайтарылады. Қалған барлық жағдайларда енгізілген жарна қайтарымсыз болып, республикалық бюджет кірісіне аударылады.

Ұсыну кезеңінде ҚР ОСК Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына үміткерлерден 15 өтініш келіп түсті. Оның ішінде өзін-өзі ұсынған 3 өтініш бар, Польша азаматшасы Балли Мажец (Балжан Наурызбаева) және Қазақстанның екі азаматы Фабрый Антон мен Жұмағұлов Омар. Олардың өтініштері «ҚР Сайлау туралы» Конституциялық заңының 55-бабының 1-тармағына сәйкес келмегеніне байланысты қабылданбады.

Нәтижесінде түрлі қоғамдық бірлестіктер ұсынған 12 үміткердің құжаттары ҚР ОСК ұсынылды. Олардың ішінде:

Кесте 1. Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына үміткер ретінде тіркелуге өтініш берген үміткерлердің тізімі

№	Үміткердің аты-жөні	Туған күні	Мамандығы	Ұйымы	Өтініш беру күні
1	Қажыкен Мейрам Зекешұлы	05.04.1961	«Заманауи қоғамды зерттеу институты» ЖШС директоры	«Аманат» республикалық кәсіподақтар бірлестігі	04.10.22

2	Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы	29.10.1954	«Атамекен» ҰКП Президиумы Агроөнеркәсіптік кешен комитетінің төрағасы, Қазақстан фермерлері қауымдастығының басқарма төрағасы	«Ауыл» халықтық- демократиялық патриоттық партиясы	05.10.22
3	Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы	17.05.1953	Қазақстанның қазіргі Президенті	Қоғамдық-саяси күштердің халықтық коалициясы	22.10.07
4	Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлы	17.05.1957	Жалпыұлттық социал-демократия- лық партиясының (ОСДП) астаналық филиалының төрағасы	Жалпыұлттық социал-демокра- тиялық партиясы (ОСДП)	22.10.07
5	Әлтаев Нұржан Бауыржанұлы	13.10.1978	«Ел тірегі» партиясын құру жөніндегі бастамашыл топтың жетекшісі	«Мұқалмас» республикалық қоғамдық бірлестігі	22.10.07
6	Әбден Қарақат Жақсылыққызы	07.05.1974	«Қазақ қызы» ҚБ төрағасы, «Асыл бөбек» Астана қаласының жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдары қауымдастығының төрағасы	«Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» республикалық қоғамдық бірлестігі	22.08.10
7	Ерғалиев Талғат Файзуллиұлы	15.07.1966	«Қазақстан құрылысшылар одағы» заңды тұлғалардың республикалық бірлестігінің басшысы	«Қазақстан құрылысшылар одағы» заңды тұлғалардың республикалық бірлестігі	10.10.22

8	Әлиев Жұматай Әлиұлы	20.06.1952	Философия ғылым- дарының докторы, профессор, ҚР АСН корреспондент- мүшесі, МАИ академигі	«Халық демографиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі	10.10.22
9	Тұрсынбекова Салтанат Пархатқызы	05.09.1966	Астана қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Тұрмыстық зорлық-зомбы- лықсыз Қазақстан» жобасының жетекшісі	«Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігі	11.10.22
10	Ғабжалилов Хайролла Мұғавияұлы	24.09. 1950	«Алаш» тарихи зерттеу орталығының президенті	«Асар» оралмандар қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігі	11.10.22
11	Жаңабаев Бақыт Маратұлы	1976 жылы туған	ҚР Қаржы министр- лігі Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкері	«Футбол әуескерлерінің қазақстандық лигасы» республикалық қоғамдық бірлестігі	11.10.22
12	Бизақова Фатима	1967 жылы туған	«Практикалық психология» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы	«Тәжірибелік психология» республикалық қоғамдық бірлестігі	11.10.22

Заңнамаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына үміткер ретінде тіркелу үшін барлық үміткерлер мемлекеттік тілді білу деңгейін тексеру үшін емтихан тапсыруға міндетті.

Емтихан үш бөлімнен тұрады: берілген тақырып бойынша эссе, классикалық қазақ әдебиетінен үзінді оқу және

таңдалған тақырып бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеу. Емтиханды кәсіби филологтар мен тіл мамандардан тұратын лингвистикалық комиссия қабылдайды. Емтиханға ҚР ОСК мүшесі де қатысады.

Мемлекеттік тілден емтиханды қайта тапсыру қажеттілігінен босатылған қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына үміткерлердің барлығы мемлекеттік тілден емтихан сәтті тапсырды.

Осылайша, бұрынғы президентті сайлауға қарағанда қазіргі үміткерлер толық құрамда мемлекеттік тілден емтихан тапсыра алды.

Екінші кезең – тіркеу. Ұсынылған 12 үміткерден 6 адам Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына үміткерлердің сәйкестігін анықтау рәсімінен өтті. Қалған 6 үміткер түрлі себептермен тіркеу кезеңінен өте алмады.

2022 жылдың 12 қазанында қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенттігіне бірінші үміткер ретінде тіркелді. 2022 жылғы 15 қазанда Мейрам Қажыкен Қазақстан Республикасының Президенттігіне екінші үміткер ретінде тіркелді. 2022 жылғы 17 қазанда Жигули Дайрабаев іріктеуден өтсе, Қарақат Әбден бұл рәсімнен 2022 жылғы 19 қазанда өтті. Нұрлан Әуесбаев пен Салтанат Тұрсынбекова 2022 жылдың 20 қазанында тіркеуден өтті.

ҚР ОСК Бақыт Жаңабаев, Жұматай Әлиев, Хайролла Ғабжалилов, Талғат Ерғалиев, Нұржан Әлтаев, Фатима Бизақованың кандидатураларын сайлау заңнамасының талаптарына сай емес деп таныды.

Бақыт Жаңабаев қажетті қолдау көрсеткішін жинай алмады. Оны қолдап жиналған 58 889 қолдың тек 4 054-і ғана шынайы болып шықты. Нәтижесінде ҚР ОСК Бақыт Жаңабаев-

ты тіркеуден бас тартты.

Жұматай Әлиев те қажетті қолдау көрсеткішін жинай алмады. Оны қолдап жиналған 187 723 қолдың тек 36 776 қолы ғана шынайы болып шықты. Сонымен қатар денсаулық проблемалары туындағандықтан ҚР ОСК оның медициналық анықтамасын қабылдамады.

Хайролла Ғабжалиловты, Талғат Ерғалиевты, Фатима Бизақованы мемлекеттік қызметте немесе сайланған органдарда қажетті еңбек өтілінің болмауына байланысты ҚР ОСК Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткер ретінде тіркеуден бас тартты. Хайролла Ғабжалилов пен Талғат Ерғалиевқа қатысты сайлау заңнамасының талаптарына басқа да бірқатар сәйкессіздіктерді атап өту керек: біріншісі «тууы бойынша емес» ел азаматы болса, екіншісін «Қазақстан құрылысшылар одағы» Республикалық заңды тұлғалар қауымдастығы ұсынған. Бұл ұйым «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 55-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес келмейді (оған сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына үміткер ұсыну құқығы республикалық қоғамдық бірлестіктерге тиесілі).

Нұржан Әлтаевқа келсек, оның ісі бойынша ҚР ОСК Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткерге қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау рәсімін тоқтатты. Оған оны ұсынған бірлестіктің сол кездегі сотта дауланып жатқан жоғарғы органының отырысының хаттамасы себеп болды. Сондай-ақ «Мұғалмас» республикалық қоғамдық бірлестігінің бірқатар филиалдары басшыларының жоғарғы орган отырысының хаттамасының бұрмаланғаны туралы мәлімдемесі себеп болды. 17 қазанда астаналық Байқоңыр ауданының соты бірлестіктің талап арызын қанағаттандырып, хаттаманы жарамсыз деп таныды.

Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына

үміткерлерді тіркеу 2022 жылғы 21 қазанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де аяқталды.

Кесте 2. Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткерлердің тізімі

№	Өтініш берушінің аты-жөні	Өтініш беру күні	Қол жинау нәтижесі	ҚР ОСК шешімі
1	Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы	07.10.2022	140 167 қол жиналды	10.12.2022 жылы президенттікке үміткер ретінде тіркелді
2	Қажыкен Мейрам Зекешұлы	04.10.2022	120 055 қол жиналды	15.10.2022 жылы президенттікке үміткер ретінде тіркелді
3	Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы	05.10.2022	119 975 қол жиналды	17.10.2022 жылы президенттікке үміткер ретінде тіркелді
4	Әбден Қарақат Жақсылыққызы	08.10.2022	118 418 қол жиналды	19.10.2022 жылы президенттікке үміткер ретінде тіркелді
5	Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлы	07.10.2022	119 197 қол жиналды	20.10.2022 жылы президенттікке үміткер ретінде тіркелді
6	Тұрсынбекова Салтанат Пархатқызы	11.10.2022	119 316 қол жиналды	20.10.2022 жылы президенттікке үміткер ретінде тіркелді

Үшінші кезең – сайлау науқаны. Қазақстан Республикасының Президентін сайлау жөніндегі сайлауалды үгіт 2022 жылғы 21 қазанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де басталып, 2022 жылғы 19 қарашада жергілікті уақыт бойынша сағат 00:00-де аяқталды.

Үгіт негізгі үш жолмен жүргізілді: бұқаралық ақпарат құралдары арқылы; сайлау алдындағы көпшілік іс-шараларды, үміткерлердің және олардың сенімді өкілдерінің сайлау

ушылармен жеке кездесулерін өткізу арқылы; баспа, аудио-визуалды және өзге де үгіт материалдарын шығару және тарту арқылы.

Үміткерлерге БАҚ-қа тең қолжетімділік беріліп, сайлауалды бағдарламаны жариялауға (радиода 10 минут; теледидарда 15 минут; 540 см көлемінде 2 мақала жариялау; үміткерлердің үгіт-насихат жұмыстарын ашық түрде өткізу; сайлаушылармен кездесулер ұйымдастыру) республикалық бюджеттен қаражат бөлінді.

2.2 Сайлау науқанын ұйымдастыру

Сайлау науқанына дайындық барысында сайлау органдары заңнамада белгіленген барлық мерзімдерді сақтап, техникалық дайындық жұмыстарын жүргізді. **ҚР ОСК сайлау күнтізбесін** сайлау тағайындалған күннен кейінгі күні, 22 қыркүйекте жариялады. Байқаушылар, БАҚ өкілдері және партиялардың сенім білдірілген адамдары үшін тұрақты түрде тікелей эфирде отырыстар ұйымдастырылып, әрбір отырыс аяқталғаннан кейін брифинг өткізіліп, хабарламалары ҚР ОСК сайтында белгіленген мерзімде жарияланып отырды. ҚР ОСК қаулылары ашық отырыстарда талқылаусыз бірауыздан қабылданып отырды.

Сайлау науқаны кезеңінде ҚР ОСК **барлығы 50 отырыс өткізіп**, оның нәтижесінде 20 қарашаға белгіленген Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізуге қатысты 46 қаулы қабылдады. Науқан 2022 жылдың 21 қазанында басталғаннан бері әртүрлі БАҚ-та азаматтарға сайлау туралы ақпарат беретін және олардың қатысуын ынталандыратын ақпараттық бейнероликтер сериясы көрсетілді. 24 қазаннан бастап ҚР ОСК Telegram-каналында

сайлаушыларды тіркеу рәсімдері туралы хабарламалар таратылды.

Осылайша, сайлау процесі анықтамалық-әдістемелік сипаттағы барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етілді. Мысалы: сайлаушы үшін ақпарат; халықаралық байқаушыға арналған жадынама; кезектен тыс сайлау кезінде БАҚ үшін жадынама; БАҚ үшін баспасөз хабарламалары; ақпараттық материалдар (бейнероликтер, аудиоклиптер); ақпараттық баннерлер, оқу материалдары; көру қабілеті бұзылған адамдарға арналған арнайы аудиоклиптер және есту қабілеті бұзылған азаматтар үшін бейнероликтер; сайлау учаскелері үшін қолжетімділіктің минималды талаптары туралы¹⁴ баспа материалы. Сондай-ақ «Президенттікке үміткерлерге эфир уақыты мен баспа алаңын беру туралы» және «Қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу туралы» арнайы ақпараттық хабарламалар жіберілді.

Қазақстан Президентінің кезектен тыс сайлауын ұйымдастыруға және өткізуге 70 946 адам, оның ішінде аумақтық комиссияларда 1 673 адам (әрқайсысынан 7 комиссия мүшесі), учаскелік комиссияларда 69 273 адам (учаскедегі сайлаушылар санына қарай 5-11 адамнан) қатысты.

10 101 сайлау учаскесінің 545-сі азаматтардың уақытша тұратын жерлерінде құрылған. Мұндай учаскелер бойынша сайлаушылардың тізімдері дауыс беруге 5 күн қалғанда жасалып, дауыс беру күніне 1 күн қалғанда нақтыланды. Бұл демалыс үйлерінде, санаторийлерде, стационарлық емдеу-профилактикалық мекемелерде; шалғай және жету қиын аймақтарда орналасқан азаматтардың орналасқан жерлерінде, мал айдау учаскелерінде; тергеу изоляторларында және уақытша ұстау изоляторларында; әскери бөлімдерде, Қазақстан Республикасының өкілдіктерінде құрылған учаскелер.

¹⁴ <https://www.osce.org/files/f/documents/d/e/530509.pdf>.

ЕО, Солтүстік Америка, Таяу Шығыс, Азия және Африка, ТМД елдері сияқты Қазақстан Республикасының шетелдік өкілдіктері жұмыс істейтін **53 шет мемлекетте** 68 сайлау учаскесі ұйымдастырылды. Тізімдер тиісті шет мемлекетте тұратын немесе шетелде ұзақ мерзімді іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорттары бар барлық азаматтарды қамтиды.

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізуге дайындық кезеңінде сайлау комиссияларының мүшелерін және сайлау процесіне басқа да қатысушыларды оқыту мақсатында ҚР ОСК онлайн және офлайн режимінде бірқатар іс-шаралар өткізді. Оның ішінде қашықтықтан оқыту және тестілеу ҚР ОСК сайтының платформасында жүзеге асырылды. Сайлауды өткізу кезінде жоғары тұрған сайлау органдары төменгі сайлау органдарын оқыту секілді каскадтық әдіс қолданылды.

ҚР ОСК базасының негізінде Президенттікке үміткерлердің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарының ұйымдастырушылық және рәсімдік мәселелері бойынша сайлауалды штабтар мен сенім білдірілген адамдар үшін оқыту семинар-кеңестері өткізілді.

Сайлау процесіне қатысушыларды электоралды оқыту алаңдарының бірі Мемлекеттік басқару академиясы жанындағы сайлауалды білім беру орталығы болды. Осылайша, сайлауалды білім беру орталығы БАҚ өкілдеріне, саяси партиялардың өкілдеріне, өңірлік байланыс орталықтарының қызметкерлеріне, сайлау жөніндегі заңгерлерге, жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлеріне, құқық қорғау және сот органдарының қызметкерлеріне семинарлар ұйымдастырды.

ҚР ОСК АҚДМ-мен бірлесіп, республикалық және өңірлік БАҚ, ҰЕҰ және қоғамдық бірлестіктер өкілдері үшін сай-

лау күні сайлауды бақылауға қатысуға бағытталған оффлайн және онлайн форматта семинарлар өткізді.

Осы сайлау науқанын каскадты оқытуды жүзеге асыру алгоритмі келесі кезеңдерге сәйкес жүзеге асырылды: 1 қарашаға дейін – аумақтық сайлау комиссияларының құрамын оқыту, 18 қарашаға дейін – учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін оқыту.

ҚР ОСК деректері бойынша, сайлау науқаны кезеңінде аумақтық сайлау комиссиялары сайлау комиссияларының мүшелері үшін оқыту семинарларын ұйымдастырып, 70 мыңнан астам адам қатысуымен сайлауды ұйымдастыру бойынша құқықтық оқыту кездесулер, тренингтер және басқа да іс-шаралар өткізді.

Сайлау комиссиялары барлық қажетті әдістемелік материалдармен, оның ішінде жадынамамен, оқу құралдарымен, жинақтармен, плакаттармен және басқа да баспа материалдарымен, сондай-ақ учаскелік сайлау комиссияларына арналған «Сайлау күніндегі дауыс беру тәртібі туралы» оқу фильмімен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар учаскелік сайлау комиссияларына барлық қажетті құжаттар және құрал-жабдықтар берілді. Сайлаушылар тізімдеріне енгізілген сайлаушылардың жалпы санының 1% резервін санамағанда, сайлау бюллетеньдерінің саны **11 827 277 құрады**. Осылайша, әрбір үміткерді қолдайтын **118 273 сайлаушының жарамды қолы жиналуы тиіс**. Сайлау учаскелеріне сайлау бюллетеньдері белгіленген мерзімде жеткізілді.

ҚР ОСК мүшелері тиісті аумақтық сайлау комиссияларымен келісе отырып, 70-тен астам өңірлік сапарлар өткізді¹⁵.

2022 жылғы 11 қарашада «Хабар» телеарнасының тікелей

¹⁵ <https://www.osce.org/files/f/documents/d/e/530509.pdf>.

эфирінде Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткерлерінің теледебаты өтті. Трансляция 1 сағат 40 минутқа созылып, төрт айналымнан тұрды. Бірінші раундта үміткерлер өздерінің сайлауалды бағдарламасымен таныстырды. Екінші раундта үміткерлердің әрқайсысы қарсыластарының екі сұрағына жауап беріп, өздері екі сұрақ қойды. Үшінші раундта үміткерлердің әрқайсысы сайлаушылардың сұрақтарына жауап берді. Соңғы төртінші раундта теледебат қатысушылары өз сайлаушылардың алдында арнайы сөз сөйледі¹⁶.

Сонымен қатар мүгедектердің сайлау процесіне қатысуын қамтамасыз ету, оның ішінде физикалық мүмкіндіктері шектеулі сайлаушылардың сайлау учаскелеріне кедергісіз кіруін және көру қабілеті нашар сайлаушылар үшін Брайль шрифтімен қосымшаларды беруді қамтамасыз ету үшін ҚР ОСК мониторинг тетігін құрды. ҚР ОСК отырыстары тікелей трансляцияда көрсетіліп, сайлаушыларға арналған ақпараттық бейнероликтер сурдоаудармамен сүйемелденді. Республиканың барлық дерлік аудандары мен қалаларында мамандандырылған байланыс орталықтары құрылды.

¹⁶ https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kak-proshli-debatyi-kandidatov-v-prezidentyi-kazakhstana-482870/.

III. ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ПРОФИЛЬДЕРІ

3.1. Қарақат Әбден – «Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» ҮЕҰ үміткері



Өмірбаяны¹⁷. Қарақат Жақсылыққызы Әбден 1974 жылы 7 мамырда Целиноград облысында дүниеге келген. Экономика ғылымдарының үміткері. Астана қалалық мәслихаты VI сайланымының депутаты, мәдени-әлеуметтік даму жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары болды.

Қарақат Әбденнің негізгі еңбек қызметі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіндегі жұмысымен байланысты. Қазақстан Республикасы Салық комитетінің Орталық аппаратында 10 жылдан

¹⁷ Президенттікке үміткер Қарақат Әбденнің сайлауалды ресми сайты: <https://abden.kz/>

астам жұмыс істеді. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясында Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі (МСҰМ) директорының орынбасары болып жұмыс істеді. «Нұр бөбек» ЖШС (мектепке дейінгі және балаларға қосымша білім беру) басқарушысы.

Науқан мәліметтері. Әбден өз кандидатурасын 7 қазанда жариялады. Кандидатурасын «Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» ҰЕҰ ұсынған. Бұл ұйым 2019 жылы құрылған және «әлеуметтік жұмысты ілгерілету арқылы әлеуметтік әділеттілікке, адам құқықтарын құрметтеуге және әлеуметтік дамытуға ұмтылады»¹⁸. Президенттікке үміткерді тіркеу 19 қазанда өтті.

21 қазанда сайлауалды штабы ашылды. Штаб жетекшісі – кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау саласының сарапшысы Арман Оразғұлов. Орынбасары – Берік Төребеков, баспасөз хатшысы – Еламан Төлепберген. 20 аймақтық штаб ашылып, мыңға жуық ерікті жұмылдырылды. 5 қарашада республикалық штабқа ТМД байқаушылары келді.

ҚР ОСК қаражат түсуі туралы мәліметіне сәйкес, 1 қарашаға дейін Қарақат Әбденнің сайлау қорына шамамен 188 миллион теңге түскен. Барлық қаражат – азаматтар мен ұйымдардың ерікті қайырымдылықтары. Әбден қорына Нұрлан Әуесбаев, Мейрам Қажыкен немесе Салтанат Тұрсынбековаға қарағанда көп қаражат келіп түсті. Алайда Жигули Дайрабаев пен Қасым-Жомарт Тоқаевтың қорынан төмен. 1 қарашадағы жағдай бойынша Әбден және оның штабы шамамен 141 миллион теңге жұмсады: үгіт-насихат материалдарын дайындау мен таратуға 57 миллион теңге, үгіт-насихат қызметіне 35 миллион теңге, іссапарларға 5,2 миллион теңге, тегін үлестірілген материалдар мен т.б. сайлау науқаны материалдарына

¹⁸ Альянстың тарихы. Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсының веб-сайты. <https://www.napsw.kz/kz/history>

43,4 млн.теңге жұмсалды¹⁹.

Науқандық жұмыс²⁰. Әбден үгіт-насихат науқанын елорда маңындағы сайлаушылармен кездесуге барудан бастады (кесте 3).

Кесте 3. Үміткердің қызметі

№	Өткен күні	Іс-шара
1	7 қазан	«Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» ҰЕҰ үміткері ретінде ұсынылуы
2	8 қазан	Құжаттарды ҚР ОСК-ға тапсыруы
3	10 қазан	Қазақ тілінен емтихан тапсыруы
4	11 қазан	ҚР ОСК Әбденнің президенттікке үміткерге қойылатын талаптарға сәйкестігін хабарлауы
5	19 қазан	Президенттікке үміткер ретінде тіркелуі
6	21 қазан	Республикалық сайлауалды штабы ашылуы
7	22 қазан	Қосшы қаласы мен Қоянды ауылында сайлау науқанының басталуы
8	24 қазан	Қарағанды қаласына іссапар
9	27 қазан	Павлодар облысы Екібастұз қаласына іссапар
10	28 қазан	Павлодар қаласына іссапар
11	29 қазан	Семей қаласына іссапар
12	31 қазан - 1 қараша	Алматы облысына іссапар
13	2-3 қараша	Ақтөбе қаласына іссапар
14	6 қараша	Ұлытау өңіріне іссапар
15	9 қараша	Қызылорда облысына іссапар

¹⁹ Осында және бұдан әрі үміткерлер бөлімдерінде қор қаражаты туралы ақпарат ОСК сайтынан беріледі. <https://www.election.gov.kz/upload/docs/2022/10report%20on%20candidates%20update1.pdf>

²⁰ Қарақат Әбденнің Instagram желісіндегі ресми парақшасы . <https://www.instagram.com/abdenkarakat/>

№	Өткен күні	Іс-шара
16	11 қараша	Дебаттарға қатысуы
17	13-14 қараша	Шымкент қаласына іссапар
18.	15 қараша	Түркістан қаласына іссапар
19.	17 қараша	Тараз қаласына іссапар

Әбден барлығы 12 облысты аралап, 27 кездесу өткізді.

Платформа. Қарақат Әбден платформасы қоғамдық-әлеуметтік сипатқа ие, қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары мен көзқарастарына үндейді. **«Отбасы», «Балалар», «Жастар», «Алтын ұрпақ» платформалық бөлімдерде отбасы бейнесін пайдаланады.** «Отбасы» бөлімінде Әбден әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірнеше нақты шешімдерін ұсынады. Мысалы, рухани даму курстары, баспана алуға арналған ақшалай сертификаттар, жас отбасыларға сыйақы төлеу, көп балалы ана мәртебесін алуға қойылатын талаптардың төмендеуі. Маңызды ұсыныстардың ішінде, жүзеге асырылып жатқанына қарамастан, Әбден балаларды білім беру ұйымдарына орналастыруды автоматтандыруға және жәрдемақы беруге шақырады.

«Балалар» және «Жастар» бөлімдерінде бірінші кезекте білім беру реформалары талқыланады: тегін қосымша білім беру, тегін орта және жоғары біліммен толық қамту, жалақы деңгейіне негізделіп шәкіртақы төлеу, университеттер мен кәсіпорындар арасындағы байланыс орнату. Сондай-ақ жалпы сипаттағы ұсыныстар бар: сирек кездесетін ауруға шалдыққан балаларға көмек көрсету, әр балаға қамқорлық жасау, нақты қолдау орталықтарын ашу.

«Алтын ұрпақ» атты соңғы бөлімде Әбден қарттарды

серпіндіру мақсатындағы шараларын, сондай-ақ қарттарды кешенді емдеу және оңалту жүйесін дамыту жөнінде жалпылама ұсыныс жасайды.

Айта кетейік, бағдарламада сыртқы саясат, қаржы, экология, ауыл шаруашылығы, құқықтық мәселелерге қатысты Әбденнің ұстанымын көрсететін тармақтар жоқ. Көбінесе ол тар бағыттағы шараларды немесе жалпылама тұжырымдарды ұсынумен және әлеуметтік сипаттағы мәселелермен шектеледі.

3.2. Нұрлан Әуесбаев – Жалпыұлттық социал-демократиялық партиядан үміткер



Өмірбаяны²¹. Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев 1957 жылы 17 мамырда Түркістан облысында дүниеге келген.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «инженер-экономист» мамандығы бойынша бітірген. М.Әуезов атындағы Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясында «құқықтану» мамандығы бойынша білім алған.

1973-1976 жылдары Шымкент қаласындағы «Қазақтехмонтаж» тресінде слесарь, кейін 1976-1978 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. 1979 жылы «Қазсельхозтехникада» механизатор болып жүргенде жастар саясатына белсене араласып, қоғамдық жұмыстарға атсалысып, комсомол комитетін басқарды. 1981-1982 жылдары Бәйдібек ау-

²¹ Нұрлан Әуесбаев – Жалпыұлттық социал-демократиялық партиядан президенттікке үміткер. ЖСДП ресми сайты. <https://osdp.kz/ru/novosti/318-nurlan-auesbaev-kandidat-v-prezidenty-ot-obshchenatsionalnoj-sotsial-demokraticeskoy-partii>

даны, Жамбыл атындағы комсомолдың Кеңшар комитетінің хатшысы болды. 1982 жылы Шымкент қорғасын зауытының балқыту цехында слесарь қызметін атқара жүріп, қоғамдық жұмыстарға қатар араласып, комбинатта тұңғыш «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігін құрды.

2002 жылдан бастап қала әкімдігінің «Экономика және кәсіпкерлікті қолдау бөлімі» ММ бастығының орынбасары қызметін атқарған. Сол жылдың наурыз айында Қызылжар ауылының әкімі болып тағайындалды. 2003 жылы Шымкент қаласының «Ішкі саясат және жастар ісі бөлімін» басқарды. 2003 жылдың қыркүйегінде Астана қаласы АҚКМ Ақпарат басқармасының «Талдау және тіл саясаты бөлімі» басшысы қызметіне ауыстырылды. 2004 жылдан Ұйымдастыру жұмысы және әлеуметтік технологиялар бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Одан кейін 2005 жылы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «РМҚК Шаруашылық басқармасын» басқарды. 2009 жылдан бастап кәсіпкерлікпен айналысып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласа бастады.

2017 жылға дейін Қазақстан коммунистік партиясының мүшесі болды. Кейін 2020 жылы Жалпыұлттық социал-демократиялық партияға ауысты. 2021 жылдан бастап ЖСДП Астаналық филиалының төрағасы.

Науқан мәліметтері. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) 1 қазанда өзінің кезектен тыс 19-шы съезінде Әуесбаевты президенттікке үміткер етіп ұсынды. Партия дәстүрлі түрде өзін оппозициялық партия ретінде қарастырады. ЖСДП осыған дейін өткен президенттік және парламенттік сайлауларда үміткерлерді ұсынудан бас тартып, бойкот жариялады. Партия өкілдері кезектен тыс жиында биылғы сайлауға қатысу себебін осылайша түсіндірді:

«Ірі қоғамдық-саяси ішкі және жаһандық өзгерістердің

қарсаңында тұрған Қазақстанға бүгінде социал-демократиялық идеологияны тұтас және жүйелі түрде жүзеге асыру бұрынғыдан да аса қажет»²².

Сайлау штабының жетекшісі – ЖСДП төрағасы Асхат Рахымжанов. Филиалдары еліміздің 20 өңірінде ашылды. Штаб құрамында партия қызметкерлері, сарапшылар, еріктілер бар. Үміткерлерді ұсынған басқа ұйымдармен салыстырғанда ЖСДП штаб жұмысы туралы ақпарат беруде белсенділік танытпады.

ҚР ОСК қаражаттың түсуіне қатысты мәліметіне сәйкес, 1 қарашаға дейін Әуесбаевтың сайлау қорына шамамен 110 миллион теңге түскен. Барлық қаражат азаматтар мен ұйымдардың ерікті қайырымдылықтарының арқасында жиналды. Қор көлемі жағынан үміткерлер арасында төртінші орында. 1 қарашадағы жағдай бойынша Әуесбаев және оның штабы 69 миллион теңгеге жуық қаржы жұмсаған: үгіт-насихат материалдарын дайындауға және таратуға 8,5 миллион теңге, үгіт-насихат қызметіне 45 миллион теңге, іссапарларға 120 мың теңге. Ал тегін үлестірмелі материалдар мен басқа да үгіт-насихат материалдарына 15 млн теңге жұмсалған.

Науқандық жұмыс²³. Әуесбаев үгіт-насихат жұмысын 22 қазанда Қарағанды облысына іссапарынан бастады (кесте 4)..

Кесте 4. Үміткердің қызметі

№	Өткен күні	Іс-шара
1	1 қазан	Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясынан үміткер ретінде ұсынылуы

²² Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның баспасөз хабарламасы. ОСДП ресми сайты. <https://osdp.kz/ru/novosti/315-press-reliz-obshchenatsionalnoj-sotsial-demokraticeskoy-partii>

²³ ЖСДП ресми Facebook парақшасы . <https://www.facebook.com/osdp.kz>

2	6 қазан	Құжаттарды ҚР ОСК өткізуі
3	10 қазан	Қазақ тілінен емтихан тапсыруы
4	10 қазан	ҚР ОСК Әуесбаевтың президенттікке үміткерге қойылатын талаптарға сай келетінін хабарлауы
5	20 қазан	Президенттікке үміткер ретінде тіркелуі
6	21 қазан	Республикалық сайлауалды штабының ашылуы
7	22 қазан	Қарағанды облысында сайлау науқанының басталуы
8	26 қазан	Ақтөбе облысына іссапар
9	28 қазан	Ақмола облысындағы ауылға іссапар
10	1 қараша	Шымкент қаласына іссапар
11	4 қараша	Алматы қаласына іссапар
12	5 қараша	Астанада қалалардағы тығыз құрылысқа қарсы бейбіт митингке қатысуы
13	7-8 қараша	Батыс Қазақстан облысына іссапар
14	9-10 қараша	Астанада сайлаушылармен кездесулер
15	11 қараша	Дебатқа қатысуы
16	12 қараша	Ақмола облысы, Ақкөл қаласына іссапар
17	14-15 қараша	Маңғыстау облысына іссапар
18	17 қараша	Ақмола облысы Шортанды ауылына іссапар

Әуесбаев барлығы 15 қала мен елді мекенді аралады.

Платформа. Әуесбаевтың сайлауалды бағдарламасы төрт бөлімнен тұрады: «Саяси реформалар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Олигархиялық капитализмнің орнына халық экономикасы», «Әлеуметтік саясат», «Халықаралық саясат». Бірінші блоктың негізгі идеясы – Қазақстанда президенттік басқару нысанын бір палаталы парламенттік

басқаруға ауыстыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар жүргізу. Парламент үкіметті жасақтау функциясын алады, ал президенттің өкілеттігі номиналды болады. Сондай-ақ шенеуніктер мен депутаттардың кірістерін, елді мекендердегі ашық бюджетті және сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін ең жоғары жазаны жариялауды ұсынады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен күресте БАҚ-қа қолдау көрсету туралы тармақ бар.

Екінші бөлімде Әуесбаев сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған экономикалық реформаларды ұсынады: ірі компанияларды IPO-ға шығару, шикізат саласын мемлекет меншігіне өткізу, компанияларға прогрессивті салық салу, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-ты «монополиясыздандыру». Ол монополияның құрылуын қаламайды және мұндай тенденцияларға күдікті компанияларды парламентке есеп беруге шақырады.

Әлеуметтік саясат бөлімінде негізгі ұсыныс – қазақстандықтардың өмір сүру сапасының стандартын, бағдарламалар әзірленетін негізгі көрсеткіштер индекcін енгізу. Алайда Әуесбаевтың бұл стандарттар нақты неге негізделетіні туралы толық мәліметі жоқ. Сондай-ақ бұл бөлім білім мен денсаулық сақтау саласына, мектептер мен ауруханалар салуға, полицияны реформалауға ЖІӨ-нің 5-7% бөлуді де көрсетеді.

Халықаралық саясат бөлімінде Қазақстанның қазіргі саясатынан үлкен ауытқулар жоқ – Әуесбаев бейтараптыққа, ядролық қарудан бас тартуға шақырады. Бұған қоса, үміткер елдің интеграциялық үдерістерге қатысудың «қалыпты» протекционизм моделін ұсынады. Бұл үміткер мен оның партиясының экология және тіл саясаты жөніндегі ұстанымын көрсететін тармақтар бағдарламада жоқ.

Жалпы, Әуесбаевтың сайлауалды бағдарламасы үміткерлер арасындағы мазмұндық тұрғысынан ең толымдылардың бірі. Бағдарлама сондай-ақ оның партиясының оппозициялық сипатын көрсетеді.

3.3. Жигули Дайрабаев – «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының үміткері



Өмірбаяны²⁴. Жигули Молдақалықұлы Дайрабаев 1954 жылы 29 қазанда Қазақстан Республикасының Жамбыл облысында дүниеге келген. Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданының құрметті азаматы.

Жигули Дайрабаев Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтын және Агроөнеркәсіп кешенінің жоғары мектебінде білім алды. Ғалым агроном. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі XII сайланымының экс-депутаты, «Қазақстан фермерлер одағы» қауымдастығының төрағасы, «Атамекен» ҰКП Төралқасының агроөнеркәсіп кешені комитетінің жетекшісі.

Дайрабаевтың алғашқы еңбек жолы ауылдық партия жұмысымен тығыз байланысты. 1974-1977 жылдары Лугов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозының комсомол комитетінің хатшысы болып жұмыс істеді. 1977 жылы Лугов аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы болды. 1977-1980 жылдары Лугов ауданы «Путь к коммунизму» колхозы кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1980-1984 жылдары Каменск ауылдық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Кейін Дайрабаев Лугов ауданында партия комитетінің нұсқаушысы, «Алғабас» қой совхозы партия комитетінің хатшысы, Жамбыл атындағы колхоздың басқарма төрағасы бо-

²⁴ Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы, өмірбаяны [eldala.kz](https://eldala.kz/dannye/dosye/380-dajrabaev-zhiguli) сайтында. <https://eldala.kz/dannye/dosye/380-dajrabaev-zhiguli>

лып жұмыс істеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Жигули Дайрабаев Т.Рысқұлов атындағы ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, «Қорағаты» кеңшарының директоры және аудандық статистика басқармасының басшысы болды. 2001-2009 жылдары Шу ауданы «Берликский» астық қабылдау кәсіпорнының директоры, Меркі ауданы «Қазексім-Меркі» кәсіпорнының директоры болды. Одан кейін MOLBAL компаниясының бас директоры қызметін атқарды.

Қазақстан фермерлер қауымдастығының Жамбыл филиалында жұмыс істегеннен кейін 2019 жылы бүкіл бірлестіктің президенті болып тағайындалды. 2022 жылы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумы жанындағы Агро-өнеркәсіп кешені комитетінің төрағасы болып сайланды.

Науқан мәліметтері. Дайрабаевтың кандидатурасы 30 қыркүйекте өткен «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының кезектен тыс XX съезінде жарияланған болатын. Дайрабаев президентті сайлауға қатысуға ниет білдірген ең алғашқы үміткер болды. 5 қазанда ҚР ОСК-ға құжаттарын тапсырып, 17 қазанда президенттікке үміткер ретінде ресми түрде тіркелді.

21 қазанда үміткердің сайлауалды штабы жұмысын бастады. Республикалық штабтың жетекшісі – 2019 жылғы президентті сайлауға үміткер ретінде қатысқан Төлеутай Рахымбеков. Филиалдары еліміздің барлық аймақтарында ашылды. Штаб әрбір сайлау учаскесі үшін үштен артық емес сенімді өкілді қолдануды жоспарлаған. Облыстық деңгейдегі 164 ауылдық округ пен 37 қалада 222 штабтың жұмысы ұйымдастырылған. 5 қарашада ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Сайлауды бақылау Миссиясының өкілдерімен кездесу өтті. 9 қарашада ТМД Парламентаралық Ассамблеясы өкілдерімен республикалық

штабтың онлайн отырысы өтті. 17 қарашада Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының бақылаушыларымен кездесу өтті.

Қаражаттың түсуі бойынша ҚР ОСК мәліметіне сәйкес, 1 қарашаға дейін Дайрабаевтың сайлау қорына шамамен 404 млн теңге түскен. Бұл Тоқаевтың сайлау қорынан кейінгі көлемі жағынан екінші орында жайғасқан қор. 1 қарашадағы жағдай бойынша Дайрабаев пен оның штабы 170 миллион теңгеге жуық қаражат жұмсаған: үгіт-насихат материалдарын дайындауға және таратуға 93 миллион теңге, үгіттік жарнаға 108 мың теңге, іссапарларға 3 миллион теңге, қоғамдық шараларды ұйымдастыру мен өткізуге 74 млн теңге жұмсалды.

Науқандық жұмыс. Дайрабаев үміткер ретінде өзінің үгіт-насихат жұмысын 23 қазанда елордадағы «Шапағат» базарынан бастады (кесте 5).

Кесте 5. Үміткердің қызметі

№	Өткен күні	Іс-шара
1	30 қыркүйек	«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан үміткер ретінде ұсынылуы
2	5 қазан	Құжаттарды ҚР ОСК-ға тапсыруы
3	8 қазан	Қазақ тілінен емтихан тапсыруы
4	9 қазан	ҚР ОСК Дайрабаевтың президенттікке үміткерге қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы хабарлауы
5	17 қазан	Президенттікке үміткер ретінде тіркелуі
6	21 қазан	Республикалық сайлауалды штабының ашылуы
7	23 қазан	Астана қаласында сайлау науқанының басталуы
8	25 қазан	Жамбыл облысына іссапар
9	26 қазан	Түркістан облысына іссапар
10	27-28 қазан	Қызылорда облысына іссапар
11	29-30 қазан	Ақтөбе облысына іссапар
12	31 қазан	Ақмола облысының ауылдарына іссапар
13	1 қараша	Қарағанды облысына іссапар

14	1 қараша	«Ауыл» партиясының республикалық қоғамдық штабының отырысы
15	2 қараша	Дайрабаевтың қатысуымен сайлау науқанының алғашқы 10 күнінің қорытындысы бойынша республикалық қоғамдық штабтың отырысы
16	2 қараша	Павлодар облысына іссапар
17	4 қараша	Жетісу өңіріне іссапар
18	5 қараша	Алматы облысына іссапар
19	6 қараша	Алматы қаласына іссапар
20	7-9 қараша	Шығыс Қазақстан облысы мен Абай ауданына іссапар
21	9 қараша	«DANMARD» ЖШС-не бару
22	10 қараша	Семей қаласына іссапар
23	11 қараша	Дебатқа қатысуы
24	12-13 қараша	Алматы облысына іссапар
25	14 қараша	Маңғыстау облысына іссапар
26	15 қараша	Атырау облысына іссапар
27	16 қараша	Батыс Қазақстан облысына іссапар

Жалпы, Дайрабаевтың штабы үгіт-насихат кезеңінде 88 қала мен 166 ауылдық жерде 2500-ден астам іс-шара өткізді.

Платформа. Дайрабаевтың сайлауалды платформасы «**Дала демократиясы – әділетті Қазақстанның кепілі!**», «**Жоғары мәдениет – қоғамды жаңарту негізі!**», «**Қуатты ауыл – қуатты мемлекет!**» атты негізгі үш бөлімнен тұрады. Дайрабаев өз бағдарламасында белгілі бір қызмет саласы бойынша нақты ұсыныстар ұсынбайды. Жеңіске жеткен жағдайда жалпылама сипаттағы ниеттерін жариялайды.

Бірінші бөлімде Конституцияны ардақтау, еңбектің маңыздылығын арттыру, өңірлер арасында қаржыны әділ бөлу, бюджетті жоспарлауда ашықтықты қамтамасыз ету, бұқаралық ақпарат құралдарының мәртебесін көтеру ниеті

айтылған. Екінші бөлімде де жалпы декларациялар бар: отбасы институтының рөлін қалпына келтіру, білім берудегі құндылықтарды дамыту, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, қазақ диаспораларына қолдау көрсету.

Үшінші бөлімді Дайрабаев бағдарламасының негізгі бөлімі деп атауға болады. Өйткені жалпы оның сайлауалды науқаны аясында да, «Ауыл» партиясының өкілі ретіндегі қызметі аясында да Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласын дамыту - басты мәселе. Бұл бөлімнің негізгі тезисі – елді «аграрлық державаға» айналдыру. Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық елді мекендерді жандандыру, сондай-ақ тұтынушылар қоғамдары мен кооперативтер желісін құру және дамыту Стратегиясын қабылдау ұсынылады.

Қарақат Әбденнің бағдарламасы сияқты, Дайрабаев өзінің кәсіби қызмет саласына баса назар аударып, бұл салаға кірмейтін мәселелерді аса қозғамайды. Сол себепті бағдарламада сыртқы саясат, құқықтық реформалар, экология, білім, цифрландыру сияқты тақырыптар толық көрсетілмеген.



3.4. Мейрам Қажыкен – «Аманат» Қазақстан кәсіподақтар достастығы» КРҚ үміткері

Өмірбаяны²⁵. Мейрам Зекешұлы Қажыкен 1961 жылы 5 сәуірде Павлодар облысында дүниеге келген. «Экономи-

²⁵ Кітаптардың авторы, ұстаз және экономист: президенттікке үміткер Мейрам Қажыкеннің өмірбаяны, Sputnik Қазақстан сайтынан: <https://ru.sputnik.kz/20221020/avtor-knig-prepodavatel-i-ekonomist-biografiya-kandidata-v-prezidenty-meyrama-qazhikena-28639289.html>

ка, халық шаруашылығын және оның салаларын жоспарлау және басқару» мамандығы бойынша экономика ғылымдарының кандидаты. Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің докторантурасы, «Экономикалық теория» мамандығы бойынша экономика ғылымдарының докторы.

Еңбек жолын туған өңірінде бас маман, экономика басқармасы бөлімінің меңгерушісі болып бастап, кейін облыс әкімінің кеңесшісі, әкімдіктің экономика және қаржы басқармасы басшысының орынбасары, сонымен қатар облыстық өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін атқарды.

1998 жылы Қажыкен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінде бөлім басшысы, бөлім басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. Одан кейін ҚР Экономика министрлігінің бөлім басшысы болып қызмет атқарды.

Жеке секторда да жұмыс істеді: KAZNEX корпорациясы басқарма төрағасының орынбасары, басқарма төрағасының экспортты дамыту және ілгерілету жөніндегі кеңесшісі болды. 2010–2011 жж. «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» АҚ президенті болды. 2011–2012 жж. – «Инновациялық экономика ғылыми-зерттеу институты» ЖШС директоры. Одан кейін Экономика министрлігінің «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, «Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының ғылыми-зерттеу мамандарын даярлау және жанжалдарды шешу орталығында» және «Заманауи қоғамды зерттеу институты» ЖШС жұмыс істеді.

Науқан мәліметтері. Қажыкеннің кандидатурасын 3 қазанда «Аманат» Қазақстан кәсіподақтары достастығы» КРҚ ұсынды. Бірлестік төрағасы Андрей Пригорь жеке қолдау білдірді. 15 қазанда ҚР ОСК Қажыкенді президенттікке үміткер ретінде тіркеді. Қажыкеннің алдағы парламент сайлауына

тіркеліп, қатысуды жоспарлап отырған «Ынтымақ» партиясымен байланысы да бар.

21 қазанда сайлауалды штабы жұмысын бастады, басшысы – Әбіл Кекілбаев. 14 облыстық штаб бар, басқа өңірлерде үміткердің 140-тан астам сенімді өкілі бар. Штаб өкілдері көбінесе кәсіпорын, сала өкілдерімен кездесті. Облыстық штабтың құрамында кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері мен өкілдері бар.

Қаражаттың түсуі туралы ҚР ОСК ақпаратына сәйкес, 1 қарашаға дейін Қажыкеннің сайлау қорына 83,5 миллион теңгеге жуық қаражат түсті. Барлық қаражат азаматтар мен ұйымдардың ерікті қайырымдылықтары арқасында жиналды. Бұл үміткерлер арасындағы көлемі бойынша Тұрсынбековадан кейін ең аз қор. 1 қарашадағы жағдай бойынша Қажыкен мен оның штабы 46 миллион теңгеге жуық қаржы жұмсады: үгіт-насихат материалдарын дайындауға және таратуға 35,5 миллион теңге, үгіт-насихат жұмыстарына 260 мың теңге, іссапарларға 682 мың теңге, тегін үлестірмелі материалдарына 3 млн теңге жұмсалды. БАҚ-қа шығуға 2,6 млн теңге, бұқаралық сайлау шараларын ұйымдастыруға және өткізуге 3,9 млн теңге жұмсалды.

Науқандық жұмыс. Қажыкен сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын 22 қазан күні туған жері Павлодар облысынан бастады (кесте 6).

Кесте 6. Үміткердің қызметі

№	Өткен күні	Іс-шара
1	3 қазан	«Аманат» Қазақстан кәсіподақтары достастығы» КРК үміткері ретінде ұсынылуы
2	4 қазан	Құжаттарды ҚР ОСК-ға тапсыруы
3	8 қазан	Қазақ тілінен емтихан тапсыруы

4	8 қазан	ҚР ОСК Қажыкеннің президенттікке үміткерге қойылатын талаптарға сай келетінін хабарлауы
5	15 қазан	Президенттікке үміткер ретінде тіркелуі
6	21 қазан	Республикалық сайлауалды штабы ашылуы
7	22 қазан	Павлодар облысында сайлау науқанының басталуы
8	25 қазан	Ұлытау өңіріне іссапар
9	28-30 қазан	Қостанай облысына іссапар
10	30 қазан	Аймақтық сайлауалды штабтарымен онлайн-конференция
11	30 қазан	Кәсіподақ және жұмыс беруші ұйымдарының басшыларымен кездесуі
12	1 қараша	Абай ауданына іссапар
13	2-5 қараша	Шығыс Қазақстан облысына іссапар
14	7-8 қараша	Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарына іссапар
15	8-9 қараша	Маңғыстау облысына іссапар
16	11 қараша	Дебатқа қатысуы
17	12 қараша	Теміртау қаласына іссапар
18	14 қараша	Алматы қаласына іссапар

Қажыкен бар болғаны 28 күннің ішінде 14 облыс пен 17 қала мен елді мекенді аралап, 40 кездесу өткізді.

Платформа. Қажыкеннің «Игілік түбі – ынтымақ» атты сайлауалды бағдарламасы **8 негізгі бөлімнен тұрады:**

1. Бірлік мәдениеті. Қажыкен бірліктің құралы ретінде өз бағдарламасының бірінші тармағында кеңінен насихаттауды ұсынып отырған қазақ тілін өзге тілдерге нұқсан келтірмей алға тартады.

2. Білім беру жүйесін дамыту. Қажыкен білім берудің үш деңгейіне – техникалық және кәсіптік, орта және жоғары көңіл бөлген. Мектепке дейінгі білім беру бағдарлама-

да қамтылмаған. Орта білім деңгейінде Қажыкеннің басты ұсынысы – балалар арасында теңсіздік тудырмас үшін жалпы білім беретін мектептердің мәртебесін зияткерлік және элиталық мектептермен теңестіру. Сондай-ақ бағдарламада нақты шаралар көрсетілмесе де ТжКБ стандарттарын әзірлеу ұсынылады.

3. Әділ құқықтық мемлекет. Қажыкен аймақтарға көбірек өкілеттік беріп, билікті орталықсыздандыруды ұсынады. Ол сондай-ақ бюджет қаражатының жұмсалуды қатаң бақылауды, жаңа өкілді органдарды құру арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайтуды жақтайды. Дегенмен қандай органдар жоспарланып отырғаны туралы нақты мәлімет жоқ.

4. Құқықтық тәртіп, қорғаныс қабілеті және ұлттық қауіпсіздік. Бұл бөлім көлемі жағынан өзгелерден кем, мұнда Қажыкен еліміздің қорғаныс саласын жаңғыртуды көздейтін жаңа әскери доктринаны қабылдауға шақырады.

5. Азаматтық қоғамның дамуы. Қажыкен үшін азаматтық қоғам – ең алдымен кәсіподақтардың қызметімен байланысты ұғым. Сәйкесінше, олардың автономиясын күшейтуді ұсынып отыр. Сондай-ақ «Кәсіпкерлік ұйымдар туралы», «Әлеуметтік серіктестік туралы», «Үкіметтік емес ұйымдар мен тәуелсіз БАҚ-ты қолдау туралы» заңдарды қабылдау ұсынылып отыр.

6. Әлеуметтік саясат. Бұл – Қажыкен бағдарламасының ең егжей-тегжейлі бөлімдерінің бірі. Мұнда ол әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау жүйесін дамыту (денсаулық сақтау саласына жұмсалатын шығыстарды ЖІӨ-нің 2,8%-дан 6%-ға дейін ұлғайту), ЭЫДҰ елдерінің үлгісі бойынша мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды құруды қамтитын шаралар кешенін ұсынады. Оның негізгісі - жыл сайынғы ең төменгі жалақыны есептеу және индекстеу. Халықтың әртүрлі осал топтарын әлеуметтік қорғаудың түрлі нысандары, қолайлы, инклюзивті еңбек жағдайларын реттеуге ар-

налған нормаларды енгізуді ұсынады. Қажыкен әйелдердің зейнетке шығу жасын қысқартуды да ұсынып отыр. Алайда ҚР Президентінің 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, 61 жастан төмендету жоспарланып отыр ма, жоқ па әлі белгісіз.

7. Экономикалық модельді жаңғырту. Бұл бөлім мазмұны жағынан ең көлемді және Қажыкеннің экономика ғылымдарының кандидаты және докторы ретіндегі маман екендігін көрсетеді. Экономика бөлімі ғылыми терминдерге толы және экономикадан хабары жоқ қарапайым сайлаушылардың қабылдауында біраз қиындықтар туғызуы мүмкін. Қажыкен экономикалық саясатты бірнеше деңгейде құруды ұсынады: құрылымдық, инвестициялық, ғылыми-техникалық, сыртқы сауда және фискалдық. Шетелдік корпорациялардың жер қойнауын пайдаланудағы үлесін азайту, ұлттық макротехнологиялық компания құру, ірі бизнеске қатысты мемлекеттің бейтараптығын орнату, компаниялардың бірігуін шектеу, стратегиялық маңызды салалардағы шетелдік меншікті азайту ұсынылады.

8. Сыртқы саясат. Бұл бөлімде Қажыкен көбінесе Қазақстанның басқа мемлекеттермен экономикалық қарым-қатынасына тоқталады. Ол Қазақстанның интеграциялық одақтарға қатысуын қысқартуға шақырады, оның орнына сауда серіктестерімен екіжақты келісімдерді дамытуға назар аударады. Қажыкен экономикалық протекционизм ұстанымын ұстанады.

Жалпы, Қажыкеннің бағдарламасы басқа үміткерлердің бағдарламаларына қарағанда мазмұны жағынан жүйелі ұйымдастырылмаған. Бөлімдер пунктармен емес, абзацтармен берілген. Сондай-ақ Қажыкен негізгі кәсіби қызметіне қатысы жоқ білім беру, қорғаныс немесе сыртқы саясат сияқты салаларда егжей-тегжейлі бастамаларды ұсынбайды.

3.5. Қасым-Жомарт Тоқаев – Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің халықтық коалициясынан үміткер



Өмірбаяны²⁶. 1953 жылы 17 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. Қ.К. Тоқаев 1975 жылы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын (МГИМО) бітіріп, Қытайдағы КСРО елшілігінде дипломалды тағылымдамадан өтті. 1983–1984 жылдары Бейжің лингвистикалық институтында тағылымдамадан өтті. 1992 жылы Ресей Федерациясы

Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясында білім алған.

Еңбек жолын 1975 жылы КСРО Сыртқы істер министрлігінен бастап, Сингапур Республикасындағы Кеңес елшілігіне жұмысқа жіберіледі. 1979 жылы КСРО СИМ аппаратына қайта оралады. 1984–1985 жылдары КСРО Сыртқы істер министрлігінде жұмыс істеп, кейін Қытай Халық Республикасындағы Кеңес елшілігіне жіберіліп, 1991 жылға дейін екінші хатшы, бірінші хатшы, кеңесші қызметтерін атқарады.

1992 жылы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. 1993 жылы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары болды. 1994 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. 1999 жылы наурызда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары болды. 1999 жылы қазанда Парламенттің келісімімен

²⁶ Қазақстан Республикасының Президенті Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы. Ақорданың ресми сайтынан: <https://akorda.kz/ru/president/president>

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалды. 2002 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі болды. 2003–2007 жылдары – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі. Осы лауазымда ол ядролық қаруды таратпау жөніндегі жаһандық үдеріске белсенді қатысты.

2007 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы болып сайланды. 2008 жылы Қазақстан парламентінің жоғарғы палатасының спикері ретінде ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының вице-президенті болып сайланды.

2011 жылдың наурызында БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің бас директоры, сондай-ақ БҰҰ Бас хатшысының қарусыздану жөніндегі конференциядағы жеке өкілі болып тағайындалды. Ол сонымен қатар Қарусыздану жөніндегі конференцияның Бас хатшысы қызметін атқарды. ТМД және Шанхай ынтымақтастық ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңестерінің төрағасы болып сайланды. 2013 жылғы 16 қазанда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы болып қайта сайланды.

2019 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті ретінде ант берді. 2019 жылдың 9 маусымында өткен кезектен тыс президентті сайлауда 70,96% дауыс жинап, Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. 2019 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасы Конституциясының 42-бабына сәйкес ант қабылдап, Мемлекет басшысы қызметіне ресми кірісті.

2021 жылдың сәуірінен бастап Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы. 2022 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы. Төтенше және Өкілетті Елші. Саяси ғылымдар докторы.

Дүниежүзілік гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары академиясының белсенді мүшесі. Мюнхен қауіпсіздік конференциясының «Даналар кеңесінің» мүшесі.

Науқан мәліметтері. 6 қазанда Тоқаевтың кандидатурасын «Аманат», «Ақ жол» және Қазақстан халық партиясы кіретін саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің халықтық коалициясы ұсынған болатын.

7 қазанда халықтық коалиция құжаттарын ОСК-ға тапсырды. 12 қазанда Тоқаев президенттікке үміткер ретінде тіркелді. Қазіргі Мемлекет басшысы заң бойынша қазақ тілінен емтихан тапсырудан босатылды.

21 қазанда Мәжіліс пен «Аманат» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов жетекшілік ететін Республикалық қоғамдық штаб (РҚШ) жұмысын бастады. Еліміздің әр өңірінде қалалар мен аудандарды қосқанда 226 штаб ашылып, оған 6 мыңнан астам адам кірді. Үміткердің 30 мың сенімді өкілі тіркеліп, 20 мыңға жуық байқаушы дауыс беру күні барлық сайлау учаскелерінде жұмыс істеу үшін оқытылды. РҚШ құрамына 474 адам кірді. Олардың арасында қоғам қайраткерлері, Халықтық коалицияға кіретін барлық ұйымдардың өкілдері, ғылыми және сарапшылар қауымдастығы, жастар, танымал спортшылар мен Парламент депутаттары бар. Үміткердің 227 қоғамдық қабылдау бөлмесінде 21 қазан мен 18 қараша аралығында үміткердің 4 мың сенім білдірілген өкілі қабылдау жүргізіп, сайлаушылардың ұсыныстары мен тілектерін жинады. 18 қарашадағы жағдай бойынша сайлау сайтына 1 миллионнан астам қолданушы келген.

26 қазанда Тоқаев штабқа барып, өзінің сайлауалды бағдарламасымен таныстырды. Өңірлердегі кездесулер 27 қазанда Абай ауданында басталып, 18 қарашада Мемлекет басшысы қатысқан халықтық коалиция форумымен аяқтал-

ды. 10 қарашада штабқа ТМД Комитетінің Бақылаушылар Миссиясы штаб-пәтері басшысының орынбасары бастаған халықаралық байқаушылар келді.

ҚР ОСК ақпаратына сәйкес, 1 қарашаға дейін Тоқаевтың сайлау қорына шамамен 1,62 млрд теңге түсті. Оның 44%-ы үміткердің немесе оны ұсынған партияның жеке қаражаты, 56%-ы азаматтар мен ұйымдардың ерікті қайырымдылықтары. Тоқаевтың сайлау қоры үміткерлер арасындағы ең үлкені және басқа үміткерлердің жиынтық қорынан асып түседі 1 қарашадағы жағдай бойынша Тоқаев пен оның штабы шамамен 923 миллион теңге жұмсады: оның 347 миллион теңгесі үгіт материалдарын дайындауға және таратуға, 140 миллион теңгесі үгіт-насихат қызметіне, 20 миллион теңгесі іссапарларға кетті. Сондай-ақ тегін сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге 166 миллион теңге, БАҚ-та сөз сөйлеуге 228 миллион теңге, бұқаралық сайлау шараларын ұйымдастыруға және өткізуге 22 миллион теңге жұмсалды.

Сайлауалды штабының үгіт-насихат жұмыстары.

Тоқаевты қолдау жөніндегі қоғамдық штаб өкілдерінің ең ауқымды сайлауалды кездесулері 27 қазанда басталды (кесте 7).

Тоқаевты қолдау мақсатында 42 қала мен 5 мың ауылда 24 мыңнан астам іс-шара өткізіліп, 3 миллион сайлаушы қамтылды.

Кесте 7. Үміткер пен республикалық қоғамдық штабтың қызметі

№	Өткен күні	Іс-шара
1	6 қазан	Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің халықтық коалициясынан үміткер болып ұсынылуы
2	7 қазан	Құжаттарды ҚР ОСК тапсырылуы

3	12 қазан	ҚР ОСК Тоқаевтың президенттікке үміткерге қойылатын талаптарға сай келетінін хабарлауы
4	12 қазан	Президенттікке үміткер ретінде тіркелуі
5	26 қазан	Қ. Тоқаев Астана қаласындағы сайлауалды штабында болуы
6	27 қазан	Штаб өкілдерінің Абай облысына сапары Штаб өкілдерінің Түркістан, Курчатов қалаларындағы сайлаушылармен кездесуі
7	28 қазан	Ұлытау өңіріне сапары Шымкент, Алматы қалаларындағы сайлаушылармен кездесу
8	29 қазан	Ақтөбе, Астана, Сәтбаев қалаларында, Абай ауданында сайлаушылармен кездесуі Қостанай қаласындағы ашық диалог алаңы Жазушы Дулат Исабековпен кездесу
9	30 қазан	Ұлытау облысы Жаңаарқа, Ұлытау, Абай облысы, Үржар аудандарында сайлаушылармен кездесуі
10	31 қазан	Қарағанды облысына сапары Батыс Қазақстан, Ақмола облыстарының сайлаушыларымен кездесуі
11	1 қараша	Шығыс Қазақстан облысына сапары Астана, Саран, Көкшетау, Шымкент қалаларындағы сайлаушылармен кездесуі
12	2 қараша	Алматы облысына сапары. Алматы, Астана, Атырау қалаларында, Қарағанды облысының Нұра ауданында, Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданында сайлаушылармен кездесуі
13	3 қараша	Жетісу өңіріне сапары Қарағанды, Павлодар, Жамбыл облыстарында, Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында сайлаушылармен кездесуі

14	4 қараша	Жамбыл облысына сапары Алматы, Астана қалалары, Маңғыстау облысы, Алматы облысының Қарасай ауданындағы сайлаушылармен кездесуі
15	5 қараша	Қызылорда облысына сапары Жамбыл облысы Байзақов ауданында сайлаушылармен кездесуі
16	7 қараша	Қостанай және Ақмола облыстарына сапары Қызылорда облысы Қазалы ауданы, Жамбыл облысы Жуалы ауданында сайлаушылармен кездесуі
17	8 қараша	Солтүстік Қазақстан облысына сапары Батыс Қазақстан облысы, Қызылорда облысы Жалағаш ауданы, Қостанай облысы Рудный қаласындағы сайлаушылармен кездесуі
18	9 қараша	Павлодар облысына сапары Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Шымкент қаласы сайлаушыларымен кездесуі
19	10 қараша	Ақтөбе облысына сапары Республикалық қоғамдық штаб өкілдерінің Комитеттің ТМД-дан келген бақылаушылар миссиясы өкілдерімен кездесуі. Павлодар облысы Баянауыл ауданының сайлаушыларымен кездесуі
20	11 қараша	Батыс Қазақстан облысына сапары Сайлауалды штабының жетекшісі Ерлан Қошановтың президенттікке үміткерлердің теледебатына қатысуы
21	12 қараша	Ақтөбе облысы Хромтау ауданының, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстарының сайлаушыларымен кездесуі «BIR TOLQYNDA» алаңы
22	13 қараша	Астана, Шымкент қалаларындағы сайлаушылармен кездесуі
23	14 қараша	Атырау облысына сапары Астана, Жаңаөзен қалаларында, Қызылорда облысының Шиелі ауданында, Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданында сайлаушылармен кездесуі

24	15 қараша	Маңғыстау облысына сапары Алматы, Астана, Атырау қалаларында, Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында сайлаушылармен кездесуі
25	16 қараша	Түркістан облысы мен Шымкент қаласына сапары Астана, Қостанай, Жаңаөзен қалаларындағы сайлаушылармен кездесуі. Шығыс Қазақстан облысы, Жетісу ауданында «Есіктен есікке» акциясы «BIR TOLQYNDA» алаңы
26	17 қараша	Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы, Түркістан облысы, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында сайлаушылармен кездесуі Президенттік жастар кадрлық резервінің мүшелерімен, Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының өкілдерімен кездесуі
27	18 қараша	Алматы қаласына сапары Отырар ауданында сайлаушылармен кездесуі ТМД Парламентаралық Ассамблеясының халықаралық байқаушыларымен кездесуі Қ. Тоқаевтың қатысуымен Халық коалициясының форумы

Платформа. Тоқаевтың «Баршаға ортақ игілік! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» сайлауалды бағдарламасында **үш негізгі қағида бар: әділ мемлекет, әділ экономика және әділ қоғам.** Тоқаевтың бағдарламасы барынша жан-жақты және саяси реформалар мен соттардың қызметінен құндылықтарды дамыту мен тұрақты дамуға дейін мемлекет қызметінің барлық маңызды бағыттарын қамтиды. Әр бөлімде осы немесе басқа аспектілердің маңыздылығын көрсететін тезистер ұсынылып, үміткердің ұсыныстары тізімделеді. Көптеген тармақтар бұрын жарияланған бастамаларды біріктіреді және оларды жүзеге асыру жолдарын сипаттайды.

Әділ мемлекет. Бұл бөлімде Тоқаев «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласының маңыздылығын тағы бір мәрте айта келіп, мемлекеттік

мүдделерді қорғау, мемлекеттік қызметкерлер тарапынан тиімді жұмыс, адал соттар, қорғанысты нығайту, сондай-ақ ойластырылған сыртқы саясат құрылуы үшін мемлекет мүддесін қорғау қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы конституциялық реформалар мен сайлау процесіндегі өзгерістерді қамтитын саяси трансформацияның ағымдағы бағытын жалғастыруға шақырады. Тоқаев мемлекеттік басқару саласында президенттік кадрлық резервті дамыту, апелляциялық сотты реформалау, алқабилер құрамын кеңейту, азаматтардан жауап алу кезінде құқық бұзушылықтың алдын алу, қару-жарақты жаңғырту, әскери саланы дамыту сынды ұсыныстармен шықты.

Әділ экономика. Тоқаевтың экономикалық саясатының басты мақсаты – монополияға және мемлекеттің шектен тыс араласуына жол бермейтін, барлығына ашық және тең жүйе құру. Маңызды бөлімдердің қатарында – ұлттық қор активтерінің 100 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғаюы, көлеңкелі экономиканың жалпы ішкі өнімдегі үлесін 15% -ға дейін қысқарту, шетелдік инвестицияны 150 миллиард долларға тарту, жаңа Салық кодексі және мемлекеттік сатып алу туралы заң, инфляцияны, шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар санын 4,7 миллионға дейін арттыруды ескере отырып, ең төменгі жалақыны есептеу механизмі. Бұл тұрғыда ауыл шаруашылығын дамыту (негізгі ұсыныстары – кооперативтерді дамыту және сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу), көлік дәліздері мен логистика (теңіз, әуе, теміржол және цифрлық бағыттарды дамыту), энергетика (барлық қолда бар энергия көздерін дамыту), өңірлер мен инфрақұрылымды дамыту (тұрғын үй, сумен жабдықтау, республикалық және облыстық маңызы бар жолдар), ғылыми әлеуетті арттыру, елде цифрландыруды одан әрі ілгерілету сияқты ұсыныстар да қарастырылған.

Әділ қоғам. Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет және экология сияқты маңызды мәселелер бойынша кешенді шаралар қамтылғандықтан бұл – бағдарламадағы ең ауқымды бөлім. Білім беру бойынша ұсыныстар мектепке дейінгі мекемеден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі барлық деңгейлерді қамтиды. Мұнда балаларды қабылдау, материалдық-техникалық базаны кеңейту, жеңілдіктер беру, қосымша білім беру және студенттерді баспанамен қамтамасыз ету басты назарда. Медицинаны дамыту салауатты өмір салты құндылықтарын енгізу, сақтандыруды жақсарту, онкология және ұлттық фармацевтика саласын дамыту, барлық өңірлерде медицинаға қолжетімділікті және цифрландыруды ескере отырып қамтамасыз етіледі. Әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінде мемлекет тарапынан ауқымды шаралар, оның ішінде 18 жасқа толған балаларға қордан қаражат бөлу туралы осыған дейінгі халыққа үндеуінде айтылған бастама қамтылған. Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қорының қаражатын «Қазақстан халқына» қорына бөлу және жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң әзірлеу қарастырылған. Ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға, жетім балаларға, күнкөрісі төмен отбасыларға кешенді шаралар қарастырылған. Ортақ құндылықтар мен мәдениет туралы бөлімнің маңызды пункті – ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра мәртебесі бар объектілерді кеңейту. Сондай-ақ жастардың бастамаларын қолдауға бағытталған тұрақты даму шаралары, оның ішінде зиянды өнеркәсіптік шығарымдарды 20%-ға азайту, жаңа су кодексін қабылдау, орман алқаптарын ұлғайту, электрлік ұтқырлық инфрақұрылымын дамыту қарастырылған.

3.6. Салтанат Тұрсынбекова – «Қазақ аналары – дәстүрге жол» ҮЕҰ үміткері



Өмірбаяны²⁷. Салтанат Тұрсынбекова 1966 жылы 5 қыркүйекте Жамбыл облысында дүниеге келген.

Мамандығы бойынша тарихшы және қоғамтанушы. 80-жылдары сол кездегі Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Мәскеу мемлекеттік заң академиясын заңгер мамандығы бойынша аяқтағаннан кейін 30 жылдан астам мемлекеттік қызметте, оның ішінде басшылық қызметтерде жұмыс істеген.

Салтанат Тұрсынбекова 20 жылдан астам өмірін мемлекеттік қызметке арнады. 10 жылға жуық уақыт Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде, Жоғарғы Сотта және Бас прокуратурада басшылық қызметтерде жұмыс істеді.

Бүгінде Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі.

Сондай-ақ Тұрсынбекова «Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» жобасының негізін қалаушы және жетекшісі. Жобаны Тұрсынбекова ҚР Бас Прокурорының ерекше тапсырмалар бойынша аға көмекшісі қызметін атқарған кезде ҚР Бас прокуратурасы әзірлеген. 2020 жылы «Нұр Отан» партиясының (қазіргі «Аманат») партия ішілік сайлауына қатысты.

²⁷ Формадағы әйел және қоғам қайраткері: президенттікке үміткер Салтанат Тұрсынбекованың өмірбаяны, Sputnik Қазақстан сайтынан: <https://ru.sputnik.kz/20221021/zhenschina-v-pogonakh-i-obschestvennitsa-biografiya-kandidata-v-prezidenty-saltanat-tursynbekovoy-28659756.html>

Науқан мәліметтері. Тұрсынбекованы үміткер ретінде ұсынған «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі былтыр қараша айынан бері жұмыс істеп келеді. Қауымдас-тықтың жетекшісі және негізін салушылардың бірі – қазақстандық актриса және продюсер Айгүл Жүгінісова. Үміткер 11 қазанда ұсынылып, сол күні құжаттар ОСК-ға тіркеуге жіберілді. 12 қазанда ҚР ОСК Тұрсынбекованың кандидатурасын сайлауға жарамды деп таныды. 20 қазанда ол президенттікке үміткер ретінде тіркелді.

21 қазанда республикалық сайлауалды штабы өз жұмысын бастады. 23 қазанда орталық және облыстық штаб өкілдерінің қатысуымен ресми отырыс өтті, сол күні штабқа тәуелсіз бақылаушылар тобы келді. Штаб жетекшісі – PR және коммуникациялар саласының маманы, NazymPR агенттігінің негізін қалаушы Назым Жанғазинова. Ел аумағында 279 қызметкерден тұратын 20 облыстық штаб ашылды. Сайлау штабы әлеуметтік желілердегі парақшаларында Жанна Мұхамеди, Джохар Өтебеков, Халида Әжіғұлова және «Феминита» ұйымы сияқты түрлі құқық қорғаушылар қолдау білдірген сөздерді жариялады. Аймақтық штаб белсенді жұмыс істеді. Осылайша, Батыс Қазақстан облысында жергілікті облыстық штабтың басшысы мен қызметкерлері Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметкерлерімен кездесу өткізді.

ҚР ОСК ақпаратына сәйкес, 1 қарашаға дейін Тұрсынбекованың сайлау қорына 47,7 миллион теңгеге жуық қаражат түсті. Оның 49% үміткердің немесе оны ұсынған ұйымның жеке қаражаты, 51% азаматтар мен ұйымдардың ерікті қайырылымдықтары. Бұл барлық үміткерлер арасындағы ең қарапайым қор. 1 қарашадағы жағдай бойынша Тұрсынбекова мен оның штабы шамамен 36,7 миллион теңге жұмсаған: оның үлкен үлесі – шамамен 34 миллион теңге – үгіт-насихаттық жарнаға, 682 мың теңге іссапарларға, 2,6 млн теңге сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарына,

141 мың теңгеге жуық көлік шығындарына кетті.

Науқандық жұмыс. 24 қазан күні Астанадағы құқық қорғаушылармен кездесуден басталды (кесте 8).

Кесте 8. Үміткердің қызметі

№	Өткен күні	Іс-шара
1	11 қазан	«Қазақ аналары – дәстүрге жол» ҚБ үміткер ретінде ұсынылуы
2	11 қазан	Құжаттардың ҚР ОСК тапсырылуы
3	12 қазан	Қазақ тілінен емтихан тапсыруы
4	12 қазан	ҚР ОСК Тұрсынбекованың президенттікке үміткерге қойылатын талаптарға сай келетінін хабарлауы
5	20 қазан	Президенттікке үміткер ретінде тіркелуі
6	21 қазан	Республикалық сайлауалды штабы ашылуы
7	24 қазан	Астанада құқық қорғаушылармен кездесуі
8	26 қазан	Қарағанды облысына сапары
9	27 қазан	Көкшетау қаласына сапары
10	31 қазан – 1 қараша	Шымкент қаласына сапары
11	1-2 қараша	Түркістан облысындағы сайлаушылармен кездесуі
12	4-7 қараша	Алматы қаласына сапары
13	9 қараша	Қостанай қаласына сапары
14	11 қараша	Дебатқа қатысуы
15	13 қараша	Маңғыстау облысына сапары
16	15 қараша	Шығыс Қазақстан облысына сапары
17	16 қараша	Павлодар облысына сапары
18	17 қараша	Солтүстік Қазақстан облысына сапары

Тұрсынбекова барлығы 12 облысты аралады. Көріп отырғанымыздай, сайлау науқаны аясында үміткер адам құқықтарына, атап айтқанда, әйелдер

құқығы мен оларға қатысты зорлық-зомбылыққа баса назар аударды.

Платформа. Тұрсынбекованың сайлауалды бағдарламасы барлық президенттікке үміткерлер арасында ең аз құрылымды десе де болады. Бағдарламада үміткерлердің көпшілігіне тән тенденция бар – Тұрсынбекова өзінің негізгі қызмет саласы – құқықтарды қорғау және әлеуметтік даму мәселесіне баса назар аударады. Бағдарлама **5 негізгі бөлімнен тұрады:**

1. «Сот жүйесінің реформасы және қоғамдық қауіпсіздік», онда құқық бұзушылықтардың алдын алу және даулар мен жанжалдарды балама шешу, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты заңнаманы жетілдірудің басымдылығы ұсынылады.

2. «Билік институттарын демократияландыру. Саяси жүйені модернизациялау», мұнда тек үш тармақ ұсынылған: саяси бәсекелестік, сайлауды жетілдіру және адам құқықтарын қорғауды жақсарту.

3. «Азаматтық қоғамды дамыту», мұнда екі тармақ ұсынылған: есептілікті дамыту және қоғамдық бақылауды күшейту.

4. Бағдарламаның ең ауқымды бөлімі – «Отбасы институтын нығайту, халықты әлеуметтік қорғау». Бұл бөлім әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту (әсіресе халықтың осал топтары үшін), жастарды қолдауға арналған субсидиялар мен жеңілдікті бағдарламалар бойынша шаралар кешенін қамтиды.

5. «Бизнесті қолдаудың және экономиканы дамытудың тұрақты құқықтық тетіктерін қамтамасыз ету», мұнда тағы да тек екі тармақ бар: бәсекелестікті дамыту және жекешелендірудің аудиті.

IV. САЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

4.1 Сайлауды ақпараттық қамтамасыз ету жұмыстары

Сайлау – өткізу кезеңінде де, оның қорытындыларын талқылау кезеңінде де еліміздің ақпараттық өрісін қалыптастыратын басты оқиғалардың бірі болған және болып қала береді. Жаһандық және қазақстандық медиа-кеңістіктің даму ерекшеліктерінің, тенденцияларының бірі – арналардың, ақпарат көздерінің және оны ұсыну нысандарының кеңеюі. Мұның бәрі сайлау додасына әсер ететіні сөзсіз.

Қазақстанның сайлау заңнамасы президенттікке үміткерлердің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін БАҚ-қа бірдей қолжетімділігі мәселесін реттейді. «Сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес Президенттікке үміткерлердің үгіт материалдарын жариялау үшін БАҚ төлем мөлшері, эфир уақыты мен баспа алаңын берудің шарттары мен тәртібі туралы ақпаратты жариялауға және Орталық сайлау комиссиясына ұсынуға міндетті.

ҚР ОСК мәліметі бойынша, 2022 жылғы Президент сайлауында барлығы 320 БАҚ толық ақпаратпен қамтамасыз етіліп, тиісінше үгіт материалдарын жариялау мүмкіндігі берілді. Оның 72-і электронды БАҚ, 141-і баспа БАҚ және 107-і онлайн БАҚ болды²⁸. Ұсынылған тізімде 35-тен астам телеарна, 30 радиостанция бар.

Сонымен қатар ҚР Орталық сайлау комиссиясы үміткердің республикалық бюджет қаражаты есебінен өтелетін шығындарының көлемін де белгілейді. Атап айтқанда, бұған теледидарда, радиода, баспасөзде екі мақала жариялау, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, науқандық іс-шаралар мен баспа материалдары, көлік шығындары сияқты шығыстар жатады. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен әрбір үміткерге оның сайлауалды үгітін ақпараттық қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен 10 312 600 теңге бөлінді²⁹.

Үміткерлердің бюджет қаражатынан басқа екі көзден қаржыландырылатын жеке сайлау қорлары болады:

- үміткердің жеке қаражаты, үміткерді ұсынған республикалық қоғамдық бірлестік бөлген қаражат (720 миллион теңгеге дейін);
- азаматтар мен ұйымдардың ерікті қайырымдылықтары (900 миллион теңгеден аспау қажет).

Үміткердің қаржылық ресурстары ауқымдылыққа, аудиторияны үгіт-насихатпен қамту деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Сәйкесінше, үміткердің ақпараттық кеңістігіндегі ақпараттық өкілдігін, «көрінуін» анықтайды. Төменде 2022

²⁸ Үміткерлердің үгіт материалдарын орналастыруға құқығы бар бұқаралық ақпарат құралдарының тізімі. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы (election.gov.kz)

²⁹ Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткердің 2022 жылғы 20 қарашаға белгіленген Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізуге арналған республикалық бюджет қаражаты есебінен жабылатын шығыстарының мөлшерін белгілеу туралы <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=7361>

жылғы 14 қарашадағы жағдай бойынша президенттікке үміткерлердің әрқайсысының сайлау қорлары туралы деректер берілген (кесте 9)

Кесте 9. Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткерлердің сайлау қорларының түскен және жұмсалған қаражат, мың теңге

Үміткер	Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткерлердің сайлау қорына қаражат түсімдері
Әбден Қ.Ж.	187 794
Әуесбаев Н.С.	109 921
Дайрабаев Ж.М.	404 276,2
Қажыкен М.З.	83 524,5
Тоқаев Қ.К.	1 619 999,7
Тұрсынбекова С.П.	47 680

ҚР ОСК мәліметі бойынша³⁰

Кестеде көрсетілгендей, үміткерлер арасында қаржылық мүмкіндіктері тұрғысынан айтарлықтай айырмашылық бар. Мысалы, ең үлкен бюджет (үміткер Тоқаев Қ.К. – 1 млрд 619 млн теңге) ең кіші бюджеттен (үміткер Тұрсынбекова С.П. – 47 млн. теңге) 34 есе үлкен. Шығыстардың ең үлкен бабы баспа, аудиовизуалды және басқа да үгіт материалдарын шығару және тарату, рәміздерді басып шығару болып табылатынын атап өтуге болады.

Сонымен қатар Тоқаев Қ.К., Қажыкен М.З. сайлауалды штабтары бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу сияқты бағытты да ерекше атап өткен. Дайрабаев Ж.М. және Тоқаев Қ.К. штабтары – көпшілікке арналған үгіт-насихат шаралары. Осы жерде айта кететін жайт, үгіт-насихат материалдарында

³⁰ Сайлау қорлары қаражатының түсуі мен жұмсалуды туралы есептер. <https://www.election.gov.kz/rus/banners/index.php?section=reports&ID=7253>

ақпараттық, жаңалық сипаттағы басылымдар жоқ. Үгіт-насихат басылымдарының басқа басылым түрлерінен басты айырмашылығы – үміткерге дауыс беруге шақыру. Сондай-ақ тағы бір ерекшелігі – оларды орналастыру президенттікке үміткерлердің бюджетінен төленетіндігі.

Осылайша, сайлау алдындағы жарыс барысында үгіт материалдары да, жаңалықтар да, сайлау және жалпы үміткерлер туралы ақпараттық басылымдар да жарық көрді. БАҚ, оның ішінде интернет-ресурстар сайлау туралы материалдар жарияланған жеке жаңалықтар қойындыларын орналастырып, тақырып бойынша материалдарды табуды жеңілдететін арнайы хэштегтер жасады (кесте 10).

Кесте 10. Арнайы жаңалықтар қойындыларының мысалдары, интернет-ресурстар пайдаланатын хэштегтер

Интернет-ресурстың атауы	Арнайы қойындының / хэштегтің тақырыбы
 TENGRINEWS	Президенттік сайлау 2022
	#ҚР президентінің сайлауы-2022
	Сайлау-2022
	#ПрезидентСайлауы
 «Хабар» агенттігі	Сайлау2022
	Сайлау
	Сайлау-2022


ҚР АҚДМ мәліметі бойынша, үгіт-насихат жұмыстары басталғаннан бері 2022 жылғы 21 қазан мен 19 қараша

аралығында БАҚ-та президенттікке үміткерлердің сайлау-алды жарыс контекстіндегі қызметі туралы айтылған **18 426 материал жарияланған**. Олардың ішінде:

- интернет-ресурстарда – 3 782;
- баспа басылымдарында – 2 523;
- теледидарда – 12 052;

ҚР АҚДМ деректері бойынша, үміткерлердің әрқайсысы БАҚ-та өзінің үгіт-насихат қызметін біркелкі жариялаған. Пайыздық мәнде үміткерлердің әрқайсысының материалдар көлемі шамамен 16,7% құрады.

Сурет 1. БАҚ-та үміткерлердің үгіт-насихат қызметін жариялаудың біркелкілігі



Диаграммада көрсетілгендей, бұқаралық ақпарат құралдарында біркелкі жариялау принципі сақталған. Белгілі бір үміткердің пайдасына 1-2%-ға дейін шамалы ауытқыған статистикалық айырмашылықтар рұқсат етілген.

The screenshot shows the website **zakon.kz** with the following content:

- Header:** zakon.kz, Спорт, Статьи, Власть, Порядок, Деньги, Жизнь, Развитие, Экспертиза
- Navigation:** #Ситуация в Украине, #1xBet, #Выборы президента РК-2022, Ставки на спорт: 1xBET, Забери от
- Main Banner:**
 - 20 января 2022
 - ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 - ПОРЯДОК ГОЛОСОВАНИЯ НА ВЫБОРАХ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 - Важнейший шаг к демократии
 - Каждый избиратель получит бюллетень в удобное для себя время. Избирательный бюллетень выдается при предоставлении удостоверения личности.
 - Гражданин заполняет избирательный бюллетень в кабинке для голосования. Отметка ставится в пустом квадрате справа от фамилии кандидата, за которого он голосует или же в строке «Против всех».
 - Избиратель, не имеющий возможности самостоятельно заполнить бюллетень, вправе воспользоваться помощью доверенного лица.
 - Заполненный бюллетень опускается в урну для голосования.
 - Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан
- Section: PVL NEWS ТЕК ШЫНАЙЫ АҚПАРАТ**
- Navigation:** БАСТЫ БЕТ, ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ, ҚАЗАҚСТАН, ӘЛЕМ, COVID-19, ҚЫЛМЫС, АРНАЙЫ ЖОБА, ПАВЛОДАР OFFICIAL, СПОРТ
- News Section:**
 - ЗВЕЗДА ПРИНІТЬШЬЯ SARYARQA SAMALY**
 - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ
 - 20 қаңтар 2022 ж.
 - СӨЗІМІЗ ДАУЫС БИРЛІГІ
 - САЙЛАУҒА ДЕЙІН 5 КҮН ҚАЛДЫ
 - Жаңалықтар тізбегі**
 - Павлодарлық колледж дуалды оқытуды тереңдетік 13:29 15.11.2022 13
 - Екібастұда кәсіпкерлер топтамаған қызды азындау фактісі бойынша тергеу басталды 13:02 15.11.2022 22
 - Павлодарда су бағасы уақытша төмендеді 12:32 15.11.2022 23
 - Екібастұда Бірқатар тұрғын үйлер мен құрылыстарда уақытша жылу өшірілді 12:09 15.11.2022 22
 - Іздеу отряды кішкентай павлодарлықтарға ерлік сабағын өткізді

Сонымен қатар сайлау туралы ақпараттық сүйемелдеуге немесе ақпараттандыруға жергілікті атқарушы органдар, ҚР ОСК және жергілікті сайлау комиссиялары тікелей қатысады.

Сайлауды ақпараттық сүйемелдеу шеңберінде ҚР ОСК бірқатар материалдар дайындады: дауыс беру бойынша және жалпы 2022 жылғы сайлау туралы түрлі нюанстарды түсіндіретін аудио- және бейнероликтер – 20 материал; әдіс-темелік материалдар – 8 дана: үміткерлерге, БАҚ-қа, байқаушыларға арналған жадынамалар, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелеріне арналған құралдар және тағы басқалар; БАҚ-та ротацияланып орналастырылған



әртүрлі ақпараттық баннерлер бағыттары: ақпараттандыру, сайлауға шақыру, үгіт-насихат – 20 дана.

ҚР АҚДМ-нің хабарлауынша, 2022 жылдың 21 қазанынан бастап БАҚ-та сайлау процесін түсіндіре отырып, 1 300-ге жуық ақпараттық материалдар, дауыс беруге шақырумен уәждемелік жарияланымдар орналастырылды. Бұдан басқа, республикалық және өңірлік телеарналардың эфирінде 12,2 мыңнан астам мотивациялық бейнероликтер ротацияланып, оның 9 мыңнан астамы өңірлік телеарналардың эфирінде көрсетілді.

Сайлауды ақпараттық қамтамасыз ету мәселесінде соңғы жылдардағы жаңалықтардың бірі – сайлау күні онлайн телемарафон өткізу. Ағымдағы жылы «Қазақстан» телерадиокорпорациясы 16 сағаттық тікелей телемарафон ұйымдастырып, таңғы сағат 9:00-ден түнгі 1:00-ге дейін отандық телерадиоарналар, интернет-ресурстар және әлеуметтік желілердегі ресми БАҚ akkaунттары арқылы көрсетілді.

Телемарафон аясында ақпаратты ұсынудың, қонақтармен, шақырылған спикерлермен өзара әрекеттесудің және пікірталас алаңдарының әртүрлі форматтары ұйымдастырылды:



- TED-х форматындағы баяндамалар және атақты спикерлердің мотивациялық лекциялары;
- аймақтардан тікелей трансляциялар;
- сағат сайынғы брифингтер;
- «экспресс камера» - спикерлермен қысқаша сұхбат;
- еліміздің қоғамдық-саяси дамуының әртүрлі тақырыптары бойынша пікірталастар;
- шоу-бизнес жұлдыздарының, стендап әзілқойларының, шоумендердің және т.б қатысуы.

Телемарафонға 1500-ден астам көрермен, спикерлер, қоғам қайраткерлері, депутаттар, мәдениет қайраткерлері және т.б. келді.

Қорытындылай келе, сайлау маңызды болғандықтан оған ақпараттық назардың деңгейі тиісінше жоғары болды. 2022 жылғы президентті сайлау да осыған дәлел. Сайлау туралы, үміткерлердің сайлауалды штабының қызметі туралы ақпарат БАҚ беттерінде, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде және теледидарда белсенді түрде орналастырылды.

4.2 Сайлауалды дебат

Президенттікке үміткерлердің қоғамдық және бәсекелестік өрісте елдің дамуына өзіндік көзқарасын талқылау, сайлаушыларға үндеу және үгіт науқанының барысына ықпал ету мүмкіндігі – сайлау додасының құрамдас бөлігі.

Бұрынғы парламенттік және президентті сайлаулардың тәжірибесі Қазақстанда сайлау алдындағы дебат өткізудің қалыптасқан мәдениеті туралы айтуға мүмкіндік береді.



Президент сайлауы, 2019 ж.



Парламент сайлауы, 2016 ж.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының шешіміне сәйкес, 2022 жылғы сайлауалды теледебат 2022 жылғы 11 қарашада «Хабар» телеарнасында өтті³¹.

Теледебат «Хабар» телеарнасында тікелей эфирде мемлекеттік және орыс тілдерінде өтті. Оларға президенттікке 5 үміткер қатысты. Тоқаев Қ.К. атынан оның сенімді өкілі, сайлауалды штабының жетекшісі Ерлан Қошанов қатысты. Осылайша, үміткерлердің әрқайсысына нақты уақыт режимінде сайлаушылар алдында сөз сөйлеу мүмкіндігі берілді.

Теледебат қатаң ережелерге сәйкес 4 раундтан тұрды:

³¹ 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында сайлауалды теледебаттар мен пікірталастарды өткізу туралы <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=7719>

ПРЕЗИДЕНТСКИЕ ВЫБОРЫ-2022: ДЕБАТЫ КАНДИДАТОВ В ПРЕЗИДЕНТЫ

11 НОЯБРЯ, 20.00, ТЕЛЕКАНАЛ "ХАБАР"



ЕРЛАН
КОШАНОВ

ЖИГУЛИ
ДАЙРАБАЕВ

КАРАКАТ
АБДЕН

МЕЙРАМ
КАЖЫКЕН

НУРЛАН
АУЕСБАЕВ

САЛТАНАТ
ТУРСЫНБЕКОВА

Раунд 1 – Сайлауалды бағдарламаның тұсаукесері, онда үміткерлер өз платформаларының негізгі тезистерімен таныстырды. Әр үміткерге баяндама жасау үшін 3 минут уақыт берілді;

Раунд 2 – Талқылау сессиясы, оның барысында үміткерлердің әрқайсысы екі қарсыласына сұрақ қою мүмкіндігіне ие болып, сонымен қатар басқа үміткерлердің 2 сұрағына жауап беруі қажет болды;

Раунд 3 – Сайлаушылардың сұрақтары. 2022 жылдың 10 қарашасына дейін «Үміткерден сұра» айдарына өтініш қабылданды. Сайлаушылар кез келген үміткерге сұрақ қою мүмкіндігін алды. Ол үшін олар сұрақты ұзақтығы 1 минуттан аспайтын видеоға түсіріп, debaty-2022@khabar.kz электрондық поштасына жіберуі керек болды. Содан кейін кездейсоқ әдіс бойынша келіп түскен бейнероликтердің ішінен әр қатысушыға бір сұрақ таңдалды. Бұл ретте сайлаушыларға жауап беру үшін үміткерлердің штабына қалған сауалдар жолданды;

Раунд 4 – Сайлаушыларға үндеу.



Үміткерлердің, олардың өкілдерінің сөз сөйлеу тәртібін анықтау үшін теледебат басталар алдында жеребе тарту рәсімі өткізілді. Оған сәйкес бірінші болып Е.Қошанов сөз сөйледі. Одан кейін Қ. Әбден, Ж. Дайрабаев, Н.Әуесбаев, С.Тұрсынбекова және М. Қажыкен шықты. Осы ретте алдыңғы раундты аяқтаған үміткер келесі раундта бірінші болып сөйлейді.

Өткентеледебаттың бір ерекшелігі – сайлауалды штаб өкілдерінің эфирге шығып, өз үміткерлерын қолдауына мүмкіндік берілді. Тағы бір жаңалық – сайлаушылардың сұрақтарының топтамасы енгізілді. Сонымен қатар телекөрсермендерден бөлек, олар әлеуметтік желілердегі түрлі платформаларда онлайн режимде теледебаттардың барысын тамашалауға мүмкіндік алды.

Жалпы, теледебаттар сабырлы, ұстамды жағдайда өтті. Үміткерлердің әрқайсысы киім-кешек, реквизиттерді пайдалану, қарсыластарына сұрақ қою кезінде сөйлеу стилін таңдау, сондай-ақ, сайлауалды бағдарламаның қалыптасқан имиджі мен негізгі бағыттарын ұстанды. Мысалы, бағдарламалары мен үгіт-насихат жұмыстарынан көрінетін ұлтжанды көзқарастағы үміткерлер пікірсайыстарда тек қазақ тілінде сөйледі.

Теледебаттардың 2-ші раундағы схемасы



Алайда үгіт-насихат науқаны кезінде сайлауалды бағдарламалары, іс-шаралары мен іс-әрекеттері, PR-әрекеттері ерекшеленген үміткерлер арасында пікірталас пен полемиканың жарқын сәттері атап өтуге болады.

Осылайша, ҚР Президенттігіне үміткерлер арасында теледебат пен пікірталас ұйымдастыру – олардың бағдарламаларымен «тікелей эфирде» танысуға, тиісінше, неғұрлым орынды және салмақты шешім қабылдауға мүмкіндік береді деп қорытынды жасауға болады. Екінші жағынан, саяси трансфор-

мация жағдайында үміткерлерді ашық, қолжетімді талқылау, сайлаудың бәсекелестік сипатын растайды.

4.3 Медиа және интернет технологиялары

Сайлау елдің болашақтағы дамуы үшін маңыздылығымен ғана емес, сонымен бірге үміткерлер, саяси партиялар әртүрлі сайлау технологияларына жүгінетін билік үшін саяси күрестің қарқындылығымен де назар аудартады.

Цифрлық технологиялардың, әлеуметтік желілердің, интернет-медиа ресурстарының дамуы, таралуы және қолдану аясының кеңеюімен олардың сайлау додасындағы маңызы да артты. Бүгінгі таңда үгіт-насихат науқандары көбінесе әлеуметтік желілерде өтеді. Себебі бұл аудиторияны айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді. Осылайша сайлаушылармен араласудың дәстүрлі әдістері де қолданылады: парақшалар, жарнамалық баннерлер, баспа өнімдері, іссапарлар және халықпен бетпе-бет кездесулер.

2022 жылғы президент сайлауында дауыс үшін күресте түрлі БАҚ пен интернет-технологияларды кеңінен қолданады. Үміткерлер мен олардың сайлауалды штабтары президенттікке үміткерді насихаттау үшін әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланды. Негізгі әлеуметтік желілер: Facebook, Instagram, басқа желілерге қарағанда аз пайдаланылған TikTok, Twitter және Youtube. Дегенмен, бұл жерде посттардың мазмұны іс-шаралар, үгіт-насихат жұмыстары, үміткердің сайлаушылармен кездесулері арқылы қалыптасқанын айта кеткен жөн.

Сонымен қатар үміткерлер мен штабтардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Тоқаев Қ.	<p>Үгіт-насихат жұмыстары барлық әлеуметтік желілерде Тоқаев2022 жалпы атауымен сайлауалды штабының парақшаларынан жүзеге асырылды. Аймақтардағы іссапарлардан штаб қызметінің материалдарын екі тілде (10 және одан да көп пост) күнделікті жарияланып, бірыңғай стильде рәсімделген бейне және фотоматериалдар пайдаланылды. Сұхбат, апта сайынғы іс-шаралар дайджесттері, жұмыс нәтижелері бойынша таныстыру турлары сияқты түрлі форматтар қолданылды. Жалпы алғанда, мазмұны жағынан контент барлық алаңдарда белгілі бір дәрежеде қайталанылды. Сонымен қатар әлеуметтік желілердің Reels, YouTube Shorts сияқты ерекшеліктері белсенді қолданылды. Сондай-ақ #Тоқаев2022 #Тоқаев2022 #Тоқаев2022 хэштегтері де қолданылды.</p>
Әбден Қ.	<p>Әлеуметтік желідегі үміткердің жеке парақшалары ғана пайдаланылды. Көбінесе сапарлар мен сайлаушылармен кездесулерден, фото және бейнематериалдармен сүйемелденген қазақ тіліндегі жазбалар (3-6 пост) жарияланды. Жазбалар басқа алаңдарда да қайталанып шығарылды. Бейнеконтент арқылы таңғалдыру әрекеті қолданылды. Хэштегтері: #қарақатәбден #қарақатабден2022 #қарақатқадауысберемін</p>
Әуесбаев Н.	<p>Үміткерді ілгерілету үшін әлеуметтік желілердегі жеке аккаунттары да, ЖСДП партиясының парақшалары да пайдаланылды. Екі жағдайда да материалдар мазмұн жағынан бірдей болды. Күніне екі тілде фото және бейнематериалдармен 2-6 пост жарияланды. Алайда бейнетүсірілімге жоғары кәсібилік деңгейі байқалмады. Instagram роликтерінде Reels механизмі қолданылды. Хэштегтері: #НұрланӘуесбаевқаДауысБер #ГолосуйЗаНурланаАуесбаева #ОСДП #ЖСДП</p>

Дайрабаев Ж.

Үміткер үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін жеке Facebook парақшасын пайдаланды. Ал басқа әлеуметтік желілерде «Ауыл» партиясының аккаунттары қамтылды. Көбінесе контент қазақ тілінде күніне 2-7 жазба, атап айтқанда «ауылдың тумасы» имиджі тақырыбында бейне және фотоматериалдар жарияланды.

Қажыкен М.

Әлеуметтік желілердегі жеке парақшалар, үміткерді ұсынған ұйымның аккаунттары белсенді болған жоқ. Аймақтардағы іссапарлардың нәтижесі (2-5 жазба) бейне және фотоматериалдармен бірге екі тілде жарияланып отырды. Мазмұн жағынан пресс-релиз форматында жазылған жазбалар басқа алаңдардағы жазбалардан ерекшеленген жоқ. Instagram аккаунты сайлау кезінде пайдалану үшін ашылған. Өзі туралы еркін түрде жазылған хабарламалар ең көп жауап алды.

Тұрсынбекова С.

Facebook-тегі жеке парақшасына көбірек назар аударылды. Сондай-ақ үміткердің Tursynbekovanyu_shtaby атауымен танылған штаб аккаунттары да белсенді қолданылды. Күн сайын бейресми сипатта, фото және бейнероликтермен бірге екі тілде жазылған, басқа үміткерлермен салыстырғанда біршама қысқа 2-8 пост жарияланып отырды. Жазбалар мен жарияланымдар барлық платформаларда бірдей. «Әйелдер мен балаларды қорғаушы» бейнесін қалыптастыру үшін түрлі форматтар пайдаланылды. Сайлаушылармен, әйелдер ұйымдарымен ерікті қарым-қатынас туралы бейнелер мен фотосуреттер, танымал тұлғалардың, құқық қорғаушылардың, адвокаттардың үміткер туралы пікірлері, әртүрлі әрекеттер мен әлеуметтік эксперименттер жарияланды.

Хэштегтері: #СТ22 #ST22 #Тұрсынбекова2022
#Тұрсынбекова22 #VoteForTursynbekova #VoteST22

Сонымен қатар Қ. Тоқаевтың сайлауалды штабының ма-

териалдарын қоспағанда, жазбалардың оқылуы төмен болғанын атап өтуге болады. Бұған жазбалардың түрлі форматта жариялануы, штаб туралы БАҚ-та көп жазылуы, танымал сайттардағы жарнама және т.б. ықпал етті.

Кесте 11. Үміткерлердің Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі аккаунттары


	Facebook		Instagram	
	Күніне шығатын жазбалар	Жазылушылар	Жазбалар	Жазылушылар
Жеке парақшалар				
Қ. Әбден	3-5 жазба	Жасырын	428 жазба, 21 reels, 200-3500 қаралымы бар	13,1 мың
Н. Әуесбаев	2-4 жазба	4958	60 жазба, 20 reels, 100-1300 дейін қаралымы бар	676
Ж. Дайрабаев	2-5 жазба	4 285	-	-
М. Қажыкен	3-6 жазба	2819	58 жазба, 34 reels, 30-700 қаралымы бар	201
Қ. Тоқаев	-	-	-	-
С.Тұрсынбекова	2-7 жазба	4 691	4 жазба	1 092

Үміткерлерді ұсынған штабтардың, партиялардың және қоғамдық ұйымдардың парақшалары

	Қолданбаған, тіпті жарнама туралы мәлімет жоқ	Қолданбаған, тіпті жарнама туралы мәлімет жоқ
Қ. Әбден	Қолданбаған, тіпті жарнама туралы мәлімет жоқ	Қолданбаған, тіпті жарнама туралы мәлімет жоқ
Н. Әуесбаев	Сүйемелдеусіз репосттар	4,5 мың
		644 жазба, 19 reels, 100-900 дейін қаралымы бар
		3 313

Ж. Дайрабаев	Екі тілдегі 4-8 жазба	2,9 мың	1394 жазба, 63 reels, 200-4000 дейін қаралымы бар	6 603
М. Қажыкен	Қолданылмаған		Қолданылмаған	
Қ. Тоқаев	12-15 жазба	7 760	317 жазба, 109 reels, 200-10 000 дейін қаралымы бар	20,1 мың
С. Тұрсынбекова/ Tursynbekovanur_ shtaby	2-7 жазба	273	252 жазба, 32 reels, 200-3500 дейін қаралымы бар	510

Айта кетейік, сайлау штабы басшылары өте белсенді болды. Олар үгіт-насихат материалдарын орналастырумен қатар, өздері пост жазып, тіпті әлеуметтік желілерде бір-бірімен дауға түскен жағдайлар да болған. Мысал ретінде С. Тұрсынбекова мен М. Қажыкеннің штаб басшылары арасындағы пікірталастарды атап өтуге болады. Даудың соңы сексизмге қатысты айыптаулармен аяқталды.



Abul Kekilbayev

Прошу читателей простить мне мою впечатлительность. Мне с женщинами легче ладить, когда они на кухне у плиты)))

Мейрам Қажыкен · Подписаться

С начала агитационной кампании меня стали часто обижать в социальных сетях. Многие – добродушно. К сожалению, есть и те, кт... Ещй

“УВАЖАЕМЫЙ ШТАБ КАНДИДАТА КАЖЫКЕНА,

Бесплатный совет вам от Штаба Турсынбековой: извинитесь сразу. Это сексизм.

Әйел-ана бір қолымен бала тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді. ”

- Штаб Тұрсынбековой

2022 ж. науқанының ерекшелігі - жеке сайттар мен Telegram арналары сияқты платформаларды ашу және пайдалану. Осы мақсатта Тоқаев Қ. (Тоқаев2022.kz), Әбден Қ. (abden.kz) және Тұрсынбекова С. (st22.kz) сияқты үміткерлер жеке веб-сайттарын құрса, Дайрабаев Ж. (auyl.kz) және Н.Әуесбаев (osdr.kz) партиялардың веб-сайттарын пайдаланды. Ал Қажыкен М. кандидатурасын ұсынған Заманауи қоғамды зерттеу институтының (mssi.kz) сайты қолданды.

Бұл ерекшелік сайтты үгіт-насихат алаңы ретінде пайдалануға да әсер етті. Өйткені партия сайттары мен Институт сайты өздерінің қызметі туралы ақпаратқа толы болды. Осылайша үгіт-насихат материалдары жоғалып жатты. Сонымен қатар жеке сайттар шығармашылықпен айналысуға көбірек мүмкіндік берді. Дегенмен олар тұтастай алғанда бір логикаға сәйкес салынған: үміткер туралы ақпарат, бағдарлама, жаңалықтар, байланыс телефондары.

Сайлаушылардың өзара әрекеттесуінің бірнеше нұсқасын ұсынған Қ. Тоқаевтың сайты ерекше атап өтуге болады: бейне-қолдау, тілек-хат және ұсыныс. Сайлау штабы өкілдерінің айтуынша, үгіт-насихат өткен бір ай ішінде үміткердің сайтына 1 миллионнан астам адам кіріп, сайт арқылы штабқа сайлаушылардан 40 мыңнан астам ұсыныс түскен.

Telegram арналар да басқа сайттарда қолданылған ақпараттарды бірдей бейне және фотоматериалдармен жариялады. Telegram арна көбірек фотосуреттер мен бейнематериалдар жүктеуге және мәтінді безендіруге мүмкіндік берді.

Youtube платформаны тек Қ. Тоқаевтың штабы пайдаланды. Оған әртүрлі бейнематериалдар – дайджесттер, «Сұхбат» шығарылымдары, іссапар кезінде түсірілген бейнелер, телеарналардың штаб қызметі туралы шығарған материалдары көмектесті.

Сондай-ақ Қ. Тоқаевтың штабы TikTok парақшасын белсенді пайдаланды. Бұдан бөлек, «Amanat» партиясының «Жастар

рухы» жастар қанаты «Жастар сайлауда кімге дауыс береді» атты TikTok трендін іске қосып, 350 мыңнан астам қаралым жинады. TikTok-тағы #tokaev2022 хэштегімен жарияланған барлық бейнелер (2022 жылдың 18 қарашасындағы жағдай бойынша) 1,3 миллионнан астам қаралым жинады. Жалпы, Қ. Тоқаевтың сайлауалды штабының мәліметі бойынша, үгіт-насихат кезеңінде штабтың әлеуметтік желілердегі аккаунттарында 2 миллионнан астам адам қамтылған.

Ж. Дайрабаевтың сайлауалды штабының мәліметінше, үгіт-насихат жұмыстары аясында штабтың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында 500-ден астам жарияланымдар орналастырылған. Жалпы медиа кеңістігіндегі үгіт-насихат жұмыстарымен 10 миллионнан астам адам қамтылды.

Кесте 12. Президенттікке үміткерлердің Telegram арналары, Youtube арналары және TikTok аккаунттары

	Telegram		Youtube	TikTok
	Атауы	Жазылушылар		
Әбден Қ.	-	-	-	-
Әуесбаев Н.	Osdp.kz	116	OSDP MEDIA 2,81 мың адам, Сайлау туралы 3 видео – 200-500 қаралым	-
Дайрабаев Ж.	Ауылдастар	48	Үгіт науқаны үшін пайдаланылмады	-
Қажыкен М.	Мейрам Қажыкен	65	-	-
Тоқаев Қ.	Toqaeв2022	13 071	Toqaeв2022 14,4 мың адам 64 бейне – 2 мыңнан 37 мың қаралымға дейін 6 shorts	8 380 жазылушы 24 мың лайк 27 тикток бейне, 1000-нан 133 мың қаралымға дейін

Тұрсынбекова С.	Tursynbekova- nyń shtaby	644	39 жазылушы 120 лайк, 12 тикток 80-ден 400-ге дейін қаралды
-----------------	-----------------------------	-----	---

Науқан соңында бірнеше үміткер қорытынды іс-шаралар өткізді. Олар да әлеуметтік желілерде және штабтың ақпараттық арналарында жарияланды. Осылайша, Жигули Дайрабаевтың жақтастары Астанада «Ауылым әнім» фестивалін өткізді. Қ. Тоқаевтың сайлауалды штабы оның кандидатурасын қолдаушылар форумын ұйымдастырды.

Әлеуметтік желілердің қолжетімділігі мен танымалдылығы, сондай-ақ сайлау тақырыбына назардың артуы азаматтардың сайлау тақырыбы бойынша әртүрлі мазмұнды контент жасауға әсер етті. Бұл кейбір үміткерлер үшін «халықтан» шыққан науқанның өзіндік бір бөлігіне айналды. Мысалы, TikTok, Instagram әлеуметтік желілерінде Тоқаев Қ. фан-парақшалары пайда болды. Әртүрлі фан-арт, иллюстрациялар, мемдер жарияланды. Youtube арналар үміткерлердің әрқайсысы туралы арнайы бейнероликтер, Telegram арналары - сайлауалды бағдарламаларға шолулар шығарды.

Жалпы, 2022 жылғы Президент сайлауы БАҚ беттерінде де, әлеуметтік желілерде де белсенді түрде жарияланды. Бұл ретте контент авторлары үміткерлер мен олардың штабтары, сондай-ақ қарапайым азаматтар мен сарапшылар болды. Facebook, Instagram, Telegram мүмкіндіктері барынша белсенді пайдаланылды. Сайлауалды штабтардың, саяси партиялардың өз үміткерін қолдаудағы белсенділігі жоғары болса, қоғамдық ұйымдардан ұсынылған үміткерлерге ешкімнің көмегінсіз өздерін насихаттауға тура келді.

V. ХАЛЫҚТЫҢ ЭЛЕКТОРАЛДЫ БЕЛСЕНДІЛІГІ

5.1 Азаматтық қатысу және бақылау (байқаушылар)

Сайлау – азаматтардың саяси өмірге тікелей қатысуға мүмкіндік беретін маңызды құралдардың бірі. Сайлау барысын бақылау арқылы сайлаудың ашықтығын қамтамасыз етуде азаматтардың қатысуы маңызды. Өз кезегінде сайлау жүйесінің қазіргі трансформациясы азаматтардың сайлау процесіне, оның ішінде сайлауды бақылау институты аясында қатысуына жаңа серпін берді.

Бақылаушылардың объективті және бейтарап институтының болуы – сайлау процесінің ашық болуының міндетті көрсеткіштерінің бірі. Қоғамдық мониторингті жүзеге асыру сайлаушылардың сайлауға деген сенімін арттырып, ашықтық пен жариялылық атмосферасын қалыптастырады. Сайлау

күні сайлаушылардың белсенділігін арттыруға ықпал етіп, тұтастай алғанда сайлаудың заңдылығына оң әсерін тигізеді.

Осылайша, сайлауды бақылау – бұл сайлауға қатысушылардың сайлау заңнамасын бұзуына жол бермеу мақсатында белсенді азаматтардың сайлау процесінің барысына атсалысуы.

Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына сәйкес сайлаудағы бақылауға келесі тұлғалар қатыса алады:

- үміткерлердің сенімді өкілдері;
- саяси партиялардың байқаушылары;
- басқа қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың байқаушылары;
- халықаралық ұйымдардың байқаушылары;
- қазақстандық БАҚ өкілдері;
- шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері.

Кім бақылаушы бола алады?

Сайлауды байқауға қатысудың негізгі шарттары – азаматтың кәмелеттік жасқа толуы, сондай-ақ оның саяси партия/үміткер немесе қоғамдық бірлестік атынан байқаушы ретінде қатысуы.

Жалпы, Қазақстанда түрлі ұйымдар атынан сайлауды бақылаушылардың кең желісі бар екенін атап өткен жөн. Оларға мыналар жатады:

- Партиялық емес бақылау орталығы;
- «Ел дауысы» қоғамдық қоры;
- Вақула тәуелсіз бақылаушылардың азаматтық қозғалысы;
- Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі;
- «Еркіндік қанаты» қоғамдық қоры;
- «Мұқалмас»;
- «НАҚ» қоғамдық қайырымдылық қоры;

- «Жария» және т.б.

Соңғы сайлау циклдарының тәжірибесі көрсетіп отырғандай, байқаушылар саны сайлаудан сайлауға тұрақты түрде өсіп келеді. Мысалы, 2021 жылғы сайлаудағы байқаушылардың жалпы саны 2019 жылғы президентті сайлаумен салыстырғанда 1,6 есе өсті.

Бұл үрдіс қазіргі сайлауға да қатысты. 2022 жылғы президент сайлауына бақылаушы ретінде барлығы 140-тан астам ұйымнан 55 мың адам қатысты. Сайлау учаскелеріндегі бақылаушылардың көпшілігін «Партиясыз бақылау орталығы» атынан 22 мыңнан астам адам байқау процесіне қатысқан. 30 мыңнан астам бақылаушыны «Аманат» партиясы ұсынды.

Айта кетейік, партиялық бағыт бойынша мониторингтік іс-шараларды «Ақжол» партиясы мен ҚХП өкілдері белсенді жүргізді. Олардың қатарынан сайлау учаскелерінде тиісінше 700 және 200 байқаушы ұсынылды.

Биыл сайлауды бақылау мақсатында «Ел дауысы» қоғамдық қоры 950 еріктіні³², «НАҚ» қоғамдық қоры 1000-ға жуық бақылаушыны³³, «Вақула» қозғалысы 6000 бақылаушыны³⁴ және т.б. біріктірді.

Сондай-ақ сайлауды байқауды тек ел ішіндегі сайлау учаскелерінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының шетелдік елшіліктері мен өкілдіктерінде де жүргізуге болады. Көптеген қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялардың осыған дейінгі бірнеше сайлау циклдарында байқау тәжірибесі бар, бұл Қазақстандағы сайлауды тұрақты

³² «Ел дауысы» қоғамдық қоры басшысының Telegram-каналына сәйкес <https://t.me/jexenews/10793>

³³ НАҚ қозғалысының 1000 қолдаушысы сайлауды бақылаушы болады <https://orda.kz/v-ozhidanii-postanovleniya-czik-o-chem-govoryat-nablyudateli-na-predstoyashhih-vyborah/>

³⁴ Тәуелсіз бақылаушылардың «Бақыла» азаматтық қозғалысының ресми өкілі Эдуард Полетаевтың айтуынша, https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02PDwzA5FowiHePQyCAlt4Paifn8cW9Yysbv2xXigtPzwB69v601Ga=2xXigtPzwB69v601Ga=

бақылау институтының қалыптасуын көрсетеді.

Азаматтық белсенділіктің өсуімен қатар, журналистердің сайлауға деген қызығушылығы артып келеді. Мәселен, 2019 жылғы сайлау үдерісін 763 БАҚ өкілі қамтыса, 2021 жылы олардың саны 892 өкілге жетті.

Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ететін халықаралық байқау тәжірибесі де кеңінен ұсынылған. Олардың қатары да көбейді. 2021 жылғы парламенттік сайлауда 398 байқаушы аккредиттелген болса, 2022 жылғы президентті сайлауға 624 халықаралық бақылаушы қатысуда.

Олардың 532-сі 10 халықаралық ұйым, ал 92-сі 35 шет мемлекет бақылаушылары³⁵. Өз бақылаушылар топтарын жіберген халықаралық ұйымдардың қатарында ДИАҚБ/ЕҚЫҰ, ТМД, ТМД ПАА, ҰҚШҰ ПА, Түркі мемлекеттері ұйымы, ТүркПА, ШЫҰ, АӨСШК, ИЫҰ байқаушылар Миссиялары бар.

Осылайша байқаушылардың көпшілігі халықаралық ұйымдардың өкілдері болғанын атап өтуге болады. Олардың ішінде ДИАҚБ/ЕҚЫҰ Сайлауды бақылау Миссиясы (305 адам) және ТМД Байқаушылар Миссиясы (97 адам) өкілдерінің үлкен тобын жіберді.

Кесте 13. Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауына аккредиттелген халықаралық бақылаушылардың ұйым бойынша саны

Халықаралық ұйым	Саны
ДИАҚБ/ЕҚЫҰ Сайлауды бақылау Миссиясы	305
ТМД бақылаушылары миссиясы	97
ТМД Парламентаралық Ассамблеясы	67
Түркітілдес елдер парламенттік ассамблеясы (ТүркПА)	21

³⁵ Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне сәйкес <https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=7898>

Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ)	18
ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы	10
Түркі мемлекеттері ұйымының миссиясы (ОТГ)	5
Ислам ынтымақтастығы Ұйымы (ИЫҰ)	3
Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК)	3
Халықаралық Түркі академиясы (ХТА)	3
БАРЛЫҒЫ:	532

Шетелдік бақылаушылардың көпшілігі Түркия, Ұлыбритания және Канададан келген.

Кесте 14. Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауына аккредиттелген халықаралық бақылаушылардың ел бойынша саны

Елдер	Саны
Түркия	8
Ұлыбритания, Канада	әрқайсысы 7
Ресей	6
Мажарстан	5
Германия, АҚШ, Франция	әрқайсысы 4
Армения, Грузия, Молдова	әрқайсысы 3
Әзербайжан, Бельгия, Индонезия, Ирак, Италия, Қырғызстан, Латвия, Нидерланд, Сербия, Өзбекстан, Филиппин, Финляндия, Хорватия, Эстония	әрқайсысы 2
Беларусь, Иран, Литва, Норвегия, Палестина, Польша, Португалия, Румыния, Таиланд, Швеция	әрқайсысы 1

Астана және Алматы қалаларында халықаралық байқаушылардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін халықаралық байқаушылар мен шетелдік БАҚ өкілдеріне көмек көрсетілді.

ту орталықтарының жұмысы ұйымдастырылды. Халықаралық байқаушылар қазақстандық байқаушылармен кездесулер өткізіп, ОСК мен УСК жұмысын тексерді.

Сондай-ақ Қазақстанда байқау институтының нығая түскенін азаматтық қоғамның «Партиялық емес байқау орталығы» әзірлеген жаңа құжат – Байқаушылардың этикалық кодексін қабылдауы көрсетеді. Кодекс Қазақстан Президенттігіне үміткерлердің республикалық штабы байқаушылары мен сайлау барысын бақылауға қатысатын үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен «Байқаушы – дауыс берудің ашықтығының кепілі» тақырыбында өткен дөңгелек үстел барысында таныстырылды.



Әзірлеушілердің айтуынша: *«Тәуелсіз бақылаушының этикалық кодексі – 13 тармақтан тұратын қоғамдық құжат. Ол барлық міндеттерді орындауға және тәуелсіз бақылаудың бірыңғай ережелерін сақтауға бағытталған. Кодекске сәйкес, байқаушылар әрқашан саяси бейтараптылықты қатаң сақтауға, басқа ұйымдардың жұмысын құрметтеуге, қоғамдық*

бақылауды сақтауға және сайлау процесіне кедергі жасамауға тиіс»³⁶.

Бақылаушылардың этикалық кодексінің болуы әлемнің көптеген елдерінде атап өтілген. Мысалы, Ұлыбританияда сайлаушылардың жеке басының құпиясын сақтау қажеттігін, сайлау процесіне кез келген кедергі жасауға тыйым салуды, кәсібилік қағидаттарын сақтауды және басқа да талаптарды белгілейтін байқаушылар кодексі бар.

Биылғы сайлаудың тағы бір маңызды жаңалығы «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің негізінде ұйымдастырылған «Әділ сайлау үшін» штабының қызметі болды. Олардың міндеті – сайлау науқаны барысына құқықтық бақылауды қамтамасыз ету және сайлау процесіне қатысушыларға сайлау заңнамасын қолдану тәртібін түсіндіру. Осы мақсатта еліміздің барлық аймақтарында «Әділ сайлау үшін» штаб қозғалысының бөлімшелері ашылды.

Өз іс-шараларының аясында олар ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының әртүрлі форматтарын пайдаланды. Қолданылған негізгі форматтар: студенттермен және профессорлық-оқытушылық құраммен, еңбек ұжымдарымен, түрлі елді мекендердің тұрғындарымен, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерімен кездесулер, сондай-ақ дөңгелек үстелдер мен диалог алаңдарын өткізу.

Осылайша, жұртшылықтың өзін-өзі реттеуі мен өзін-өзі ұйымдастыруының бұл түрі байқаушылар институтының және халықтың сайлау мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралардың маңыздылығын тағы да көрсетеді. Мұның барлығы сайлаудың әділ өтуіне ықпал етеді.

Бақылаудың негізгі кезеңдері

Сайлауды бақылауды шартты түрде қысқа мерзімді бай-

³⁶ Байқаушының этикалық кодексі Партиялық емес бақылау орталығында ұсынылды https://baignews.kz/kodeks-etiki-nablyudatelya-prezentovali-v-tsentre-nepartiynogonablyudeniya_141239/

қау және ұзақ мерзімді байқау деп бөлуге болады. Егер ұзақ мерзімді байқау сайлау процесінің барлық кезеңдерінің мониторингін қамтыса, онда қысқа мерзімді байқау тікелей сайлау күні жүргізіледі. Ұзақ мерзімді бақылау – көп жағдайда сайлау күнін тиімді бақылаудың негізі.

Жалпы, сайлауды бақылау процесі келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) бақылаушылар желісін құру және ұйымдастыру;
- 2) сайлау процесін бақылау;
- 3) сайлау күні бақылау;
- 4) сайлаудан кейінгі іс-шаралар.

Бақылаушылар желісін қалыптастыру және ұйымдастыру кезеңінде ҰЕҰ мен саяси партиялар, ең алдымен, сайлауды бақылау процесіне қатысуға дайын белсенді азаматтарды өз қатарына тарту бойынша жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар бұл кезең бақылаушыларды дайындаумен және аймақтық желіні құрумен сипатталады.

Бірінші кезеңде барлық ұйымдардан келген байқаушылар жүйелі түрде теориялық және практикалық істер бойынша тренингтер мен курстар өткізіп, байқау ережелерін үйретіп, сайлау заңнамасын түсіндіреді.

Көптеген үкіметтік емес ұйымдар еліміздің барлық өңірлерінде семинар-тренингтерін өткізіп, сол арқылы байқаушылардың толық дайындығын қамтамасыз етті. Мәселен, бір ғана Партиялық емес байқау орталығы 80-нен астам семинар-тренинг өткізіп, онда сайлауды байқауға қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттері таныстырылып, заң бұзушылықтарды жою алгоритмі түсіндірілді.

Сайлау барысын бақылау ұйымдастыру жұмыстарын бақылауды да, үміткерлердің сайлау науқанын бақылауды да

қамтиды. Өз кезегінде, сайлауды ұйымдастыру контекстіне үміткерлерді тіркеу, сайлаушылар тізімін қалыптастыру, сайлау округтерін анықтау және т.б. жатады. Сайлау науқанының мониторингі үміткерлердің үгіт-насихат жұмыстарында сайлау заңнамасының сақталуын бағалауды қамтиды. Бақылаушылар сайлау учаскелерінің жұмысын бақылауға да, сайлауалды штабтардың жұмысына да белсене қатысты.

Осылайша, сайлау барысын бақылаудың екінші кезеңінде байқаушылар белсенді түрде сайлау учаскелерін аралап, үміткерлердің штабтарымен кездесулер өткізіп, өңірлердегі сайлау инфрақұрылымының дайындығын тексерді.

«Ел дауысы» қоғамдық қоры басшысы Джексенова А телеграм-каналынан диаграмма³⁷



³⁷ <https://t.me/jexenews/10758>

Үгіт науқаны кезеңінде байқаушылар барлық үміткерлерге тең жағдай мен мүмкіндіктердің қамтамасыз етілуін де сараптады. «Ел дауысы» Қоғамдық қоры үгіт-насихат материалдарын тең деңгейде таратуды қадағалау мақсатында әлеуметтік желілердегі парақшаларында республикалық телеарналар мен интернет желісіндегі мониторингтің аралық нәтижелерін мерзімді түрде жариялап отырды.

Дауыс беру күнін бақылау тікелей сайлау учаскелерінде немесе ілеспе тасымалданатын жәшіктер болған жағдайда учаскеден тыс жерде жүзеге асырылады. Осы кезеңде мыналарды бақылау қамтылады: УСК ашылу ережелерінің сақталуы, оның жабдықталуы, үгіт материалдарының бар-жоқтығы, бюллетеньдерді беру барысы, дауыс беру және санау процесі.

Қоғамдық ұйымдардың көпшілігі еліміздің аймақтарын барынша қамтуға қол жеткізді. Мысалы, BAQYLA азаматтық қозғалысы 3000 сайлау учаскесінде сайлауды бақылауды қамтамасыз етті. Олардың орталық штабы Алматыда болса, аймақтық штабтары еліміздің 26 қаласында орналасты.

Жалпы, түрлі қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың байқаушылары жұмыс басынан бастап дауыстарды санау аяқталғанға дейін еліміздің барлық 10 101 ашық сайлау учаскесінде болды.

Айта кетерлік жайт, «бақылаушы» ұйымдар әлеуметтік желілер арқылы орталықтан өз ұйымдарының байқаушылары қатысатын сайлау учаскелеріндегі сайлауға қатысудың жай-күйі туралы белгілі бір уақытта хабар беріп отырды. Бұл тәжірибе сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығына ықпал етті.

Сайлаудан кейінгі қызмет мониторинг нәтижелері бойынша есеп дайындаумен сипатталады. Байқауға қатысатын

ұйымдардың көпшілігі баяндаманы дайындаумен қатар, сайлауды байқау нәтижелері бойынша есеп беру баспасөз конференцияларын ұйымдастырады.

Жалпы, байқаушылардың жұмысы әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді түрде көрсетілді. Бұл – байқау институтының бір бөлігі болып табылатын бүкіл сайлау үдерісінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етудің маңызды факторы.

Қоғамдық ұйымдар республикалық және облыстық деңгейдегі телерадиохабарларында сөз сөйлеп, электронды және баспа БАҚ-та тұрақты жарияланымдармен қатар, сайлауды байқау мәселесіне назар аудару мақсатында ұйымдастыру шараларына белсене кірісті. Осылайша, «Ел дауысы» қоғамдық қоры тәуелсіз бақылаушыларды қолдау мақсатында «Біз сені бақылап отырмыз» ұранымен автошеру өткізді.

Бақылау ел ішінде де, шетелде де сайлау жүйесіне деген сенімді арттыруға бағытталған сайлау процесінің маңызды бөлігі бола отырып, қазақстандық сайлаудың мызғымас бөлігіне айналып, оның ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ететінін атап өтуге болады.

5.2. Сайлауалды электоралды зерттеулер

Сайлаушылардың сайлау алдындағы әлеуметтанулық зерттеулері сайлаудан сайлауға дейінгі бүкіл сайлау кезеңін әлеуметтанулық сүйемелдеу жөніндегі жұмыстың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл **үш негізгі индикатордың – әлеуетті сайлауға келу динамикасын, президенттікке үміткерлерді сайлау арқылы қолдау деңгейін және халықтың сайлау институтына деген сенімін бақылауға мүмкіндік береді.**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы аясында

кезектен тыс Президент сайлауы жарияланған күннен бастап өздерінің біліктілігін растаған және электоралдық зерттеулер жүргізуде тәжірибесі бар бірқатар әлеуметтанулық компаниялар сайлаушылардың электоралдық көңіл-күйін зерттеуге кірісті.

Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасына сәйкес («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 9-тармағы) сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сұрау салуды тіркелген заңды тұлғалар жүргізе алады. Олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес³⁸ қоғамдық пікірге сауалнама жүргізуде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар. Қазақстан Республикасының ОСК-ға жіберілген хабарламада сауалнамаға қатысатын және осы салада тәжірибесі бар мамандар туралы, қоғамдық пікірге сауалнама жүргізілетін өңірлер туралы, қолданылатын талдау әдістері туралы ақпарат қамтылған.

ҚР ОСК деректері бойынша 2022 жылғы 10 қарашадағы жағдай бойынша 7 заңды тұлғадан қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу туралы хабарламалар келіп түсті (кесте 15).

Кесте 15. 2022 жылғы 10 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы ОСК қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу туралы хабарлама алған заңды тұлғалардың тізбесі

№	Заңды тұлғаның атауы	Сауалнама әдісі
1.	«Қоғамдық пікір» ғылыми-зерттеу институты	бетпе-бет сұхбат, телефондық сауалнама (Computer Assisted Telephone Interviewing, CATI)

³⁸ «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заңы. Дереккөз: Нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Қазақстан Республикасы https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z950002198_

2. «АМАНАТ» партиясының Қоғамдық саясат институты бетпе-бет сұхбат, ашық жерлерде және сайлау учаскелерінде дауыс беру күні сауалнама жүргізу (exit poll)

3. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы бетпе-бет сұхбат, профильді онлайн платформа арқылы сауалнама

4. «Демократия институты» ғылыми-зерттеу бірлестігі бетпе-бет сұхбат

5. Кешенді әлеуметтік зерттеулер институты – Астана «СОЦИС-А» КЭЗИ ҚҚ ашық жерлерде және сайлау учаскелерінде дауыс беру күні сауалнама жүргізу (exit poll)

6. DAMU RG зерттеу тобы Computer Assisted Web Interviewing, CAWI

7. «Ашық қоғам» халықаралық аймақтық зерттеулер институты ашық жерлерде және сайлау учаскелерінде дауыс беру күні сауалнама жүргізу (exit poll)

Дереккөз: Қазақстан Республикасы ОСК ресми сайтындағы баспасөз хабарламасы. https://www.election.gov.kz/rus/news/releases/index.php?ID=7873&sphrase_id=44686

Осылайша, ҚР ОСК жариялаған деректерге сүйене отырып, жарияланған **7 компанияның 5-і сайлауалды зерттеу жүргізуге тартылған және 3 ұйым уәкілетті органға сайлау күні exit poll өткізілгені туралы хабарлама жіберген.**

Сайлау алдындағы зерттеулердің таңдамалы нәтижелерін социологиялық компаниялар ашық дереккөздерде жариялайды. Атап айтқанда, «**Қоғамдық пікір**» зерттеу институты (бұдан әрі – ҚПЗИ) 2022 жылғы 6-10 қазан аралығында, сон-

дай-ақ 2022 жылғы 4-6 қараша аралығында жүргізілген **2 телефон арқылы сауалнама нәтижелерін жариялады.**

«ҚазАқпарат» ХАА институттың баспасөз қызметіне сілтеме жасап жариялаған ҚПЗИ сайлау алдындағы телефон сауалнамасының мәліметтері **2022 жылғы 6 қарашадағы жағдай бойынша 2022 жылғы 20 қарашадағы президентті сайлауға сайлаушылар қатысуының ықтималдығы 71,6% болғанын көрсетеді.** Бұл дауыс беруге ниет білдірген (55,4%) және дауыс беруі әбден мүмкін деп санайтын (16,2%) адамдардың жалпы үлесі. Сауалнама жүргізу кезінде дауысы бойынша шешімге келмеген респонденттердің үлесі 18,3% құрады. Олар өздерінің қатысу ықтималдығын «50/50» деп бағалайды. 6,1% – дауыс беруге ниетті емес, шешім қабылдамағандар – 4%.

Айта кетейік, ҚПЗИ деректері бойынша, 2022 жылғы 10 қазандағы жағдай бойынша сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың 73,1% президентті сайлауға қатысуға дайын екенін мәлімдеген. Ол кезде шешімін таппаған респонденттердің үлесі 15,9% құрады. Сауалнамаға қатысқандардың 9,7%-ы дауыс беруге қатыспауға нық ниет білдірді. Респонденттердің 1,3%-ы сұраққа жауап беруге қиналған (кесте 16).

Кесте 16. «Қоғамдық пікір» ғылыми-зерттеу институтының сайлау алдындағы телефон арқылы сауалнама нәтижелері

Өткізген күні: 6-10 қазан 2022 жыл
Сауалнама әдісі: CATI

Іріктеме көлемі: 18 жастан асқан
1200 респондент

География: 17 облыс және Астана,
Алматы, Шымкент қалалары

Дәлдік: ±4%

Өткізген күні: 4-6 қараша 2022 ж
Сауалнама әдісі: CATI

Іріктеме көлемі: 18 жастан асқан
1200 респондент

География: 17 облыс және Астана,
Алматы, Шымкент қалалары

Дәлдік: ±4%

Сайлаушылардың қатысу ықтималдығы

«2022 жылдың 20 қарашасында Президент сайлауы өтеді. Сіздің президентті сайлауға қатысу мүмкіндігіңіз қаншалықты?»

Сайлаушылардың потенциалды қатысуы – 73,1%

Сайлаушылардың потенциалды қатысуы – 71,6%

Қатысу ықтималдығы
«50/50» - 18,3%

Қатысу ықтималдығы
«50/50» - 15,9%

Дауыс беруді
жоспарламаймын – 6,1%

Дауыс беруді
жоспарламаймын - 9,7%

Халықтың сайлау институтына сенімі

«2022 жылдың қарашасындағы президентті сайлау әділ өтетініне сенесіз бе, сенбейсіз бе?»

Толық сенемін – 48,3%

Толық сенемін – 65,2%

Негізінен сенемін – 27,8%

Негізінен сенемін – 19,2%

Негізінен сенбеймін – 9,0%

Негізінен сенбеймін – 6,2%

Мүлдем сенбеймін – 11,5%

Мүлдем сенбеймін – 4,8%

Жауап беру қиын – 3,4%

Жауап беру қиын – 4,6%

Үміткерлердің электоралдық қолдау деңгейі

«Алдарыңызда бюллетень бар деп елестетіп көріңіз. Осы үміткерлердің қайсысына дауыс берер едіңіз?»

Сауалнама жүргізілген кезде үміткерлердің толық тізімі белгісіз болды.

Қ. Тоқаевқа – 78,8%

Ж. Дайрабаевқа – 2,8%

Н. Әуесбаевқа – 1,8%

С. Тұрсынбековаға – 1,6%

М. Қажыкенге – 1,6%

К. Абденге – 0,8%

«Бәріне қарсымын» - 3,2%

Шешім қабылдамағандар – 9,4%

2022 жылғы 6 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстандағы сайлау институтына сайлаушылардың сенімі 65,2% деңгейінде болды. Бір ай бұрын (осы жылдың 10 қазанында) бұл көрсеткіш 48,3% құрған. Бұл сенімнің артуы кезектен тыс президентті сайлауға дайындық барысында жүргізіліп жатқан ақпараттық жұмыстың ықтимал әсерімен түсіндіруге болады.

2022 жылғы 21 қазанда Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткерлерді тіркеу аяқталып, сайлауалды үгіт-насихат кезеңі басталды. Сайлау науқаны кезеңінің екінші аптасында (2022 жылғы 4-6 қараша) өткізілген ҚПЗИ телефон арқылы сауалнама үміткер Қ. Тоқаевты қолдайтын сайлаушылардың басым болғанын атап өтуге мүмкіндік береді.

Осылайша, 2022 жылғы 6 қарашадағы жағдай бойынша, ҚПЗИ өлшемдеріне сәйкес, Қазақстандағы сайлау институтына халықтың сенімінің айтарлықтай жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл ішінара 2022 жылғы 20 қарашада өтетін кезектен тыс президентті сайлауға потенциалды қатысудың айтарлықтай жоғары деңгейін анықтайды. Потенциалды абсен-теизм деңгейі 10%-дан аспайды. «Сайлау батпағы» деп аталатын көрсеткіш 15-20% аралығында.

ҚПЗИ соңғы мәліметтеріне сәйкес, сайлау додасының көшбасшысы президенттікке үміткер Қасым-Жомарт Тоқаев екені сөзсіз. Сайлау күні оған дауыс беруге дайын екендігін сауалнамаға қатысушылардың абсолютті көпшілігі көрсетеді. Сауалнама нәтижелері бойынша, тіркелген алты үміткер үшін сайлаушылардың президентті сайлау күні беретін дауыстары келесі реттегідей болатыны болжамданды: Қасым-Жомарт Тоқаев, «Бәріне қарсымын» айдары, Жигули Дайрабаев, Нұрлан Әуесбаев, Салтанат Тұрсынбекова, Мейрам Қажыкен және Қарақат Әбден.

Заңнамалық тыйым салуды («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының

28-бабының 9-тармағы) ескере отырып, қоғамдық пікірге сауалнама нәтижелерін, сайлау нәтижелерінің болжамдарын, сайлауға байланысты өзге де ақпаратты жариялауға дауыс беру күнінен бес күн бұрын (2022 жылдың 15 қарашасынан бастап) және дауыс беру күні (20 қараша) жариялауға болмайды. «Демократия институты» зерттеу қауымдастығы және Damu Research Group бірлесіп жүргізген, 17 облыс пен 3 республикалық маңызы бар қалада тұратын 8 000 респондент қатысқан зерттеудің соңғы нәтижелері 2022 жылдың 29 қазаны мен 10 қарашасы аралығында жарияланды.



EL.KZ

Фото: gov.kz

11.11.2022 16:41

👁 177

Исследовательский институт «Общественное мнение» в период с 4 по 6 ноября этого года провел социологический опрос, передает информационное агентство [EI.kz](#) со ссылкой на пресс-службу института.

Осы әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелері сайлауға потенциалды қатысудың жоғары деңгейін көрсетті. Сауалнама жүргізілген кезде қазақстандықтардың 77,5%-ы дауыс беруге ниетті болса, оның 61,8%-ы міндетті түрде дауыс беретінін, 15,7%-ы дауыс беруі әбден мүмкін екенін айтты. 9,7% ниет білдірмеді, 12,8% шешім қабылдаған жоқ.

«Демократия институты» ҰЗА және Damu Research Group

мәліметтері бойынша, 2022 жылдың 10 қарашасындағы жағдай бойынша, Қ.К. Тоқаевқа респонденттердің 81,6% дауыс беруге дайын. Атап өткендей, Қазақстан Республикасының қазіргі президентінің жоғары қолдауы ең алдымен оның қызметін қолдаумен байланысты. Мәселен, 88,3% Қазақстан Республикасы Президентінің соңғы үш жылдағы жұмысын жалпы мақұлдайтынын атап өтті. 7,6% келіспейді, 4,1% жауап беруге қиналады.

Сауалнамаға сәйкес, жауап берушілердің 67,5%-ы Қ.К. Тоқаев бағдарламасында халықтың мүддесін ескереді деп ойлайды. Сонымен қатар сауалнама жүргізу кезінде 22,7% үміткерлердің сайлауалды бағдарламаларымен әлі таныс еместігін атап өтті.

Әлеуметтанулық сауалнамаға сәйкес, президенттікке кандидаттардың сайлау күнгі рейтингін былайша қорытындылауға болады: Қ. Тоқаев, «Бәріне қарсымын» айдары, Ж. Дайрабаева, Қ. Әбден, С. Тұрсынбекова, М. Қажыкен және Н. Әуесбаев.

5.3 Exit poll нәтижелері

Кезектен тыс Президент сайлауы аясында сайлау учаскелерінен шығу кезінде сауалнаманы (exit poll) үш ұйым жүргізді:– *«АМАНАТ» партиясының Қоғамдық саясат институты, «Астана» кешенді әлеуметтік зерттеулер институты» қоғамдық қоры «СОЦИС-А» және «Ашық қоғам» халықаралық аймақтық зерттеулер институты.*

Сайлау заңнамасына сәйкес («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 9-тармағы), қоғамдық пікірге сауалнама нәтижелерін, сайлау нәтижелерінің болжамдарын, басқа да зерттеулерді жариялау дауыс беру күніне бес күн қалғанда және дауыс беру күні сайлау өткізуге жол берілмейді. Оның үстіне сайлау

күні сайлау учаскесінде немесе сайлау учаскесінде қоғамдық пікірге сауалнама жүргізуге заңмен тыйым салынады. Осыған байланысты exit poll сайлау учаскесінен тыс шығатын жерде өткізіледі. Exit poll қорытындылары, әдетте, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының эфирінде сайлау күні өткеннен кейін, сағат 00:00-ден бастап жарияланады.

2022 жылғы кезектен тыс президент сайлауы бірқатар заңнамалық жаңалықтар енгізіле өтіп жатқанын айта кеткен жөн. 2022 жылғы 5 маусымда өткен республикалық референдумда көпшілік дауыспен қолдау тапқан конституциялық реформалардың нәтижесінде бюллетеньдерде «Бәріне қарсымын» деген баған пайда болды. Осыған орай exit poll нәтижелері үміткерлерді қолдап, дауыстардың қатысуы және бөлінуімен қатар сайлау бюллетеньдеріндегі «Бәріне қарсымын» бағанасын таңдаған сайлаушылардың үлесін білуге мүмкіндік береді.

«АМАНАТ» партиясының Қоғамдық саясат институтының exit poll нәтижелері

«АМАНАТ» партиясының exit poll әдістемесі республикалық маңызы бар барлық қалаларда – Астана, Алматы, Шымкент, сондай-ақ 17 облыс орталықтарында, 54 шағын қалада және 242 ауылда орналасқан **600 сайлау учаскесінде 70 мың сайлаушыдан сауалнама алуға негізделген.**

«АМАНАТ» партиясы ҚСИ экзит-полл қорытындысы бойынша кезектен тыс президент сайлауы күні **сайлаушылардың қатысуы 69,43%** деңгейінде болды .

«АМАНАТ» партиясының ҚСИ exit poll мәліметтері президенттікке үміткер қалған үміткерлерді жақтаған дауыстар келесідей бөлінгенін көрсетеді: Қасым-Жомарт Тоқаевқа – 85,52%, Жигули Дайрабаевқа – 2,67%, Қарақат Әбденге – 2,61%, Мейрам Қажыкенге - 2,43%, Нұрлан Әуесбаевқа - 1,93% және Салтанат Тұрсынбековаға - 1,44% (кесте 17).

Кесте 17. «АМАНАТ» партиясының Қоғамдық саясат институтының сайлау күнгі дауыстарды exit poll мәліметтері бойынша бөлуі

№	Үміткерлер	Электоралды қолдау деңгейі
1.	Қарақат Әбден	2,61%
2.	Нұрлан Әуесбаев	1,93%
3.	Жигули Дайрабаев	2,67%
4.	Мейрам Қажыкен	2,43%
5.	Қасым-Жомарт Тоқаев	85,52%
6.	Салтанат Тұрсынбекова	1,44%
7.	Бәріне қарсымын	3,40%

Ескерту: Үміткерлердің аты-жөндерінің тізімі әліпби ретімен сайлау бюллетеньдеріндегі тізімге сәйкес ұсынылады.

Дереккөз: «Amanat» ҚСИ SocioExpert Telegram каналы. Қолдану күні: 21.11.2022 ж

Осылайша сайлау додасының көшбасшысы Қ.К. Тоқаев болды. Бюллетеньдегі **«Бәріне қарсымын»** деген бағанды қазақстандықтардың **3,40%** таңдаған.

«СОЦИС-А» КӘЗИ ҚҚ Астана кешенді әлеуметтік зерттеулер институтының деректері бойынша exit poll нәтижелері

Ұйымдастырушылардың айтуынша, exit poll **31 арнаның тапсырысы** бойынша «үздіксіз ағын» әдісі бойынша жүргізілген. Сауалнамаға Қазақстан бойынша орналасқан 379 сайлау учаскесінен шыққан **482 000 сайлаушы қатысты**.

Кезектен тыс президентті сайлау күні «СОЦИС-А» КӘЗИ ҚҚ exit poll мәліметтері бойынша **сайлаушылардың қатысуы 70,6%** деңгейінде болды.

«СОЦИС-А» КӘЗИ ҚҚ exit poll қорытындысы бойынша үміткерлерді қолдау көрсеткендердің дауысы төмендегідей: Қасым-Жомарт Тоқаевқа – 85,52%, Жигули Дайрабаевқа – 2,67%, Қарақат Әбденге – 2,61%, Мейрам Қажыкенге –

2,43%, Нұрлан Әуесбаевқа – 1,93% және Салтанат Тұрсынбековаға – 1,44% (кесте 18).



Дауыс беру күні сайлау учаскелеріне келген сайлаушылардың **4,22% «Бәріне қарсымын»** дауыс берді.

Кесте 18. Сайлау күні дауыстарды exit poll мәліметтері бойынша бөлу «СОЦИС-А» КЭЗИ ҚҚ Астана кешенді әлеуметтік зерттеулер институты

№	Үміткерлер	Электоралды қолдау деңгейі
1.	Қарақат Әбден	2,84%
2.	Нұрлан Әуесбаев	2,38%
3.	Жигули Дайрабаев	3,68%
4.	Мейрам Қажыкен	2,62%
5.	Қасым-Жомарт Тоқаев	82,02%
6.	Салтанат Тұрсынбекова	2,24%

7.

Бәріне қарсымын

4,22%

Ескерту: Үміткерлердің аты-жөндерінің тізімі әліпби ретімен сайлау бюллетеньдеріндегі тізімге сәйкес ұсынылады.

Дереккөз: ИМ ҚазАқпарат https://www.inform.kz/ru/rezul-taty-tret-ego-exit-poll-za-kasym-zhomarta-tokaeva-progolosovalo-82-02-izbirateley_a4004128. Қолдану күні: 21.11.2022 ж

«Ашық қоғам» халықаралық аймақтық зерттеулер институтының мәліметі бойынша exit poll нәтижелері

«Қазақстан» РТРК» АҚ тапсырысымен «Ашық қоғам» халықаралық аймақтану институты exit poll өткізді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, президент сайлауының нәтижелеріне мониторинг «қарлы кесек» (snowball) әдісімен жүргізілген. Еліміздің барлық аймақтарында орналасқан **354 сайлау учаскесінде 304 мыңнан астам азамат** дауыс берді. Жұмысқа 1062 интервьюер тартылды.

«Ашық қоғам» АЗХИ ұйымының экзит поллына сәйкес, кезектен тыс президент сайлауы өтетін күні **сайлаушылардың қатысуы 68,7%** деңгейінде болды.

Дауыс беру күнінің соңында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша сайлаушылардың біразы Президенттікке үміткер Қ.К. Тоқаевқа дауыс берген. Оны 82,45% қолдаған (кесте 19). Ал бюллетеньдегі **«Бәріне қарсымын»** деген бағанды қазақстандықтардың **5,2%** таңдаған.

Кесте 19. Сайлау күнгі дауыстарды exit poll мәліметтері бойынша бөлу «Ашық қоғам» аймақтық зерттеулер халықаралық институты

№	Үміткерлер	Электоралды қолдау деңгейі
1.	Қарақат Әбден	2,54%
2.	Нұрлан Әуесбаев	2,17%
3.	Жигули Дайрабаев	3,33%
4.	Мейрам Қажыкен	2,23%

5.	Қасым-Жомарт Тоқаев	82,45%
6.	Салтанат Тұрсынбекова	2,08%
7.	Бәріне қарсымын	5,2%

Ескерту: Үміткерлердің аты-жөндерінің тізімі әліби ретімен сайлау бюллетеньдеріндегі тізімге сәйкес ұсынылады.

Дереккөз: ИИМ ҚазАқпарат https://www.inform.kz/ru/rezul-taty-exit-poll-za-kasym-zhomarta-tokaeva-progolosovalo-82-45-izbirateley_a4004115. Қолдану күні: 21.11.2022 ж

Үш экзит поллдың деректері әдіснамалық айырмашылықтарға қарамастан, сайлауға қатысу көрсеткіші бойынша нәтижелердің ұқсастығын көрсетеді (кесте 20).

Кесте 20. Үш ұйымның салыстырмалы exit poll нәтижелері

Тапсырыс беруші: Аманат партиясы	Тапсырыс беруші: «31 арна» ТА	Тапсырыс беруші: «Қазақстан» РТПК» АҚ
Ұйымдастырушы: Аманат партиясының ҚСИ	Ұйымдастырушы: «СОЦИС-А» КЭЗИ ҚҚ	Ұйымдастырушы: «Ашық қоғам» АЗХИ
Үлгі өлшемі: 70 мың сайлаушы 600 сайлау учаскесі	Үлгі өлшемі: 482 мың сайлаушы 379 сайлау учаскесі	Үлгі өлшемі: 304 мың сайлаушы 354 сайлау учаскесі
География: 17 облыс және Астана, Алматы, Шымкент қалалары	География: 17 облыс және Астана, Алматы, Шымкент қалалары	География: 17 облыс және Астана, Алматы, Шымкент қалалары Дәлдік: ±2%
САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ		
69,43%	70,6%	68,7%

ҚАРАҚАТ ӘБДЕННІҢ САЙЛАУ РЕЙТИНГІ

2,61%	IV	2,84%	IV	2,54%	IV
-------	----	-------	----	-------	----

НҰРЛАН ӘУЕСБАЕВТЫҢ САЙЛАУ РЕНТИНГІ

1,93%	VI	2,38%	VI	2,17%	VI
-------	----	-------	----	-------	----

ЖИГУЛИ ДАЙРАБАЕВТИҢ САЙЛАУ РЕНТИНГІ

2,67%	III	3,68%	III	3,33%	III
-------	-----	-------	-----	-------	-----

МЕЙРАМ ҚАЖЫКЕННИҢ САЙЛАУ РЕНТИНГІ

2,43%	V	2,62%	V	2,23%	V
-------	---	-------	---	-------	---

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ САЙЛАУ РЕНТИНГІ

85,52%	I	82,02%	I	82,45%	I
--------	---	--------	---	--------	---

САЛТАНАТ ТҰРСЫНБЕКОВАНЫҢ САЙЛАУ РЕНТИНГІ

1,44%	VII	2,24%	VII	2,08%	VII
-------	-----	-------	-----	-------	-----

«Бәріне қарсымын» БАҒАН

3,40%	II	4,22%	II	5,2%	II
-------	----	-------	----	------	----

Ескерту: Үміткерлердің аты-жөндерінің тізімі әліпби ретімен сайлау бюллетеньдеріндегі тізімге сәйкес ұсынылады

VI. САЙЛАУ КҮНІ

2022 жылғы 20 қарашада сайлау күні Президент сайлауы өткен Қазақстанның барлық аймақтарында сайлау учаскелері ашылды. Дауыс беру таңғы сағат 07:00-де (Астана, Алматы, Шымкентте – 06:00-де) басталып, Астана уақыты бойынша сағат 20:00-де аяқталды .

2022 жылғы 20 қарашада дауыс беру күні республикалық, облыстық және жергілікті деңгейде сайлау үдерісін сапалы ұйымдастыру қамтамасыз етілді. Осы мақсатта сайлаушылардың өздері үшін де, халықаралық байқаушылар үшін де дауыс беру үшін қажетті жағдай жасалғанын атап өткен жөн.

Тікелей тұрғылықты мекенжайы бойынша азаматтық борышын өтей алмайтын сайлаушылар үшін барлық жағдай жасалған: демалыс үйлерінде, санаторийлерде, стационарлық емдеу-профилактикалық мекемелерде, шалғай өңірлерде, мал айдау учаскелерінде, тергеу изоляторларында және уақытша ұстау изоляторларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасына тиесілі және сайлау күні жүзетін кемелерде тапсыруға болады.

Сайлауға қатысу

Қазақстан Республикасы ОСК мәліметі бойынша, сайлау учаскелерінде учаскелік комиссия мүшелерінің сайлаушыларға берген бюллетеньдерін алдын ала санау негізінде **2022 жылғы 20 қарашада елорда уақытымен сағат 22:00-дегі жағдай бойынша сайлаушылардың 69,43% бюллетені алынды.**

Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар арасында **сайлауға қатысудың ең жоғары деңгейі Жетісу өңірінде байқалды.** Мұнда бюллетеньдерді сайлаушылардың 81,42%-ы алды. Одан кейін Қызылорда (81,07%), Түркістан (80,37%) және Абай (80,18%) облыстары тұр. **Республика бойынша сайлаушылардың ең төмен қатысуы Алматы (28,72%), Астана (48,60%) және Шымкент (59,79%) қалаларында тіркелді (кесте 21).**

**Кесте 21. Дауыс берушілердің алдын ала болжамы
ҚР ОСК деректері бойынша аймақтар контекстінде**

№	АЙМАҚТАР	10:05	12:05	14:05	16:05	18:05	20:05	22:00
1	Абай облысы	25,64%	43,67%	69,32%	73,57%	78,88%	80,18%	80,18%
2	Ақмола облысы	21,21%	40,13%	51,04%	71,38%	75,82%	78,87%	78,87%
3	Ақтөбе облысы	26,66%	44,48%	53,21%	68,81%	71,23%	72,20%	72,81%
4	Алматы облысы	20,12%	25,83%	40,85%	55,11%	70,92%	72,10%	72,10%
5	Атырау облысы	25,03%	40,42%	52,56%	60,87%	67,88%	70,87%	70,87%
6	Батыс Қазақстан облысы	20,86%	27,55%	43,85%	54,62%	64,77%	67,77%	68,67%
7	Жамбыл облысы	23,27%	41,29%	52,74%	68,74%	77,27%	79,57%	79,57%

№	АЙМАҚТАР	10:05	12:05	14:05	16:05	18:05	20:05	22:00
8	Жетісу аймағы	25,58%	42,18%	52,17%	68,88%	77,08%	81,43%	81,42%
9	Қарағанды облысы	32,27%	44,99%	53,75%	71,89%	77,80%	78,39%	78,39%
10	Қостанай облысы	26,97%	42,87%	53,15%	71,38%	77,56%	79,28%	79,28%
11	Қызылорда облысы	29,41%	43,46%	59,18%	72,88%	77,20%	80,31%	81,07%
12	Маңғыстау облысы	25,20%	41,19%	53,40%	59,61%	64,57%	66,18%	66,99%
13	Павлодар облысы	27,90%	44,23%	52,55%	72,73%	77,12%	77,58%	77,58%
14	Солтүстік Қазақстан облысы	27,33%	43,64%	53,10%	72,21%	77,46%	78,24%	79,01%
15	Түркістан облысы	27,03%	64,21%	76,61%	80,09%	80,25%	80,37%	80,37%
16	Ұлытау облысы	27,81%	52,22%	68,32%	72,75%	74,45%	75,48%	75,48%
17	Шығыс Қазақстан облысы	23,17%	41,86%	52,99%	68,42%	76,81%	79,49%	79,49%
18	Астана	13,73%	19,33%	39,79%	44,39%	48,01%	48,67%	48,60%
19	Алматы қаласы	8,42%	16,89%	24,17%	26,19%	27,93%	28,72%	28,72%
20	Шымкент	30,92%	34,41%	51,69%	56,28%	59,56%	59,79%	59,79%

Дереккөз: <https://www.election.gov.kz/> ресми сайтында жарияланған Қазақстан Республикасы ОСК баспасөз-релиздері. Қолдану күні: 21.11.2022 ж

2022 жылғы 21 қарашада, елорда уақыты бойынша сағат 11:00-де ҚР ОСК Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына **сайлаушылардың қатысу нәтижелерін және дауыс берудің алдын ала қорытындыларын жариялады.**

2022 жылғы 20 қарашада өткен Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында дауыстарды санау қорытындылары туралы облыстық, республикалық маңызы

бар қалалар мен астананың сайлау комиссиялары хаттамаларының электрондық көшірмелері негізінде 8 300 046 адам дауыс беруге қатысты. 2022 жылғы 20 қарашада сайлаушылардың 69,44% дауыс берді. Аймақтар бойынша сайлауға қатысу деңгейі төменде (кесте 22) көрсетілген.

Кесте 22. ҚР ОСК мәліметтері бойынша аймақтардың сайлауға қатысу деңгейі

№	АЙМАҚТАР	ДАУЫС БЕРУ
	Қазақстан Республикасы	69,44 %
1	Абай облысы	80,18%
2	Ақмола облысы	78,87%
3	Ақтөбе облысы	72,81%
2	Алматы облысы	72,10%
5	Атырау облысы	70,87%
6	Батыс Қазақстан облысы	68,67%
7	Жамбыл облысы	79,57%
8	Жетісу облысы	81,42%
9	Қарағанды облысы	78,39%
10	Қостанай облысы	79,28%
11	Қызылорда облысы	81,07%
12	Маңғыстау облысы	66,99%
13	Павлодар облысы	77,58%
14	Солтүстік Қазақстан облысы	79,01%
15	Түркістан облысы	80,37%
16	Ұлытау облысы	75,48%
17	Шығыс Қазақстан облысы	79,49%
18	Астана қаласы	48,67%
19	Алматы қаласы	28,72%
20	Шымкент қаласы	59,79%

Дереккөз: <https://www.election.gov.kz/> ресми сайтында жарияланған Қазақстан Республикасы ОСК баспасөз-релиздері. Қолдану күні: 21.11.2022 ж

20 қарашада ҚР ОСК сайлаушылардың қатысуы бойынша 9 брифинг өткізді. Барлық ақпарат мүмкіндігінше жылдам

берілді.

Дауыс беру бюллетеніне Қазақстан Республикасы Президенттігіне 6 үміткер және «Бәріне қарсымын» бағаны енгізілді. Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткерлер үшін және «Бәріне қарсымын» бағанындағы дауыстарды бөлу төменде (кесте 23) көрсетілген.

Кесте 23. Кезектен тыс президентті сайлаудың қорытындысы бойынша сайлаушылардың дауысын Қазақстан Республикасы ОСК мәліметтеріне сәйкес бөлу

	Дауыс берген сайлаушылар саны (адам)	Дауыс берген сайлаушылар үлесі (%)
Әбден Қ.Ж.	206 206	2,60%
Әуесбаев Н.С.	176 116	2,22%
Дайрабаев Ж.М.	271 641	3,42%
Қажыкен М.З.	200 907	2,53%
Тоқаев Қ.К.	6 456 392	81,31%
Тұрсынбекова С.П.	168 731	2,12%
Бәріне қарсымын	460 484	5,80%

<https://www.election.gov.kz/> ресми сайтында жарияланған Қазақстан Республикасы ОСК баспасөз-релиздері . Қолдану күні: 21.11.2022 ж

Айта кетейік, сайлау күні елордалық автобустарда жолақы тегін болды. Акция қалалық және қала маңындағы бағыттарды да қамтыды. Ішкі істер органдарының жеке құрамы күшейтілген режимде жұмыс істеді. Прокурорлардың қатысуымен түрлі құқық бұзушылықтарға, оның ішінде сайлау учаскелерінде әрекет ету үшін қосымша мобильді топтар жұмылдырылды. Құқық қорғау органдарының хабарлауынша, сайлау күні бірқатар арыз-шағымдар мен заң бұзушылықтар тіркелгенімен, жалпы алғанда, дауыс беру процесі бірқалыпты өтті.

VII . САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

7.1 Жалпы нәтижелер

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қорытынды мәліметі бойынша, сайлауға сайлаушылардың 69,44% қатысты.

Дауыс беруге қатысқан Қасым-Жомарт Тоқаев ең көп дауысқа ие болды – 81,31%. Жигули Дайрабаевқа сайлаушылардың 3,42% дауыс берді. Үшінші орында 2,6% дауыспен «Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» ҮЕҰ үміткері Қарақат Әбден орналасты.

Кесте 24. Сайлаушылар дауыстарының аймақ бойынша көрсеткіші, %

Аймақтар	Әбден	Әуесбаев	Дайрабаев	Қажыкен	Тоқаев	Тұрсынбекова	Барлығына қарсы
Қазақстан Республикасы	2,6	2,22	3,42	2,53	81,31	2,12	5,8
Абай облысы	2,59	1,96	3,06	2,02	86,62	1,37	2,38
Ақмола облысы	1,55	2,71	2,91	2,23	79,75	2,7	8,15
Ақтөбе облысы	2,17	2,42	4,82	1,05	84,32	2,37	2,84
Алматы облысы	2,73	3,54	4	4,24	79,13	2,15	4,21
Атырау облысы	3,19	1,96	2,65	2,1	78,23	2,57	9,31
Шығыс Қазақстан облысы	2,65	2,59	3,43	2,95	77,71	2,9	7,77
Батыс Қазақстан облысы	2,95	1,28	3,8	4,55	82,07	2,26	3,09
Жамбыл облысы	2,29	1,74	2,18	2,91	86,07	1,9	2,92
Жетісу облысы	2,53	3,01	3,45	2,05	84,15	2,14	2,68
Қарағанды облысы	3,15	2,03	2,51	2,61	80,04	1,87	7,8
Қостанай облысы	1,29	2,23	3,09	1,47	82,21	2,19	7,53
Қызылорда облысы	2,83	2,09	5,3	1,92	76,89	2,37	8,61
Маңғыстау облысы	2,93	1,47	5,71	1,08	76,15	2,33	10,33
Павлодар облысы	1,89	2,15	2,88	3,8	78,51	2,67	8,11
Солтүстік Қазақстан облысы	1,18	1,77	2,34	3,12	80,52	1,88	9,19

Түркістан облысы	3,48	1,42	3,06	1,94	86,63	0,9	2,56
Ұлытау облысы	2,48	1,52	2,88	1,39	84,78	1,83	5,11
Астана қаласы	2,51	1,98	3,77	3,02	80,31	2,9	5,5
Алматы қаласы	3,56	4,08	4,79	2,14	67,31	3,76	14,37
Шымкент қаласы	2,85	2,17	3,3	2,58	84,81	1,62	2,67

Сайлаушылардың 5,8% бәріне қарсымын дауыс берді. Бұл президенттікке үміткерлердің алған дауыс үлестерінен жоғары. М. Қажыкен, Н. Әуесбаев және С.Тұрсынбекова сайлаушылардың 2%-3% дауысын жинады.

7.2 Бұзушылықтар мен шағымдар

Сайлау процесіне қатысушылардың қазақстандық заңнама талаптарын сақтауы сайлау күні прокуратураның да, сотта қаралатын объектінің де назарында болды.

ОСК мәліметінше, барлығы 237 өтініш, жауап, ұсыныстар, хабарламалар түскен. Оның ішінде заңды тұлғалардан – 45, жеке тұлғалардан 152, БАҚ-тан – 40.

Құқық қорғау органдарының хабарлауынша, сайлау барысында бірнеше шағымдар мен бұзушылықтар тіркелгенімен, дауыс беру процесі тыныш өтті.

Сайлау күні прокуратура органдарына Астана қаласынан, Ақмола және Ақтөбе облыстарынан үш өтініш түсті. Бас прокуратураға түскен тағы бір өтініш ұлтаралық араздықты қоғамдық қоздыру фактісіне қатысты болғандықтан Ішкі істер министрлігіне қайта жіберілді. Ақмола облысының прокуратурасына Көкшетау қаласының тұрғындарынан дауыс беру тәртібі туралы екінші өтініш келіп түсті, ол Көкшетау қаласының аумақтық сайлау комиссиясының қарауына жіберілді.

Ақтөбе қаласындағы Астана ауданының прокуратурасына «Ұлт тағдыры қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің байқаушысынан сайлау учаскесінен негізсіз шығару фактісі бойынша үшінші өтініш келіп түсті. Бұл үндеу де Ақтөбе аумақтық сайлау комиссиясының қарауына жіберілді.

Соттарға сайлау мәселелері бойынша екі талап-арыз түсті. Жоғарғы сотқа Алматы тұрғынынан мерзімінен бұрын сайлау өткізуге қатысты шағым келіп түсті, ол сот құзыретінің болмауына байланысты кері қайтарылды. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына «Еркіндік қанаты» Қоғамдық қорының өкілі Реймерден Астана қаласы 375 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасына байқаушыны заңсыз шеттету туралы іс-әрекеттер деп тану туралы екінші талап арыз берілді. Талап арыз сотта қаралып жатыр, ол бойынша шешім әлі шығарылған жоқ.

Азаматтардың сайлау құқығын жүзеге асыруға кедергі жасау туралы арыздары мен шағымдары түскен жоқ.

Сайлау күні полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіпті сақтаумен қатар, аудандық және облыстық сайлау комиссияларына сайлау бюллетеньдері мен хаттамаларды жеткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тапсырмаларды орындады.

Еліміздің өңірлерінде комиссия төрағалары заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін полиция қызметкерлерін 18 рет сайлау учаскелеріне шақырған. Сондай-ақ сот органдарымен заңсыз митингілер ұйымдастырып, оларға қатысуға шақырған төрт адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 15 адамға қатысты әкімшілік хаттамалар сотқа жолданды.

7.3 Халықаралық және жергілікті бақылаушылардың бағалаулары

Халықаралық және отандық байқаушылар мен сайлау процесіне қатысушылар биліктің сайлауды дайындау мен өткізудегі жақсы ұйымдастырушылық жұмысын атап өтіп, қиындық туғызған оқиғалардың жоқтығын атап өтті. Бұл ретте бірқатар халықаралық бақылаушылар, оппозиция және азаматтық қоғам өкілдері тарапынан сын айтылды.

Бақылаушылардың айтуынша, 2022 жылғы президент сайлауы сәтті өтті. Алайда байқаушылар дауыс беру кезінде жекелеген бұзушылықтардың орын алғанын айтты. Олардың ішінде сайлау учаскелерінде сол жерде шешілген ұйымдастыру мәселелері, оның ішінде бақылаушылардың өздерінің көмегімен заң бұзушылықтарды есепке алу ғана емес, олардың алдын алу міндеті де болды.

Александр Братенков, Алматыдағы партиясыз бақылау орталығының өкілі: «Сайлау өте жақсы ұйымдастырылды. Жүйелік бұзылушылықтар жоқ. Сайлауға Алматы қаласының тұрғындары арасында қызығушылық байқалды. Кемшілік ретінде мен сайлау белсенділігінің жеткіліксіздігі деп санаймын. Бұның себебін анықтау қиын, бірақ 25-35% деңгейіндегі көрсеткіштер осыған дейінгі сайлауларға да тән болды»³⁹.

Бұл ретте халықаралық бақылаушылардың бағалары жалпы оң сипатқа ие. Мәселен, Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) Бас хатшысы Чжан Мин алдын ала бағалау бойынша мына жайттарды атап өтті: «Сайлау жоғары деңгейде өтті. Бақылаушылар мен комиссия мүшелері ешқандай заң бұзушылықтарды тіркеген жоқ. Комиссия мүшелерінің

³⁹ <https://almaty.tv/news/sa%C4%B1a%C3%BD-2022/2308-aleksandr-bratenkov-vybory-prezidenta-v-tselom-po-strane-proshli-dostatochno-aktivno>

біреуі толқулар болуы мүмкін деп алаңдағанына қарамастан, бәрі тыныш және тұрақты болды. Сайлау учаскелеріндегі қызметкерлер өз жұмысын кәсіби түрде атқарды» (Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Бас хатшысы)⁴⁰. Миннің әріптестері елорда мен Ақмола облысындағы сайлау учаскелеріндегі дауыс беру барысын бақылаған.

Халықаралық байқаушылар тобының үйлестірушісі Дилрабо Мансуридің айтуынша, ТМД Парламентаралық Ассамблеясының байқаушылары барған сайлау учаскелерінде барлық талаптар сақталған. Дауыс беру үшін, әсіресе мүгедектер үшін барлық жағдай жасалған. ДИАҚБ/ЕҚЫҰ бағалауында белгілі бір сыни реңктегі талқылаулар байқалды, олар пікірталастардың нысанасына айналды⁴¹.

Жалпы, президентті сайлауда өрескел заңбұзушылықтардың жоқтығын тек ҚР ОСК мен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мәліметтері ғана емес, сонымен қатар халықаралық ұйымдардың бағалаулары да растайтынын атап өтуге болады.

⁴⁰ https://www.inform.kz/ru/ispol-zovanie-cifrovyh-dokumentov-na-vyborah-otmetil-nablyudatel-ot-shos_a4004048

⁴¹ <https://kapital.kz/gosudarstvo/110576/na-dannyi-moment-narusheniy-net-nablyudateli-za-vyborami-ot-sng.html>

VIII . САЙЛАУДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢ: КҮТІЛІМДЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Президентті сайлау қорытындылары Қазақстан азаматтарының көпшілігі Қ.К. Тоқаевтың саясат пен экономиканы реформалау курсы қолдайтынын көрсетті. «Әділетті Қазақстанды» құру тиімді мемлекеттік үлгіні қалыптастырудың негізгі идеологиясы мен тұжырымдамалық негізіне айналды. Халық сенімінің жаңа мандаты Қ.К. Тоқаевқа ұлттық дамудың стратегиялық міндеттерін шешуге шоғырланатындай мүмкіндік береді.

Әлеуметтану саласындағы зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, азаматтардың көпшілігі Қ.К. Тоқаевтың сайлау науқаны кезінде сөйлеген сөздері және өткен жолдаулары мен басқа да айтылған барлық тезистерінің іс жүзінде орындалуын күтеді. Қазақстан Республикасының Президентіне сенімнің жоғары деңгейі сайлау нәтижелерін заңдастырудың, реформаларды табысты жүзеге асырудың және қойылған мақсаттарға қол жеткізудің маңызды факторы

болып табылады.

Президент сайлауы референдумда қабылданған конституциялық түзетулерді мемлекеттік басқарудың іс жүзіндегі әрекетіне енгізу мәселесіне қоғамның көңіл-күйінің көрсеткішіне айналды. Қ.К. Тоқаевқа дауыс беру арқылы сайлаушылар сайлау алдындағы уәделерінің орындалуын күтеді. Азаматтық қоғам институттарының назары осы мәселеге аударылады деп күтілуде. Сондай-ақ өтпелі кезеңдегі орталық заң шығарушы және атқарушы билік органдарының іс-әрекеттеріне ерекше назар аудару қажет. Бүкіл саяси жүйені жаңғырту процесі өзінің логикалық қорытындысына дейін жеткізілуі керек.

Қ.К. Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын іске асыру

Инаугурациядан кейін Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылға ұқсас «Әділетті Қазақстан» сайлауалды платформасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Жарлығы шығады деп күтілуде. Сондай-ақ іс-шаралар жоспарында сайлауалды штабқа үгіт науқаны кезінде азаматтардан түскен ұсыныстар да қамтылатын болады. Жалпы, білім мен денсаулық сақтаудан бастап құқық қорғау органдары мен жергілікті билікке дейін барлық салада іс-шаралар жоспарланады.

Сайлауалды тұғырнаманың әрбір тезисі келешекте республикалық жобаларға, жол карталарына және салалық министрліктер мен басқа да мемлекеттік органдардың жұмыс жоспарларына енгізіле отырып, мақсатты индикаторы бар нақты нұсқаулыққа рәсімделеді.

Қ.К. Тоқаевтың кандидатурасын қолдаған қоғамдық ұйымдар, оның ішінде «Аманат», ҚХП және «Ақ жол» саяси партиялары да сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру субъектілері болады. Атап айтқанда, «Әділетті Қазақстан» идео-

логиясы әзірленіп, мазмұнды толықтырылады деп күтілуде.

Қ.К. Тоқаевтың президенттігінен алдағы 7 жылда келесі күтілуде:

Саясат. Құқық. Қауіпсіздік.

- Саяси институттардың трансформациясы жалғасады, атап айтқанда: Конституциялық Сот жұмыс істей бастайды, Парламент пен мәслихаттар аралас (пропорционалды-мажоритарлық) жүйе бойынша жасақталады, жаңа Үкімет жасақталады, қалалар мен облыстардың әкімдерін тікелей сайлау енгізіледі.

- Құқықтық салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жалғасады, кәсіби қызметтік полиция құрылады, апелляциялық институт реформаланады, алқабилер мен медиация жүйесі нығайтылады, прокурорлық бақылау күшейтіледі.

- Армияны қаруландыру және басқару жүйелері жаңғыртылады. Қазақстанда орналасқан әскери-өнеркәсіп кешенін дамыту бойынша шаралар қабылданады.

Экономика. Қаржы. Инфрақұрылым.

- Ұлттық қордың активтерін 100 миллиард долларға дейін ұлғайту, көлеңкелі экономиканың жалпы ішкі өнімдегі үлесін 15%-ға дейін төмендету, экономикадағы мемлекеттің қатысуын 14%-ға дейін төмендету, жаңа Салық кодексін, «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңдар жетілдіріліп, 3,3 миллион азаматты жұмыспен қамту және ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу жоспарлануда.

- Транскаспий халықаралық маршрутының рөлі артады. Каспий теңізінде контейнерлік хаб құрылып, Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия және Каспий аймағы елдерімен шекаралас сауда-экономикалық орталықтар желісі ашылады; 11 мың шақырым темір жол, 8 мың республикалық маңызы

бар автомобиль жолы және 14 мың шақырым облыстық және аудандық маңызы бар жол жөнделеді.

- Мұнай өңдеу көлемі жылына 21 миллион тоннаны құрайды. Тауарлық газ ресурсы 30 миллиард м³-ге дейін артып, елді газдандыру деңгейі 60%-ға жетеді. Еліміздің дербес энергетикалық жүйесін құру жалғасады.

- 111 млн м² тұрғын үй салынып, барлық елді мекендер су қызметімен қамтылады. Цифрлық технологиялардың ел экономикасына қосатын үлесі жалпы ішкі өнімнің 1%-ын құрайды.

Білім. Денсаулық сақтау. Экология.

- Шағын қалалардағы, аудан орталықтары мен ауылдардағы 1 000 мектеп жаңғыртылып, 7 000 заманауи жаратылыстану кабинеттері ашылады. Цифрландыру мектептегі білім берудің барынша көп саласын қамтып, студенттердің шәкіртақысы екі есе ұлғаяды.

- 2027 жылға қарай денсаулық сақтау саласын қаржыландыру ішкі жалпы өнімнің 5%-ын құрайды, онкологиялық қызмет кешенді түрде жаңғыртылады, отандық дәрі-дәрмектің үлесі 50%-ды құрайды, ауылдарда 700 жаңа медициналық мекеме ашылады, денсаулық сақтау саласында цифрландыру жалғасады.

- 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жалпыұлттық бастамасы жүзеге асырыла бастайды. Жыл сайын «Самұрық-Қазына» қорының таза кірісінің 7%-ы «Қазақстан халқына» қорына аударылады. Бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдердің мерзімі ұлғаяды. 18 ай ішінде «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң қабылданады.

- Этносаралық бірлік пен конфессияаралық келісімді нығайту саясаты «Бірлік – көптүрлілікте» қағидаты бойынша жалғасын табады. Жастар саясаты туралы жаңа тұжырымдама

мен заң қабылданады.

- Зиянды заттардың шығарылуы 20%-ға азаяды, жаңа Су кодексі қабылданып, орман алқаптары 14,5 миллион гектарға дейін ұлғаяды.

Президентті сайлаудың парламентке әсері

Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына қайта сайлануына байланысты 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауда айтылғандай, **Парламент пен мәслихаттарда сайлау циклі жалғасады.** Жаңа Парламент пен мәслихаттар аралас пропорционалды-мажоритарлық жүйе бойынша жасақталады. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары парламентте 70/30, мәслихаттарда 50/50 пропорцияда құрылады. Аудандық деңгейдегі мәслихаттар толықтай мажоритарлық жүйе бойынша құрылады.

Қоғам Қ.К. Тоқаевтан **жаңа саяси партияларды тіркеу бойынша нәтижелер күтеді.** «Namyс», «Байтақ» және «Халық дербестігі» партиялары тіркелген жағдайда олардың Парламентке және/немесе мәслихаттарға мандаттар алуы күмән тудырады. Соған қарамастан, **партиялық-саяси өрісті жаңарту бағытын** Қ.К. Тоқаев өзінің саяси реформалар бағдарламасының бағыттарының бірі ретінде осы жұмысты жалғастыратын болады.

Президентті сайлауға саяси партиялардан: «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы мен Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясынан екі үміткер қатысты. Дауыс беру нәтижелері «Ауыл» және ЖСДП партияларының белгілі бір электоралдық әлеуеті бар екенін көрсетті. Партиялар оны парламенттік сайлау кезінде пайдаланады деп күтілуде. Осылайша, президентті сайлау тіркелген парламенттік емес партиялар сайлауалды тұғырнама тезистерін сынай

алатын өріске айналды. **Партиялар парламенттік сайлау циклінен өткен кезде президентті сайлау тәжірибесін ескереді**, бұл олардың Парламентке түсу мүмкіндігін арттырады немесе жергілікті заң шығарушы органдардағы өкілдіктерін кеңейтеді.

Қ.К. Тоқаевтың қоғамдық ұйымдардың кең коалициясынан үміткер ретінде ұсынылуы, бір жағынан, алдағы парламент сайлауында ешбір партияға артықшылық бермейді. Екінші жағынан, сайлау науқанында жетекші рөлді «Аманат» партиясы атқарды, оның жетекшісі Е.Ж. Қошанов Қ.К. Тоқаевтың сайлауалды штабын басқарды. Қазақстан халықтық партиясы мен «Ақ жол» Демократиялық партиясынан Қ.К. Тоқаевтың кандидатурасын қолдау **үш партияға да парламенттік мәртебесін сақтап қалуға мүмкіндік беретіні анық**. Алайда партияға жатпайтын мажоритарлық үміткерлер арқасында партиялардың мандаты азаюы мүмкін.

Сайлаудан кейінгі кезеңдегі саяси күн тәртібіндегі негізгі мәселелер:

1. Елдің саяси жүйесін реформалау және жаңғырту курсы жалғастыру.
2. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелерін институционалды және нормативті пысықтау.
3. Полиция мен армияны жаңарту.
4. Экономиканың нақты секторын әртараптандыру.
5. Әлеуметтік қорғау шараларын күшейту.

ҚОСЫМША

Президенттікке үміткерлердің сайлауалды штабтарының жетекшілері туралы ақпарат




Президенттікке үміткер Қарақат Әбденнің республикалық сайлауалды штабының жетекшісі – кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау саласының сарапшысы Арман Оразғұлов. Батыс Қазақстан облысының тумасы, бұған дейін Солтүстік Қазақстан облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы болып жұмыс істеген. Тұран-Астана университетін «заңгер» мамандығы бойынша бітірген.



Президенттікке үміткер Нұрлан Әуесбаевтың республикалық сайлауалды штабының жетекшісі – ЖСДП төрағасы Асхат Рахымжанов. Ол 2019 жылдан бері төраға, оған дейін партияның елордалық филиалын басқарған. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін 2005 жылы бітірген.



Президенттікке үміткер Жигули Дайрабаевтың республикалық сайлауалды штабының жетекшісі – Төлеутай Рахымбеков. Қарағанды облысы, Атасу ауылының тумасы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы төрағасының бірінші орынбасары, «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ басқарма төрағасы, 2019 жылғы сайлаудың президенттікке үміткері.



Президенттікке үміткер Мейрам Қажыкеннің республикалық сайлауалды штабының жетекшісі – Әбіл Кекілбаев. Бұған дейін Халықаралық азаматтық авиация ұйымының басқарма құрамында болған.




Президенттікке үміткер Қасым-Жомарт Тоқаевтың республикалық қоғамдық штабының жетекшісі – Ерлан Қошанов. 2022 жылдан бері Мәжіліс пен «Аманат» партиясының төрағасы. Қарағанды облысы, Ақсу-Аюлы ауылының тумасы. Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «экономист» мамандығы бойынша дайындаудан өтті.




Салтанат Тұрсынбекованың республикалық сайлауалды штабының жетекшісі – PR және коммуникациялар саласының маманы, NazymPR агенттігінің негізін қалаушы Назым Жанфазинова. University of International Business университетін «менеджмент» мамандығы бойынша бітірген. Бұған дейін «Dentsu Aegis» байланыс холдингінде жұмыс істеген.

Үгіт-насихат материалдары









Қарақат
ӘБДЕН


АСЫҒЫМ
АЛШЫСЫНАН
ТҮССІН!



Қарақат
ӘБДЕН

ОТБАСЫҒА, ҚОҒАМҒА,
ОТАНЫМА КЕРЕГІН
МЕН БІЛЕМІН!





СОЦИАЛЬНОЕ
ПАРТНЕРСТВО -
СИЛЬНЫЙ КАЗАХСТАН!

кандидат в президенты

МЕЙРАМ
КАЖЫКЕН



Portrait of Mairam Kazyken, a man with glasses and a mustache, wearing a suit and tie, against a background of a city skyline.



- РЕФОРМАЛАРДЫ ҚАЛАЙСЫҢ БА?
- ИӘ!
- ОНДА МАҒАН ДАУЫС БЕР.

МЕЙРАМ ҚАЖЫКЕН -
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ КАНДИДАТ.

Portrait of Mairam Kazyken, a man with glasses, wearing a white sweater, with his arms crossed, against a background of a city skyline.



ХАЛЫҚ БИЛІГІ МЕН ЕРКІН ҚОҒАМ ҮШІН!



ПРЕЗИДЕНТТІККЕ ҮМІТКЕР

НҮРЛАН ӘУЕСБАЕВ

МЕН:

- Жемқорлықпен күрес
- Олигархиясыз экономика
- Тегін медицина мен білім
- Өмір сүру сапасының стандарттарын жасақтау
- Президенттік-парламенттік басқару үлгісін орнату

ҮШІН


Нурлан Аuesбаев ЖСДП-ОСДП
 @auesbaev @osdp.kz
 auesbaev_nurlan www.osdp.kz



QR-кодты сканерлеп,
сайлауларды билдертамалық
тонік нұсбасымен таныса
алсыз!

ЖАЛПЫҢАТТЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ

Мемлекеттік тілдері: қазақ тілі мен орыс тілі. Қазақ тіліндегі нұсқасы: Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 27. Қазақстан Республикасының Конституциясының 10-бабына сәйкес құрылымдық және қызметтік сипаты бойынша ұйым.

ЗА НАРОДНУЮ ВЛАСТЬ И СВОБОДНОЕ ОБЩЕСТВО!




КАНДИДАТ В ПРЕЗИДЕНТЫ

НУРЛАН АУЕСБАЕВ

Я ВЫСТУПАЮ ЗА:

- Борьбу с коррупцией.
- Отход от олигархической экономики.
- Бесплатную медицину и образование.
- Разработку стандартов качества жизни.

• Установление президентско-парламентской формы правления.


Нурлан Аuesбаев ЖСДП-ОСДП
 @auesbaev @osdp.kz
 auesbaev_nurlan www.osdp.kz



С полной программой
вы можете ознакомиться
отсканировав QR-код

ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНАЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ



САЛТАНАТ ТҰРСЫНБЕКОВА

ҚР Президенттігіне кандидат

- 56 жаста
- Мемлекеттік және орыс тілдерін еркін меңгерген
- Қоғам қайраткері және құқық қорғаушы
- Екі баланың анасы, немеренің әжесі
- Ауылда туыл-өскен
- Көп балалы отбасында тәрбиеленген
- Мемлекеттік қызметте 20 жыл еңбек етті бар. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде, Жоғарғы Сотта және Бас прокуратурада қызмет еткен.
- 10 жыл басшылық лауазымдарды атқарды
- Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу бойынша 5 жыл тәжірибесі
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» жобасына баспашы болды
- Жобаны ЕУҰ-ның Қазақстандағы құрылымдары зорлық-зомбылықпен күресудің тиімді ұлттық стратегияларының бірі ретінде таныды.



ҚР Президенттігіне кандидат

САЛТАНАТ ТҰРСЫНБЕКОВА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

2022


“БІЛІК ҚОҒАМ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТҮІ КЕРЕК”

Салтанат Тұрсынбекова,
президенттікке кандидат



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

2022



ЖИГУЛИ ДАЙРАБАЕВ

Еңбек адамының рөлі мен маңыздылығын арттыруға, мұғалім, дәрігер және Отан қорғаушы мамандығын қастерлеуге, қызметкерлердің осы санаттарының еңбекақы деңгейінің қазіргі қажеттіліктен кем емес болуын қамтамасыз етемін.

ҚР Президенттігіне кандидат
Жигули Дайрабаевтың сайлауды
бағдарламасынан



2022
ҚАРАША
НОЯБРЯ

20

АУЫЛДАН ШЫҚТЫМ!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ КАНДИДАТ
ЖИГУЛИ ДАЙРАБАЕВТЫҢ
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Президент сайлауы - 2022: алғышарты, хроникасы және қорытындылары

Дизайн, беттеу М. Әсіл
Аудармашы А. Ауесхан

Қалып 60x84 1/16
Шартты б.т.
Гарнитура PT Sans
Тираж 500 шт.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты

010000, Астана, Бейбітшілік көшесі, 4

«Надежда 2050» баспаханасында басылған,
Көкшетау қ., Баймұқанова көшесі, 3.